Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.091.313

Қолжазба құқығында

ЖИЯШЕВА ЖАНАР ШОРАЕВНА

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Кеңесбаев С.М.,
п.ғ.д., проф.
Уайдуллақызы Э.
PhD доктор

Шетелдік кеңесші
доктор, доц.
Gokhan Atik (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 6
КІРІСПЕ 7
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 17
1.1 Ақпараттық қоғам жағдайында білім беру үдерісін жетілдірудің заманауи беталыстары 17
1.2 Ақпараттық білім ортасын жобалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы 30
1.3 «Ақпараттық білім ортасын жобалау», «ақпараттандыру» ұғымдарының құрылымы мен мәні 41
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ 56
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың бағыттары 56
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі 69
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі 84
3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР 96
3.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру 96
3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі 106
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері 131
3.4 бөлім бойынша тұжырым 144
ҚОРЫТЫНДЫ 147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 150
ҚОСЫМШАЛАР 162

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995 (10.03.2017 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) ИС BestProfi © 22.04.2016.

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы (09.10.2018 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан – 2050: бір бағыт, бір мақсат, бір болашақ» [Мәтін] // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар. – Б.1-3.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2016 жыл 1 наурыз.

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 331 б.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13182 болып тіркелді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» үлгілік оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында) Бастауыш білім беру (3-4 сыныптар). – Астана, 2016. – 34 б.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ақпарат – адамзаттың дамуы барысында еш тозбайтын, қайта жаңа сапаға өтіп, молайып отыратын өнімнің айрықша түрі.

Ақпараттық технология – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, таратудағы техникалық құралдар мен әдістердің жиынтығы, яғни әлеуметтік және техникалық басқару мүмкіндігін жетілдіру және адамдардың білімін кеңейтуде ақпаратты ұсыну.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары мен әдістерінің жиынтығы.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты талдау мен ақпарат шынайылығын тексеру, агрегациялау, іздеу мүмкіндігі. Ақпараттық сауаттылығы бар тұлға, ақпаратты тиімді түрде қолданып, өңдеп және бағалай алатын адам. Оның негізіне ақпаратты түрлі ақпарат көздерінен іздестіру, алынған ақпарат шынайылығын тексеру мен өңдеу, талдамалы нәтиже шығару болып табылады.

Ақпараттық мәдениет – бұл шынайы тетіктер мен ұстанымдар жиынтығы, этникалық және ұлттық мәдениеттің жағымды өзара әрекеттестігін қамтамасыз етіп, адамзаттың жалпы тәжірибесіне үйлесу мүмкіндіктері.

Ақпараттық орта – ақпараттың, ақпаратты тасушылардың туындауын, орын алмасуын, сақталуын, өңделуін, ұсынылуын ақпараттық жүйелердің, ақпаратттық инфрақұрылымның және басқа да құралдардың және адамның іс-әрекетін қамтамасыз ететін ақпараттың жиынтығы.

Ақпараттық білім ортасы - педагогикалық жүйе мен білім беру үдерісіне ақпараттық технологиялық құралдарды енгізуді қамтамасыз ететін кешеннің өзара ақпараттық-жүйелік интеграциясын білдіреді. Мұндағы көзделетін мақсат - педагогикалық жүйенің қызмет ету тиімділігін арттыру, мұғалім мен оқушыларды, ақпараттық қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыратын ақпараттық парадигманы іске асыру.

Әлеуметтік медиалар - адамдардың өзара ақапараттық-коммуникациялық құралдар арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Әлеуметтік медиалардың (мысалы, блогтер, Wiki ресурстары, Facebook, Twitter, MSN, Linkedin, Instagram, Skype, В контакте т.б.) өзіндік ерекшелігі – олар интернетті пайдаланушы адамдар арасында бірін-бірі іздеп табуға, үзілген байланыстарын қайтадан жалғастыруға т.б. ізгі қарым-қатынастар жасауға, жаңа субмәдениет қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобалау – білім алушылар мен педагогтердің іс-әрекетінің негізгі бөлімдерін алдын-ала өңдеу.

E-Learning – ақпараттық және электронды технологиялар көмегімен оқыту жүйесі, интернет және мультимедия көмегімен оқыту.

Blended-Learning – онлайн оқыту мен оқытушы қатысуымен оқытуды қатар жүргізуге мүмкіндік беретін білім беру амалы, аралас оқыту білім алушыға өз білім беру бағытын, уақытын, өту орнын, қарқынын дербес бағалау элементтері, сонымен қатар оқытушымен онлайн оқыту тәжірибесін кіріктіре оқытудың түрі.

IT (ақпараттық технологиялар) – ақпаратты тарату, көрсету, өңдеу, сақтау, жинақтау, іздеу әдістері мен үрдістері және осы үдерістерді іске асыру әдістері мен амалдары.

Сандық сауаттылық – интернет көздерін, сандық технологияларды тиімді және қауіпсіз қолдануға қажетті дағды мен білім жиынтығы. Сандық сауаттылық үш негізгі дағдыдан тұрады: сандық қолданыс, сандық құзыреттілік, сандық қауіпсіздік.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР БжҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БМАБО – болашақ маманның ақпараттық білім ортасы

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ЭЕМ - электронды есептеуіш машина

ЭТ - эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру

т.б. – тағы басқа

БМАБО – болашақ маманның ақпараттық білім ортасы

АБО - ақпараттық білім ортасы

ҚАР - қоғамның ақпараттық ресурсы

АР - ақпараттық ресурстар

АК - ақпараттық кеңістік

АО - ақпараттық орта

LMS - learning management system

VLE - virtual learning environment

CMS - course management system

LCMS - learning content management system

PLE - personal learning environment

ЖОО – жоғары оқу орны

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

ЭООӘК - электрондық оқу-әдістемелік кешен

СҒЗЖ – студенттің ғылыми зерттеу жұмысы

ПОҚ - профессор-оқытушы құрамы

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Бүгінгі күн адам баласынан жылдам және қалыптан тыс шешім қабылдап, тез өзгеріп жатқан өмірге бейімделе алу қабілетін талап етеді. Адамзат қоғамы өзіндік ойы қалыптасқан, сыни көзқарасы берік, алға қойылған мәселенің түп төркінін тани алатын, міндеттерді шығармашылықпен шеше алатын тұлғаны керек етіп отыр.

Қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістерінің ықпалымен күн артқан сайын қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында заманауи міндеттерді жүзеге асыратын білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың тың өзгерістер мен жаңалықтарға жылдам бейімделуі және даяр болуы болашақ маманның, соның ішінде педагог мамандардың практикалық даярлығының жеткілікті көлемі мен жоғары деңгейі арқылы өлшенеді.

Осымен байланысты педагогтердің кәсіби даярлығын жоғары деңгейге көтеру мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Халыққа Жолдауында мұғалімдер даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген болатын. Президент: «...сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Ендеше бұл ретте болашақ педагогтің бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім келуі, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығуы, кәсіби іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы, білікті маман болуы, яғни оның инновациялық дамуының алғышарттары бола алады, дегенмен де бүгінгі сұранысқа сай болашақ педагогтердің даму компоненттері ақпараттық білім, оны құру және жобалай алуы арқылы жүзеге асады [1].

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап 9-тармағында: «...оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», – деп атап көрсетілген. Мұндағы болашақ маманның өз кәсіби қызметінде мейлінше, кең әрі тиімді түрде оқытудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі жоғары, ақпараттық технологияларды енгізуге қабілетті болуын көздеп отыр. Алайда бұл айтылғандардың барлығы дерлік білім негізі қаланатын бастауыш білім саласынан бастап ұйымдастырылуы қажет деп ойлаймыз. Сондықтан болашақ бастауыш білім педагогтерінің ЖОО-да оқушының ақпараттық білім ортасын жобалай алуға кәсіби даярлануы өзекті болып отыр [2].

Қазақстан Республикасы 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында адами капиталды дамытуда педагог ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының

сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттеледі. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламадағы басты міндеттердің бірі: «Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және ғылымды цифрландыру» деп беріледі, ол өз кезегінде болашақ педагог маманның ақпараттық білім ортасын жобалай алуы мен оның маңыздылығын түсінуге алып келетіні анық [3].

Бүгінгі таңдағы ақпараттық орта құрудың өзектілігін дәлелдей түсетін нормативтік құжаттардың бірі – «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Цифрлы Қазақстан мемлекеттік бағдарламасында басты бес бағытының адами капиталды дамыту басымдығында «Орта, техникалық және жоғары кәсіби білім берудегі цифрлық сауаттылықты арттыру...» делінген, цифрлық сауаттылық – бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті деп түсіндіріледі. Ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, заманның ең маңызды білімі болатын математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назарға ие болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің келешектегі кәсіби қызметінде білім сапасын арттыруға ақпараттық ортаны жобалау арқылы жетік даярлануын күшейту қажеттілігін арттырады [4].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби жоғары деңгейге сай дайындаудың маңызды бір шарты ретінде оқу орындарындағы ақпараттық білім ортасын жобалау жұмыстарын күшейту және әрбір білім алушыны өз деңгейінде ақпараттық білім ортасын құруға дағдыландыру көзделеді.

Бізге қазіргі жағдайдағы үдерістер өз қарқынымен әсер етіп, әлемдік «COVID-19» індетінің күшеюі білім саласын түбегейлі өзгерістерге ұшыратты. Осы ретте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беру үдерісін қашықтықтан оқыту технологияларына көшіру кезінде білім сапасын қамтамасыз етудің қосымша шаралары туралы» № 135 бұйрығына сай болашақ маман үшін ақпараттық білім ортасын жобалаудың теориясы мен әдістемесін меңгеру міндеттеле келе, ақпараттық ортада білім алушыларға өздерінің болашақ мамандығы туралы түсініктерін тереңдетіп, ақпараттық білім ресурстарымен жұмыс жасау жолдарын және білімдік ақпаратты бір жүйеге түсіру заңдылықтарын, өзіндік даму траекториясына сай ақпараттық жобалауды басты құрал ретінде алға шығарды [5].

Интернетті адамзат санасы мен мәдениеті дамуындағы феномені ретінде қарастырған ғалымдар оны (интернетті) функционалды феномен емес, жүйелі феномен деп таниды. Бұл феномендік құбылысты әлем халқы 2020 жылғы наурыз айында ДДҰ пандемия жариялаған кезде шынымен таныды [6]. Интернет – барлық адамның бірімен екіншісін байланыстырып қана қойған жоқ. Әсіресе, білім беру жүйесінің де іргетасын ұстап қалды. Нақ осындай әлемдік байланысты сақтап қалған интернеттің ақпараттық білім ортасы ретінде қарастырылуы жаңа деңгейге шықты деуге болады. Бұл тұрғыда қазақстандық білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қазіргі кезеңде оқу-білім ақпараты ағынының тасқынында өзіндік бағдар жасай алу және нәтижесінде тиімді білім

беруге қол жеткізу үшін қашықтан оқыту технологияларын қолдану қажеттілігі айқындалып отыр.

Қазақстандық білім беру саласына қатысты мемлекеттік құжаттардағы аталған міндеттерді шешу, оны жүзеге асыру болашақ мамандарды сапалы оқытуға, білім мазмұнын, оқыту технологиясының, әдістемелердің жаңа тиімді деңгейлерге көтерілу, ақпараттық білім ортасын құру және студенттерді ақпараттық білім ортасын (АБО) жобалау негізінде өз шешімін табады. Осыдан кейін жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы кәсіби даярлығы мәселелерін зерттеу қажеттілігі анықталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың моделі сапалы ақпараттық білім ортасын жобалаумен тікелей байланысты болатыны педагогикалық-психологиялық, ғылыми және әдістемелік әдебиеттер мен зерттеулерді талдау барысында анықталды.

Ғылыми-теориялық әдебиет пен мектеп тәжірибесін талдау барысы бастауыш мектепте қалыптасқан білім беру жүйесі, ең алдымен, жекелеген пән мазмұнын дамытуға бағытталғанын көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларының заманауи ақпараттық-білім беру ортасында жұмыс істеу тәжірибесі жеткіліксіз екені, оған қажетті әдістемелік жүйе толыққанды қалыптаспағаны анықталды. Осындай себептердің салдары бастауыш сынып оқушыларының бұл ортаны таным мен дамытудың қажетті құралы ретінде қалай қабылдау керектігін білмеуі, оқушылардың білім алу қабілетін қалыптастыру мақсатында мұғалімдердің тиімді пайдалана білмеуі болып отыр. ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ақпараттық технологиялардың жетістіктерін барынша пайдалану, ең бастысы, болашақ маманды ақпараттық білім ортасын жобалауға дайындаудың маңызды міндеттерін қарқынды түрде шешуге тірек болады. Педагог мамандарды дайындау үдерісінде соңғы жылдары ақпараттық жүйеге деген көзқарастың күрт өзгеріп, жаңа ақпараттық технологияны, интернет пен кітапхананың электронды түрдегі ресурстарын кең пайдалану жөнінде айтылатын бұрынғы пікірлер ендігі ретте арнайы зерттеулер жүргізілуіне жол ашты деп айтуға болады. Зерттеулердегі нәтиже көрсетіп отырғанындай, білім алушылар арасында «40% уақытын қашықтан оқытуға, 40% уақытын күндіз оқытуға, қалған 20% уақытын өз бетімен білім ізденуге жұмсауы тиіс» деген қағида берік орын алып келеді [7].

Білім беру кеңістігі, әлеуметтік кеңістіктің, әлеуметтік ортаның маңызды бір бөлшегі ретінде айналасында болып жататын барлық өзгерістердің ықпалы тиіп жататын орта болып табылады. Соның ішінде ақпараттық кеңістіктің күн санап түрлі тілдегі және түрлі бағыт, сансыз мазмұндағы тасқындаған ақпараттарға толғыып жатқандығы білім беру ортасына да әсерін тигізіп отырғаны белгілі.

Сондықтан білім беру үдерісін, ол қай деңгейде болса да көпқырлы әлеуметтік құбылыс тұрғысынан қарастырудың маңызды орны ерекше болмақ. Білім беру үдерісін ақпараттандыру дегенде, электрондық оқыту, қашықтан оқыту, ашық оқыту, сонымен бірге басқа да жаңа бағыттағы оқыту формаларын

тиімділікпен қолдана білу деп түсініледі. Анықтап айтсақ, білім беру кеңістігінде, білім ортасында коммуникация жасаудың тәсілдері мен әдістерін түрлендіре отырып, білім беру үдерісі мен басқарылатын өз бетімен білім алу үдерісін біртұтас жүйеге келтіру қажеттілігі айқындала түседі.

Тәжірибеден байқағанымыздай, ақпараттық ортаны жобалаушы болашақ бастауыш сынып мұғалімі ол цифрлы педагог болуы қажет. Цифрлық технологияны жетік меңгерген педагог – ақпараттар тасқыны күшейіп отырған осы замандағы қажетті білім мазмұнын игеруге жетекшілік жасаушы субъект болып танылады.

Жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінде ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану туралы қазақстандық және шетелдік зерттеулер және әдістемелік әдебиеттер жетерлік. Жоғары оқу орнындағы білім берудің, маман даярлаудың барлық қырын ақпараттық білім арқылы жетілдіру жұмыстары болашақ педагогтың шығармашылық тұрғыдан жетілуіне де оң әсерін беріп келеді.

Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты ғылыми еңбектер мен әдебиеттер талданып, шетелдік, қазақстандық ғалымдардың зерттеулері келесі қырларынан қарастырылды:

- «Ақпараттық технологияға» түсінік және оны оқыту үдерісінде қолдану мәселесі В.П. Беспальконың [8], В.В. Давыдовтың [9], Ю.С. Брановский [10], А.А. Кузнецов [11], А.Ю. Уваров [12], Е.И. Машбиц [13], В.Е. Монахов [14], В.А. Садовничий [15], Т.А. Сергеева [16], Е.С. Полат [17], В.В. Гузеев [18], Е.Ы. Бидайбеков [19], Ж.А. Қараев [20], С.М. Кеңесбаев [21], Б.Б. Баймуханов [22], Д.М. Джусубалиева [23], С.С. Кунанбаева [24], Б.Д. Сыдықов [25], Г.Ж. Лекерова [26], М.С. Малибекова [27], Ж.Ы. Сардарова [28], С.К. Абдибекова [29], Г.С. Базарбаеваның [30] т.б. еңбектерінде терең қарастырылған;

- жалпыға бірдей компьютерлік сауаттылық, оның мәні, оқыту мазмұны мәселесі бойынша Е.Л. Гончарова [31], О.И. Кукушкина [32], Н.А. Ершов [33], Г.Б. Кочетков [34] және т.б. ғалымдар зерттеген;

- білім беру мен қоғамды ақпараттандыру үдерісінің негізгі бағыттары, ақпараттық құзыреттілікті дамыту бағыты К.К. Платонов [35], Н.В. Кузьмина [36], А.К. Маркова [37] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған;

- оқыту үдерісінде мұғалімдерді АКТ-ны пайдалануға дайындаудың мақсаты, мазмұны, ұстанымдары, психологиялық-педагогикалық негіздері жөнінде Е.А. Вьюшкина [38], В.В. Гриншкун [39], Г. Нургалиева [40], Д.Н. Кулибаева [41], Т.О. Балықбаев [42], С.Т. Мұхамбетжанова [43], А.Е. Сағымбаева [44], Ж.Ж. Нұржанова [45], А.Б. Медешова [46], Н.Т. Ермеков [47] т.б. еңбектерінде зерттелген;

- бастауыш мектепте дамыта оқытудың әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілері Ш.Х. Құрманалина [48], К.А. Аймағамбетова [49], С.Р. Рахметова [50], А.Е. Жұмабаева [51], Ә.С. Әмірова [52], Т.Қ. Оспанов [53], Қ.А. Сарбасова [54], Ж.Т. Қайыңбаев [55], Г.И.

Уәйісова [56], А.Т. Тұралбаева [57] және т.б ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан;

- бастауыш білім берудегі жаңа форматтағы докторлық зерттеулер (PhD) бойынша болашақ бастауыш сынып педагогтерінің ақпараттық-кәсіби құзіреттілігін дамыту мәселелерін Э. Уайдуллақызы [58], А.К. Оралбекова [59], Н.Т. Сартаева [60] және т.б. ғалымдар қарастырған.

Ақпараттық білім ортасы зерттеу жұмысымызда болашақ маманды дайындауда кәсіби және тұлғалық тәжірибе бере алатын, болашақ маманның өз бойындағы барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген ықылас-ынтасын тудыратын стимулдың қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасалған талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Проблеманың өзектілігін талдау жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі айқындалды:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға қоғамның жедел сұранысы мен практикада оның жүзеге асырудың теориялық негіздерінің зерттелмеуінің арасында;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауда АКТ мүмкіндіктерінің кеңдігі мен олардың теориялық, әдістемелік негіздерінің зерттелу қажеттігі арасында;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды жоғары оқу орнының оқыту үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың мәселесін анықтады, ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық негіздерін айқындау және оның тиімді әдістемесін ұсынып, практикада жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Аталған қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі бізге тақырыпты **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеудің пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері.

Зерттеудің болжамы – егер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың мәні мен құрылымы, өзара байланысы анықталып, оның әдістемелік жүйесі дайындалса, әзірленген әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен жүзеге асырылып, тәжірибеге ендірілсе, онда болашақ мамандарды оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, өйткені қалыптасқан оқушылардың ақпараттық білім ортасы қоғам сұранысын қанағаттандырады және жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық жағдайда кәсіби дамуына мүмкіндіктер қаланады.

Зерттеудің міндеттері

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негіздерін жүйелеу;

– танылған ғылыми-әдіснамалық негіздер мен жүйеленген әдістемелік негіздерін тірек ете отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың арнайы әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың арнайы әдістемесін педагогикалық эксперименттен өткізу және тиімді нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау ЖОО мен бастауыш мектеп субъектілерінің ақпараттық білім ортасының траекториясын құрудың аса маңыздылығын күн тәртібіне қойып, осы мәселені теориялық және әдістемелік тұрғыдан шешуге мүмкіндік береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға қабілетінің қалыптасуы педагог маманға қойылатын стандарттық талап деңгейіне сай келуін қамтамасыз етеді.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беру үдерісін қашықтықтан оқыту технологияларына көшіру кезінде білім сапасын қамтамасыз етудің қосымша шаралары туралы» № 135 бұйрығы; ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастауыш білім беру мәселелеріне қатысты көрсеткіш (норматив) құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (стандарттар, типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.); зерттеу тақырыбы бойынша философтардың, психологтардың, педагогтердің, ғалымдардың еңбектері; ақпараттық білім беру үдерісінде

қолдану туралы ғылыми зерттеулер мен еңбектер; бастауыш мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері.

Зерттеу кезеңдері

1-кезең (2017-2018 жж.) – зерттеу проблемасына қатысты материалдар іріктеліп, тақырыптың ішкі құрылымына қарай сұрыпталынды, қажетті дәрежеде практикалық материалдар жиналды, оларға талдау жасалды, зерттеу тақырыбымыздың шетелдік және отандық философиялық, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде, еңбектерде қарастырылу деңгейі анықталды, ғылыми аппарат негізделді. Ақпараттық білдімдік орта құру мәселесі бойынша жоғары педагогикалық оқу орындарының және бастауыш мектептер мен мұғалімдерінің, озық тәжірибелері жинақталып, қорытынды түйіндер жасалынды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы әзірленді.

2-кезең (2018-2019 жж.) – ақпараттық білім ортасы, болашақ маманның ақпараттық білім ортасы ұғымдары жан-жақты талданды. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасы қалыптасуына ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер көрсетілді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен негіздері анықталды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың арнайы әдістемелік жүйесі дайындалып оның құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды. Модельді педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыста жүзеге асыру бағдарламасы және оның өзіндік әдістемелік ерекшеліктері айқындалды. Модельдің тиімділігін тексеру үдерісінде қолданылатын элективті курс бағдарламасы жасалды. Педагогикалық эксперименттің анықтау кезеңі мен, оқу-қалыптастыру кезеңінде ұсынылған арнайы бағдарлама жүзеге асырылды, бақылау кезеңінде тағы кесінділер алынып, арнайы курс бағдарламасына қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

3-кезең (2019-2020 жж.) – тәжірибелік-эксперимент жұмысы кезеңінде қол жеткізген қорытынды нәтижелерге талдау жасалды және статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, қорытынды жасалынды. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері

– зерттеу жұмысында келесі теориялық әдістер қолданылды: талдау, жинақтау (анализ бен синтез), контент-талдау, индукция, дедукция, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, жіктеу (классификациялау), модельдеу

– зерттеу жұмысында келесі эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды: бақылау, тексеру, бағалау, сауалнама, тестілеу, диагностикалау әдістері эксперимент әдісі, математикалық статистика әдістері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: таным теориясы, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, жүйе теориясы, ақпарат теориясы, ақпараттық білім ортасы (АБО) теориясы, білім беру философиясы, коммуникация теориясы, әлеуметтану, синергия теориясы, гуманистік педагогика, тұлғалық-

бағдарлы оқыту теориясы, дидактика, жобалау теориясы, психодидактика, қашықтан оқыту теориясы, жаңа педагогикалық технологиялар теориясы.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтер мен педагогтердің зерттеулері, шетелдік және отандық педагогтердің коммуникация теориясы, ақпараттық-коммуникациялық жүйе теориясы бойынша, ақпараттық білім ортасы (АБО) мәселелеріі бойынша ғылыми зерттеулері, АБО қолдану бойынша озық тәжірибе; ғылыми мерзімді басылымдар, автордың педагогикалық және, ғылыми-зерттеу тәжірибесі.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, педагогика және психология институтының Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттері (жалпы саны –72). М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Педагогика және тарих факультетінің Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттері (жалпы саны – 68).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негізі анықталып, жүйеленді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемелік тұрғыдан негізделді;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

– психологиялық-педагогикалық кешенді әдістер негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын (АБО) жобалау деңгейін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау жүйесінің арнайы әдістемесі жасалды;

– «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

– «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құрал дайындалды;

– зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, жалпы білім беретін мектепте бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

– ақпараттық білім ортасы – көпөлшемді, студенттің болашақ маман ретінде танымдық, кәсіби педагогтік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тірек болатын ерекше білімдік орта, осымен де байланысты, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау арқылы студентті өз бойындағы кәсіби-шығармашылық потенциалды, өзінің білімі мен кәсіби дағдыларының, мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, инновациялық жобалар жасауға, өз бетімен жобалау құруға проблемалық тұрғыдан қарауға дағдыланады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау үдерісі мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастығы негізінде қарастырылады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың өзіндік шарттары сақталуы керек, олар: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау үдерісінде субъектілік ұстанымын басшылыққа алу; болашақ маманды өз бетімен педагогикалық жобалау құра білуін арнайы әдістеме арқылы белсендіру; жайлы да тиімді ақпараттық білім ортасы мен психологиялық климат құру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға дайындау үдерісінде дидактикалық тұрғыдан тиімді формалар мен әдістерді, заманауи технологияларды белсенді пайдалану; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға дайындалуын есепке алу;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі деп нақтыланады.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелерінің талқылануы:

1. Ақпараттық білім берудің нормативтік құжаттардағы орны. // «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. Алматы 2017. – Б 112-117.

2. Ақпараттық қоғамдағы білім беру жүйесін жетілдірудің қазіргі заманғы үрдістері // «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар»: Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форумының материалдары. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – Б 154-158.

3. Жоғары оқу орнында ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудың тұжырымдамалық негізі // Профессор Е.Ы. Бидайбековтың 75-жылдығына және

мектеп информатикасының 35-жылдығына арналған «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» атты IX Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. Алматы 2020. – Б. 314-318.

4. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасы моделін іске асырудың әдістемелік ерекшеліктері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №10/1(141) 2020 – Б. 132-136.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психодидактикалық аспектілері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №6/2 2020 – Б. 194-198.

6. Бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану // «Дене тәрбиесінің теорисы мен әдістемесі» ғылыми – теориялық журналы. №3 (61) 2020 – Б. 97-103

7. Teachers' Views on the Use of Information and Communication Technologies (ICT) in Education Environments // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET) Vol. 16, No. 03, 2021 Pages 261-273.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 7 еңбекте жарық көрді. Соның ішінде 3-уі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3-еуі халықаралық конференциялар материалдарында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны: диссертация нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Жұмыс жалпы 161 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 28 кесте, 34 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 189 аталымнан тұрады.

1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ақпараттық қоғам жағдайында білім беру үдерісін жетілдірудің заманауи беталыстары

Қазіргі таңда білім беру үдерісі әлемде және Қазақстанда қарқынмен даму үстінде. Ақпараттық қоғамда білімді және ғылымды жетілдірудің заманауи беталыстары ғасырдың өркениеттегі өзіндік орны тұрғысынан азаматтық қоғамның міндеттерін шешуден тұрады. Бүгінгі сандық *дәуір* студенттердің, оқушылардың, жалпы білім алушылардың үздіксіз ізденуін талап етеді. Осындай үздіксіз ізденіс дәуірі бастауыш мектеп педагогикасындағы шығармашылық мәселелерді шешудің, бастауыш мектеп педагогикасындағы инновациялық үдерістерді ынталандырудың маңыздылығын алдыңғы орынға қойып отыр. Ақпараттық дәуірде болашақ бастауыш сынып мұғалімі және оқушы қажетті білімдік-танымдық ақпаратты іздеп тауып қана қоймай, оны сыни тұрғыдан түсіне алуы, меңгеруі тиіс. Қазіргі мүмкіндіктері үлкен сандық ақпарат құралдары бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушыларының өз идеяларын тиімділікпен кең аяға жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Өйткені ақпараттық қоғам білім беру үдерісін жетілдірудің заманауи талабы ретінде білім алушылардың сандық технологияларды еркін меңгеруін қажет етеді.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне қосылуы және қазақстандық қоғамның, оның ішінде білім берудің қарқынды ақпараттандырылуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маңызды біліктерінің сенімді тұрғыдан қалыптасуын талап ретінде белгілейді, маңызды біліктердің қатарына ақпараттану, ақпаратты қолдана алу, одан туындайтын ақпараттық ортаны жобалау жатады.

Өмір сүріп отырған осы ақпараттық дәуір білім беру үдерісін ерекше қарқынмен жетілдіруге бағыт алып отырғаны анық. Оның шығу көзін білім алудың жаһандық сипатқа айналуынан деген пікірмен келісеміз. Бұл туралы ашық уикипедияда: *«Ақпараттық дәуірде* (ағылш. information age, сондай-ақ компьютерлер дәуірі немесе ақпараттық дәуір (электрондық дәуір) деп те аталады) – адамзат тарихындағы білім революциясы белгілеген дәстүрлі білім беруден ақпарат трансфертіне негізделген цифрландырылған, компьютерленген білім беруге жаһандық жағдайда ауысумен сипатталады. Сонымен бірге ақпараттық дәуір болашақ педагогтерге ақпаратты еркін жеткізуге және қабылдауға және игерілген білімге деген кез-келген ақпаратқа тез қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім беруді жетілдірудегі ақпараттық дәуірдің басталуы *сандық революциямен* байланысты, өйткені білім революциясы нақты осындай заманауи дәуірлердің орын алуына икемділігін көрсетіп отыр. Мұндағы басты идея білім берудегі сандық ғасыр немесе сандық революция ұғымымен байланысты және дәстүрлі саладан сандық салаға ауысудың салдарын қамтиды. Сандық революция ақпараттандыру арқылы ақпаратты басқаруға негізделген

білім беруді және осы тетіктер арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді», - деп көрсетілген [61].

Қазақстандық зерттеушілер білімді ақпараттандырудың және оқытудың мәселелерін бұл мәселе туралы қарастыра келіп, болашақ және бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан педагогтерге білімді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ету қажеттігін білу маңызды екенін атап көсретеді. Оның б*іріншісі* – ақпараттық және қатынастық технологияларды пайдаланып, білім беру іс-әрекетінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру, *екіншісі* – ақпараттық қоғамның талаптарына сай келетін ойлаудың жаңа типін меңгерген мамандарды даярлау сапасын арттыру. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ақпараттандыру әдістері мен құралдарының көмегімен қандай ақпараттық ресурстар бары жөнінде және қайда орналасқандығы туралы, ресурстың қолжетімділігі туралы, ол ресурсты кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында қалай пайдалануға болатыны туралы мәселелерге жауап ала білуі керек. «Қоғамның ақпараттық ресурсы» (ҚАР) деген ұғымның өзі әлеуметтік информатиканың өзекті ұғымдарының бірі болып табылады [62]. Сонымен қоса, «білім» және «ақпараттық ресурс» деген ұғымдардың мазмұны өзара жақын тұрғанын да ескеру керек.

Қазақстан Республикасының ақпараттық ресурстар туралы, олардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық құжаттары мемлекетіміздің осы бағыттағы айқын да сенімді саясатын танытады. Бұл маңызды құжаттар, қоғамның ақпараттық ресурстарының мәліметтер мен білім қоры екенін және оны мемлекеттің құндылығы екенін айқын көрсетеді.

Ақпараттық білім беруді жетілдірудің заманауи беталыстарының басым компоненттерін құрайтын көрініс – халықаралық тәжірибе көрсетіп отырған ЮНЕСКО-ның мәліметіне сәйкес 191 ел мектептерінің ұлттық деңгейде жабылуы [63].

2020 жылдың бастапқы айларынан әлем бойынша оқытудың балама түрлері ойластырылды. Қашықтан білім беру үшін сабақтарды телеарналар арқылы трансляциялау, видеосабақтарды арнайы платформаларға жүктеу, радио арқылы сабақтарды аудиотрансляциялау, электрондық пошта және пошта қызметі сынды т.б. тәсілдер пайдаланылды. Әр мемлекет қашықтан оқыту үдерісінің оқушылар мен студенттерге неғұрлым қолжетімді болуын мақсат етті. Ол үшін интернеттің, техникалық инфрақұрылымның қолжетімділік дәрежесі нақтыланып, білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңа технологияға бейімделе бастады [63,б. 194].

Пандемия уақытында қабылданған шаралар қазақстандық мектептер үшін де жаңа әрі күтпеген жағдай болды. Біріншіден, мұндай форматта білім беру үдерісінің нормативтік реттелмегендігі және нақ сондай жұмыс тәжірибесінің болмауы. Екіншіден, орта білім беру жүйесінің осындай экстремалдық жағдайға мүлде дайындықсыз екенін айқын көрсетті. Осы дағдарыс жағдайында *қашықтан оқытуға көшу стихиялы түрде болды*, әсіресе, ауылдық мектептердегі педагогтердің *ақпараттық коммуникациялық технологияларды* пайдалану деңгейінің әлсіздігі анықталды. Үшіншіден, білім берудің сыртқы

факторлары, атап айтқанда, интернет-байланыс, *инфрақұрылымдар, кері байланыс орнату* үшін қажетті жабдықтардың жетіспейтіндігі анықталды.

Төртіншіден, білім алушылардың басым көпшілігімен бір мезгілде стримингтік байланыс ұйымдастыруға жағдай жасайтын отандық *IT-платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің* және Интернет арқылы сабақ өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі айқындалды.

Осы мәселелерді шешу үшін аз уақыттың ішінде оқу материалдары мен бағдарламаларды дайындау, бейнесабақтар әзірлеу, оқытудың, бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтарын әзірлеу, педагогтер үшін оқыту курстарын өткізу және қашықтан оқыту үшін арнайы интернет-платформалардың жұмысын жеделдету бағытындағы жұмыстар жеделдете жүргізілді.

Халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО ұсынымдарын талдау барысында туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, қашықтан оқытудың технологиясының келесі бірнеше түрін бір уақытта қолдану қажеттілігі белгіленді, олар:

– интернет арқылы оқыту;

– телеарналар мен радио арқылы білім беру;

– шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Қазіргі кезде қазақстандық мектептердегі мұғалімдер үшін де, оқушы үшін де **«Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі** қолжетімді. Бұл платформаларда балалар оқу бағдарламасына сәйкес бейнесабақтарды тауып қараған соң мұғалімдерінен тапсырма алады және өткен материалдар бойынша сұрақтарға жауап береді. Қажет болған жағдайда бейнесабақты қайта қарауға және туындаған сұрақтарды мұғалімдермен талқылауға мүмкіндік бар. Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде мұғалімдер сабақтарды көбіне **Microsoft Teams, Meet by Google Hangouts** сияқты басқа да шетелдік стримингтік жүйелер арқылы ұйымдастырады.

Әлемді, барлық салаларды бір уыс еткен пандемия жағдайында ақпараттық білімдік ортаны құру, жобалау жұмыстарын жасақтау қажеттілігі туындап, олар өз кезегінде сандық технологиялар маңызын бұрынғыдан да арттыра түскені анық. Бұл ретте, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға кәсіби даяр болуы да – кезек күттірмей аз уақытты жедел шешілуі тиіс мәселе. Бұл мәселені өмір өз талаптарынан туындатып отыр.

Ақпараттық ресурстар (АР) - өзіндік ерекшелігі мол қор, оларды бірнеше түрін яғни файл, веб-сайт, сурет, бейне болсын, қоғамның барлық мүшелері бірдей пайдалана алады. Ақпараттық ресурстар ақпараттық жүйелердің, атап айтқанда, кітапханалардың, архивтердің, мәліметтер банкісінің, депозитарилердің, мұражай мұрағаттарының қорында сақталатын құжаттар ретінде құндылық болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын қалыптастыруға қатысатын ақпараттық қызмет

көрсету жүйесіндегі ақпараттық ресурстарды ұсынушылар ақпараттық өнім өндірушілер, ақпаратты сатушылар, ақпаратты пайдаланушылар болып үшке бөлінеді.

Ақпараттық кеңістік (АК) дегеніміз – ақпаратты түзумен, дайындаумен, түрлендірумен, берумен, пайдаланумен, сақтаумен байланысты әсер ететін, оның ішінде жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен өзіндік ақпаратқа әсер ететін қызмет саласы.

Ақпараттық орта (АО) дегеніміз – ақпараттың, ақпаратты тасушылардың туындауын, орын алмасуын, сақталуын, өңделуін, ұсынылуын ақпараттық жүйелердің, ақпаратттық инфрақұрылымның және басқа да құралдардың және адамның іс-әрекетін қамтамасыз ететін ақпараттың жиынтығы.

Ақпараттық білім ортасы (АБО) деген ұғым педагогикалық жүйе мен білім беру үдерісіне ақпараттық технологиялық құралдарды енгізуді қамтамасыз ететін кешеннің өзара ақпараттық-жүйелік интеграциясын білдіреді. Мұндағы көзделетін мақсат – педагогикалық жүйенің қызмет ету тиімділігін арттыру, мұғалім мен оқушыларды ақпараттық қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыратын ақпараттық парадигманы іске асыру.

Әрине, ақпараттық білім ортасын жобалауда адами қарым-қатынастың рөлі қандай болады деген мәселе де арнайы қарастыруды қажет ететіні белгілі. Сонымен бірге, ақпараттық білім ортасын жобалауда кездесуі мүмкін қателіктерге де ұрынбаудың жолын тану керек. Кейбірін атап айтсақ, өз бетімен оқу материалын іздеу, табу, орындау барысында оқушы өзінің қаншалықты дұрыс жолмен келе жатқанын білмейді, ешкіммен ақылдаса алмай, ішкі сана-сезімімен, ішкі интуициясымен жүруге дағдыланады, мұның өзі көп жағдайда қателіктерге ұрындыруы мүмкін. Яғни жанды тілдік қарым-қатынас қалай да жеткіліксіздік танытып тұратынын да оқушы білуі тиіс. Одан соң, белгілі бір тақырып бойынша оқу материалын іздеу кезінде интернетте соншалықты мол дайын контент кездескенде, оқушының тапсырманы орындауы қаншалықты тиімді және сапалы болатыны белгісіз, өйткені ақпараттың көпшілігі тез ескіріп жататыны белгілі. Бұл жағдай, оқушының білім алуы мен тәрбиесінің деңгейін, оқу мотивациясын төмендетуге алып келуі мүмкін екендігі әрдайым назарда болуы керек [64].

Негізінде, болашақ мұғалімдерді ақпараттық білім ортасын (АБО) жобалауға даярлығы олардың болашақта нақты мұғалім мамандығына кіріскен кезде оның педагогикалық қажеттілік екенін және келешек мектеп мұғалімінің барлық педагогтік әдістемелік қоры оның кәсіби кеңістігін құраушы жүйе екенін түсінуіне алып келеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің келешектегі педагогтік қызметі сапалы және тиімді жүйеге айналуы үшін, студент кезінен бастап оны кешенді ақпараттық білім кеңістігіне айналдыруға үйренуі тиіс. Ақпараттық білім кеңістігі көптеген маңызды компоненттерден құралатын жүйе болғандықтан, оның құрылымы мен жүйесін тұтас бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған, не болмаса, жекелеген мұғалімге арналған, немесе әдістемелік шығармашылық резерв ретінде анықтауға болады.

Бастауыш мектептегі ақпараттық білім ортасын жобалауда шешілуі тиіс міндеттерді былайша анықтауға болады деп ойлаймыз:

– біріншіден, бастауыш сынып мұғалімдерін университет қабырғасынан бастап ақпараттық технологияны толыққанды игеруге және оның психологиялық қиындықтарын шешуге дайындау;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану үшін соған лайықталған оқу және әдістемелік материалдарды (білім контентін) жеткілікті мөлшерде әзірлеу;

– бастауыш мектептің ақпараттық білім ортасын жобалауға материалдық және мульмедиалық құрал-жабдық тұрғысынан дайындығы деңгейін жетілдіру;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін келешекте өздері жұмыс жасайтын ұжымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың, ақпараттық білім ортасын жобалаудың көшбасшысы ретінде тәрбиелеу, соған қажетті дағдыларды студент кезінде қалыптастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары оқу орнында білім алу барысында кәсіби тұрғыдан жетілуіне олардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің қалыптасуы мен ақпараттық-білімдік кеңістік құру дағдыларына ие болуы үлкен ықпал ететіні белгілі. Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде ақпараттық-білім кеңістігі кең арналы болып қалыптасқан мұғалімнің уақытты тиімді пайдалану дағдысы қалыптасады және сабақтарының, оқушыларға тапсыратын сабақтан тыс жұмыстарының әдістемелік-дидактикалық мазмұндылығы арта түседі. Сондай жетістікке қол жеткізу үшін мұғалімнің білімдік, дидактикалық, әдістемелік ресурсты үздіксіз алып отыратын ортасы болуы керек. Ол ресурсты болашақ мұғалім қазақстандық қоғамның, тіпті тұтас адамзаттық қоғамның ақпараттық ресурстарынан алуға университет қабырғасында дағдылануы қажет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық интеллектуалдық және әлеуметтік дамыған тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалы бар ашық педагогикалық жүйе ретінде ОАБО-ны жобалау мұғалімнің ақпараттық білімдік ресурстарының, оның ішінде сандық (цифрлық) білімдік ресурстарының кешенін құруын білдіреді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын құруда тұғыр болатын жүйелер деп интеллектуалдық резервтер сақталған технологиялық құралдарды атаймыз. Мектепте білім беру үдерісінде қолданылатын технологиялық құралдардың барлық дерлік жиынтығы жинақталуы керек. Ол жиынтықта компьютерлер, мәліметтер базасы, коммуникациялық арналар/ каналдар, бағдарламалық өнімдер, кітапханалар, қағаз нұсқалы дидактикалық материалдар т.б. болады. Сонымен бірге, ақпараттық тұрғыдан әсер етуші мәдени және ұйымдастырушылық формалар, мұғалім мен оқушының ақпараттық құзыреттілігі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдаушы қызмет те мұғалімнің ақпараттық білім ортасының маңызды компоненттеріне жатады. Мұғалім мен оқушының ақпараттық құзыреттілігі дегенде, оқу-танымдық тапсырмаларды

орындату және орындау барысында маңызды орын алатын құзыреттіліктің түрі екенін атап кету керек.

Ақпараттық білім ортасын құру мәселесі жаһандық өзгерістермен, соның ішінде, ақпараттық қоғам құрылуымен, дамуымен тығыз байланысты. Ақпараттық білім ортасын құру арқылы білім беру үдерісінің сапалы деңгейге көтерілуінің сенімді іргетасы қаланады. Бастауыш мектепте білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, бастауыш сынып мұғалімі өзінің және оқушылардың ақпараттық қажеттіліктерін толтыруға, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін жетілдіруге мүмкіндіктер ашады.

Ақпараттық білім ортасын құрудың осындай дағдылар қалыптастыру мүмкіндігі білім беру саласын жақсы сапаға жеткізетін әлеуетін көрсетеді. Өйткені келешектегі білім беру үдерісі, қалай болғанда да, қоғамды ақпараттандырумен және ақпараттық білім ортасын құрумен тікелей байланысты болатыны заманның, ғылымның даму бағытынан айқын танылып отыр. Сол кезеңге алдын ала сапалы дайындық жасауды мектептен емес, мектепте білім беретін басты тұлға – болашақ мұғалімдерді дайындаудан бастаудың маңызы зор. Соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық білім ортасын жобалауға үйретудің маңызы аса үлкен.

Ең алдымен, барлық педагогикалық технологияларды айтатын болсақ, олар да ақпараттық технология болып саналады. Себебі, педагогикалық технологияның көздейтін ең басты мақсаты білімдік ақпаратты оқушыға сапалы жолмен жеткізу, оқушының қабылдауы және санасында өңдеуі болып табылады. Бұл ерекшелікті төмендегі суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Білім беру үдерісіндегі «мұғалім – оқушы» субъективтілік қатынасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасы (ОАБО) қалыптасуына ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер дегенде, бұл ұғымның аясына адамзат әрекетінің ақпараттарды жасау, өңдеу, басқаруға байланысты көптеген пәндері мен саласы кіретінін атап кету керек.

Оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялық құралдар, көбінесе, компьютерлік технологиялар, мұғалімнің оқушыға компьютердің көмегі арқылы білім ақпаратын жеткізу жүйесі болып табылады. Ол үдерістің моделі төмендегі суретте беріліп отыр.



Сурет 2 – Білім беру үдерісіндегі «мұғалім – компьютер – оқушы» субъективтілік қатынасы

Білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген бастауыш мектептегі жаңартылған білім мазмұны бойынша сауат ашу, қазақ тілі, әдебиет, математика, жаратылыстану, дүниетану, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәндерін оқыту әдістемесін дербес түрде меңгеретін студенттерге ақпараттық білім ортасын құруды үйрету арқылы біртұтас жаңа ақпараттық-коммуникациялық әдістемелік жүйені құру мүмкін болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын құруға ақпараттық білім ресурстары, технологиялық орта жиынтығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жаңартпалы оқыту педагогикалық технологиялары тегіс қатысады. Ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан маман ғана ақпараттық білім ортасын құруға, сонымен қатар, күнделікті пайдалануға, басқаруға, жетілдіруге қажетті білімі мен дағдылары қалыптасқан деп танылады.

Жоғарыда көрсетіп өткендей, «мұғалім – компьютер – оқушы» субъективтілік қатынастарынан байқалатын тиімді тұсы - мұғалім мен оқушы дербес компьютер арқылы емес, мұғалім бірнеше оқушымен ғана емес, ендігі ретте әр оқушы бір-бірімен де интерактивтік қарым-қатынасқа түсе алады. Ендеше қажетті АТ құралдары ретінде электронды оқулық, виртуалды тренажер, 3D білім құрылғылары, цифрлық білім контенттері, желілік қауымдастық сайттары және т.б. қажет етіледі.

Сонымен қатар, әрбір жеке оқушы енді білім мазмұнын тек мұғалімнен ғана емес, ақпараттық желіден тікелей ала алатын болады. Келесі суретте осы модельді көруге болады.

Сурет 3 – Білім беру үдерісінің «мұғалім – ақпараттық технологиялар – оқушы» байланысы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын құруы және басқара алуын танытатын дағдылар:

– студент болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзінің оқу үдерісін басқара алатын дағдыларды меңгереді;

– түрлі электрондық кестелерді, мәтіндерді, таныстырылымдарды жасайды және редакциялайды;

– сабақ үшін қажетті интерактивтік оқу материалдарын, білімдік ресурстарды әзірлейді және түзетеді, редакциялайды;

– оқу материалдарына қажетті мәтіндерді орналастыра алады, жүйелей алады, жинақтап, сақтай алады;

–мониторинг өткізе алады;

– электрондық оқу құралдарын әзірлеп, электрондық күнделікті басқарып, педагогикалық конференцияларға қатыса алады;

– оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты, өзара қарым-қатынасты сапалы және жедел түрде жүзеге асыра алады;

–қашықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады алады [65].

Дегенмен, ЮНЕСКО материалдарына [66] сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалау мақсатына орай жаңа ақпараттық технологиялардың мынадай жіктемесін (классификация) жасап көреміз. ЮНЕСКО тарапынан жасалынған осы жаңа ақпараттық технологиялар түрлеріне қысқаша тоқталып, олардың қазақстандық білім беру жүйесіндегі бастауыш мектеп мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға негіз болу жолдарын қарастырайық.

Білім берудің балама модельдері. Білім алудың балама моделі ұғымы білім беру жүйесінің әр деңгейі үшін тұжырымдамалық әмбебап бола

алатындығымен ерекшеленеді. Мұнда түпкі қазық архетип модель ретінде ашық білім ресурстары /ООР тұжырымдамасы алынады. Бұл модель бойынша қамтитын масштаб ауқымының үлкендігі 20 оқушысы бар шалғай ауылдық мектеп пен 1000 оқушысы бар қалалық мектептің оқушылары бірдей білім алуы керек. Байқайтынымыз, қашықтан оқыту моделіне келеді.



Сурет 4 – Ақпараттық білім ортасын жобалауға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жіктемесі

Бізге талдаулар көрсетіп отырғанындай, болашақ педагогтің ақпараттық білім ортасын жобалай алуы үшін теориялық-ақпараттық біліммен қатар педагогикалық тұрғыдан креативті ойлаудың қатар жүруі қажеттігі туындайды. Бүгінгі ақпараттық қоғамның заманауи беталысын талдай келе, біз, В.А.Кан-Калик [67], Н.Д.Никандровтың [68] жаңаша ойлау тұжырымдамасын негізге ала отырып, ақпараттық ортаны жобалаудың келесідей кезеңдерін болжап көрсетуді жөн санаймыз. Бұл айтылғанның визуалды көрінісін 5-суретте ұсынып отырмыз.

Сурет 5 – Болашақ педагогтің ақпараттық білім ортасын жобалау кезеңдері

Сонымен бірге, білім алу деңгейлерінің ортақтығы оларға ортақ мүдде құруға мүмкіндік береді деп саналады. Мысалы, топты, мектепті, колледж, университетті нақты оқыту үдерісі немесе виртуалды оқыту үдерісін құру қағидалары жалпыға бірдей болып келеді. Модельдің жұмыс жасауының тұрақтылығы қамтамасыз етіліп, орнығуы керек. Яғни білім беру моделі халықаралық немесе ұлттық қорға тәуелді болмауы керек деген ой туындайды. Себебі, болашақ педагогтерді даярлау ісінде дамудың еркіндік алаңы түсінігі бар. Жоғарыдағы біз ұсынып отырған болашақ педагогтің ақпараттық білім ортасын жобалау кезеңдері мен оны жүзеге асыру келесіде талданатын ақпараттық жүйелер мен бағдарламалардың қамтамасыз етілуінде жүзеге асады.

Білім берудің балама модельдерінің жүзеге асу жолдарын ЮНЕСКО былайша көрсетеді: виртуалды мектеп, виртуалды колледж, аралас оқыту, ресурстар негізінде оқыту, ашық білім ресурстары негізінде оқыту, бағалаудың автоматтандырылған жүйелері. Осы құжатта балама модельдердің бес архетип түрі көрсетілген, олар:

- бастауыш мектепке арналған мобильдік компьютер;
- виртуалды орта мектеп;
- ашық білімдік ресурстар колледжі;
- университеттік кешен;
- eOxbridge [69].

Мобильдік оқыту. m-learning – мобильдік оқыту мен мобильдік тестілеу тұжырымдамасы жасалып, күн артқан сайын көпшілікке кең тарап отырғанын атап өтеміз. Дегенмен, мобильдік білім алудың кейбір оң және теріс қырларын қарастырған мамандар мобильдік байланыстың білім алуда берер пайдасы көп екеніне баса назар аударады [70].

Білім берудегі бұлтты технологиялар. Қазіргі заман мұғаліміне сәт сайын өзгеріп отыратын кезеңде жұмыс істеуге тура келіп отырғаны белгілі. Мұғалімге сол өзгерістерге сай кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруға тура келеді. Педагогикалық технологиялардың, педагогика ғылымының, әдістемедегі жаңалықтардың ағыны тасқындап отырған заман талабынан қалып қоймау үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімі әрдайым өз білімін жетілдіріп отыруға, қосымша дайындыққа мүдделі болады.

Бұлтты технологиялар – біздің заманымыздың ерекше құбылысы. Бұлтты технологиялар өзінің мазмұнында орасан зор мүмкіндіктер жинақтаған, оқушылардың, мұғалімнің, ата-аналардың барлық адамдардың өзара ақпарат алмасуы және ең бастысы, жаңа білім алу мен жаңа дағдылар қалыптастырудың қазіргі заманға тән негізі деп санауға болады. Виртуалды білім ортасында, әрдайым жаңаланып отыратын қозғалыстағы, оқушының, мұғалімнің, ата-аналардың өзара қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар жүйені қолдану – білім сапасын, білімді меңгеру тиімділігін жоғарылататын қадам. Бұлтты технологияларды білім беруде қолданудың дидактикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың айтуынша, қазіргі кезде бұлтты жүйелердің төрт моделі пайдаланылады:

- жеке бұлт (private cloud);
- көпшілікке арналған бұлт (public cloud);
- гибридті бұлт (hybrid cloud);
- қоғамдық бұлт (community cloud).

Зерттеушілердің ізімен, білім беру үдерісінде қолдануда тиімділігі жоғары болатын бұлтты технологиялардың келесі мүмкіндіктерін пайдалануға болады деп санаймыз:

1) кең ауқымдағы мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауын ұйымдастыру мүмкіндігі;

2) оқушыларға да, мұғалімдерге де біріге отырып түрлі құжаттарды пайдалану және редакциялау мүмкіндігі;

3) интерактивтік сабақ тар өткізу және ұжымдық оқыту мүмкіндігі;

4) оқушылардың өз бетімен тапсырмалар орындауы, атап көрсететін болсақ, ұжымдық жобалар орындау мүмкіндігі; бұл жерде аудиторияның сыйымдылығы және сабақты өткізу уақыты деген ұғымның шектеулері болмайды [71].

Әрине, бұлтты технологияларды білім беруде пайдаланудың заңдық, нормативтік тұғырларын қоса қарастыру керектігі белгілі. Олардың әрқайсысына жеке талдаулар жүргізіп өтейік.

Білім берудегі әлеуметтік медиалар. Әлеуметтік медиалар – адамдардың өзара ақапараттық-коммуникациялық құралдар арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Әлеуметтік медиалардың (мысалы, блогтер, Wiki ресурстары, Facebook, Twitter, MSN, Linkedin, Instagram, Skype, В контакте т.б.) өзіндік ерекшелігі – олар интернетті пайдаланушы адамдар арасында бірін-бірі іздеп табуға, үзілген байланыстарын қайтадан жалғастыруға т.б. ізгі қарым-қатынастар жасауға, жаңа субмәдениет қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медиаларды мектептің білім беру үдерісіне енгізу тек оқу жоспары мен оқу бағдарламасына сәйкес еткенде ғана мүмкін болады. Медиабілім дағдыларын қалыптастыру мақсаты қойылған кезден бастап, оқушыларға желіде өзін ұстау этикеті мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды да қоса үйрету керектігі белгілі.

Егер мұғалімдердің әлеуметтік медиаларды пайдалану тәжіриесі аз болса, онда ол оқушыларға кеңес беруде алға кетпей, өз қарқынын сақтағаны дұрыс болады. Әлеуметтік медиаларды, әдетте, оқушылардың жеке өміріне қатысты деп таниды.

Қазақстандық білім беру үдерісінде әлеуметтік медиаларды қолдану мәселесі жеткілікті зерттелді деп айтуға келмейді. Мұны осы саланы зерттеуші ғалымдардың өздері де атап көрсетеді [72].

Оқу платформаларындағы жаңа АКТ. Мұндағы **«Оқу платформасы»** деген термин «сандық/цифрлық оқу ортасы» дегенді білдіреді. Бұл термин сандық ортаның құралдары мен қызмет түрлерін сипаттауда қолданылады. Оларға мысал ретінде:

- оқытуды басқару жүйесі (learning management system – LMS),
- виртуалды білім алу ортасы (virtual learning environment – VLE),
- курстарды басқару жүйесі (course management system – CMS),
- білімдік контентті басқару жүйесі (learning content management system – LCMS) жүйелерін келтіруге болады [69,б. 45].

Сонымен қатар «оқу платформасы» термині дербес білім ортасын білдіру үшін де қолданылады (personal learning environment – PLE). Білім беруге байланысты Moodle, Sakai әлеуметтік жүйелері туралы атап кетуге болады. Осының ішінде Moodle әлеуметтік жүйесі қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде қолданылады. Оқу платформаларындағы жаңа технологиялардың бір түрі ретінде Смарт-кітапты, интерактивтік кітаптарды («motion book») атауға болады.

Оқу бағдарламаларын өзгертуге арналған АКТ. Адамзат қоғамы дамыған сайын, оның жинақтаған өмірлік тәжірибесі, алдағы уақыттарға жасаған ізденіс-зерттеулері барған сайын толыға береді. Бұл даму барысы білім беру мазмұнының да уақыт өзгеруімен бірге жаңа мазмұнмен толықтырылып, өзгертіліп, жетілдіріліп тұруын қажет етеді. Заманымыздың ғылым мен технологиясы даму қарқыны мектептегі білім мазмұнын жаңалап отыруды талап еткендіктен, бұл істе де АКТ-ның өзіндік орны болатыны анық. Жаңартылған оқу бағдарламаларын әзірлеуде ондағы білім мазмұны мен қол жеткізетін нәтижелерінің арасында алшақтық болмауын көздеу – басты мәселе. Сондықтан жаңартылған оқу бағдарламаларының әрбір тінінде АКТ болмысы танылып тұруы керек. Бастауыш сынып мұғалімдері – АКТ-ны оқу бағдарламасына өздік идеясын қосып отыратын генераторлар болып табылады. Сондай оқу бағдарламалары ғана оқушыға осы өмір сүріп отырған заманауи қоршаған ортасын білдіруді көздейді. Оқушылар озық оқу платформаларын қолданып, жаңа білім жасап шығаруға еркін және сенімді қатыса алатын болады. АКТ – ұлттық құндылықтарды сақтаудың, ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізудің құралы деуге болады, алайда мұнда бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсібилігі аса қажет. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу бағдарламаларын әзірлеуге қажетті кәсіби және АКТ дағдыларын университет қабырғасынан бастап қалыптастыру көзделеді.

Білімді бағалау жүйесіндегі АКТ. Білімді бағалаудың автоматтандырылған технологиялары білім берудің сапасын жақсартуды қамтамасыз ете алады. Білім беруге кетіп жатқан шығындардың қаншалықты ақталып жатқанын таңдап тексеру арқылы анықтау мүмкін емес екенін ғалымдар мойындайды. Бағалау түрлерінің жалпы атқаратын функцияларына төмендегідей жеке-жеке тоқталып өтуді жөн санаймыз.

Ең алдымен, **PISA** – оқушыларды халықараларық бағалау бағдарламасы. Ол 70 шақты елдегі оқушылардың білімін бірыңғай метрика өлшемімен бағалайды, нәтижесі ұлттық деңгейде қарастырылады. Мәселен, *формативтік бағалау* оқушының жекелеген жетістіктерін бағалау болса, *жиынтық/суммативтік бағалау* – оқушының тәжірибесін бағалау. Бір атап кететін мәселе, бұл стандартталған бағалауда оқушыға қаншалықты пайдалы болғаны ескерілмейді.

Тестілеуді АКТ көмегімен жаңа деңгейге шығару жолдарын іздестіріп жатқан ғалымдар бұл саладағы Amazon.com тестілеуінің құнды тұстарын атап көрсетеді.

Рефракция – компьютерлік ойын түрінде оқу жағдаяттарын шешуде АКТ-ны қолдану жолы.

Краудсорсинг – көпшіліктің талқысымен өткізілген бағалау. Краудсорсинг – Қазақстандық білім беру жүйесінде әлі қолға алынбаған бағалау түрі.

Сандық/цифрлық оқыту ортасына кіріктірілген бағалау түрі электрондық оқу құралдарында, интерактивтік диктанттар жазғанда қолданылады. Ізденімдік-зерттеушілік дағдыларын алдын ала бағалау ерекшеліктері терең философиялық талдауды қажет етеді [72].

Бағалау – оқушының білім алу мотивациясын жоғарылатуы үшін қолданылатын құрал. Ендеше бағалау жүйесін ақпараттық білім ортасына орнатуға болады. Әрбір оқу әрекетінің бағаланып отыруы арқылы оқушы өз орындаған тапсырмасының қай тұсы бағаланып жатқанын біліп отыруы тиіс. Сондықтан бұл тұста ақпараттық білімдік орта бойынша бағалауда интернетті, краудсорсингті, A/B тестілеуді қолдануға болады.

Оқу әрекетін талдау жөніндегі АКТ. Бұл ұғымның пайда болуы оқу әрекетін бағалау мен оқыту жүйесін жақсарту мақсатымен байланысты. Оқу әрекетін талдаудың макро, орта, микро деңгейдегі талдау түрлері анықталған. Талдаудың өзіндік ішкі мәселелерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- мәліметтердің орасан көп болу проблемасы;
- талдау мен бағалау әдістерінің байланыстылығы мәселесі;
- талдаудан соңғы алынған мәліметтерді пайдалану этикасы [69,б. 45].

Мұндағы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби әрекеті – тұлғаның рухани және ақпараттық тұрғыдан материалдық, жеке, қоғамдық

қажеттіліктеріне жауап беретін бастауыш сынып оқушысының заманауи моделін қалыптастыруда нәтиже алу үшін жасалынатын белсенділігі.

Осы тармақшада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасы қалыптасуына ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер жан-жақты қырларынан қарастырылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау мәселесін кең ауқымда тану үшін қазіргі заманның жаңа ақпараттық технологиялары мен оларды білім алу үдерісіне енгізу жолдары қарастырылады.

Жалпы алғанда, орта білім беру саласын ақпараттандыру мәселесін зерттеген ғалымдардың пікірінше, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым мектепте білім беруді ақпараттандыру ісін дамытудың маңызды критерийі болып табылады. Бұл жұмыс маңыздылығы заманауи АКТ-нің білім мазмұнын қамтамасыз етуіндегі, оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін табудағы, педагогикалық үдерістің нәтижелерін тексерудегі орасан зор педагогикалық мүмкіндіктерімен анықталады [73].

Білім беруді ақпараттандырудың заманауи үдерісін жетілдірудегі ақпараттандырудың техникалық құралдарының жіктемесін жасау әлі де болса терең талдауларды қажет ететіні анық. Ендеше біз келесі тармақшада ақпараттық білім ортасын жобалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде қарастырылу жайына тоқталатын боламыз.

1.2 Ақпараттық білім ортасын жобалау мәселесінің ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарында дайындалып жүрген болашақ педагог маман ақпараттық-технологиялық технологияны қажет ететін, әрбір АКТ құралының өз кәсібінде маңызды орны бар екенін түсінетін, сезінетін және университет қабырғасында олардың барлығын бір жүйеге түсіріп қолдануға дағдыланған кәсіби жеке тұлға деңгейіне өсуге ұмтылыс үстінде. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды осындай деңгейге өсіруге ақпараттық білім ортасын жобалау және оны ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру игі ықпалын тигізеді.

Ақпараттық қоғамның, ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы мен дамуы және оның нәтижелері туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдау барысында адамның ойлау стилі, өмір сүру ерекшелігі, әлеуметтік кеңістікте, ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар тауып, оны ұстану мәселелерінің аса өзекті болып жатқанын, келешекте бұл мәселе асқан қажеттілікпен күн тәртібіне қойылуы мүмкін екендігі танылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау арқылы студенттің өз бойындағы кәсіби-шығармашылық әлеуетті/потенциалды, өзінің білімдік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, инновациялық жобалар жасауға, өз бетімен жобалауға проблемалық тұрғыдан қарауға деген ынтасы күшейіп, ақпараттық білім ортасын құруға дағдыланады. Өйткені ақпараттық білім ортасы – көпөлшемді, өзіндік

ұйымдасу қасиеті болатын, студенттің, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде танымдық, кәсіби, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тірек болатын ерекше білімдік орта.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық негіздерін айқындауда осы бағыттағы ғылыми еңбектерге талдау жасау жөн болады.

«Ақпараттық білім ортасын құру немесе ақпараттандыру» ұғымының біршама кеңірек анықтамасы А.П. Ершовтың еңбектерінде: «ақпараттандыру – адамзат қызметінің барлық қоғамдық елеулі түрлеріндегі шынайы, жеткілікті және уақтылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені», – деп берілеген. Оған қоса, А.П. Ершов ақпарат «қоғамның табысты даму қабілеттілігіне көп жағынан алғы шарт жасайтын, тұтас алғанда, оның стратегиялық ресурсы» болып табылатындығын атап өтті [74].

Сонымен бірге ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша да ақпараттандыру – бұл мағлұматтардың (білімнің) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды, сонымен қоса, оларды қоғамды ағымдық басқару және ары қарай жетілдіру, дамыту үшін пайдалануды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау мен тарату әдістері және жолдарын кең көлемде қолдану. Біздің түсінуімізше, бір жағынан осы айтылған екі анықтама бір-біріне қарама-қайшы емес, ал басқа жағынан адамзат қызметінің бір саласы болып табылатын білім саласын ақпараттандыруды да анықтайды. Сонымен, «білімді ақпараттандыру» ұғымын осы екі анықтаманы ыңғайластыру арқылы енгізуге болады. Білімді ақпараттандыру оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында мағлұматтардың (білімнің) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамзат қызметінің ғылыми-практикалық саласын көздейтінін негізе аламыз.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды білім беруде пайдалануды, соның ішінде қашықтан оқытуды терең зерттеген Е.С.Полаттың еңбектерінен байқайтынымыз, ғалым ақпараттың оқыту тәжірибесіндегі рөлін, оның оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік даму үдерісі ретінде қарастыру қоғамның сұранысынан туындайтынын алға қояды. Ғалым ақпарат құралдарын келесідей мүмкіндіктерді туындатады деп сипаттайды. Олар:

– әр түрлі аймақтарда немесе әр түрлі елдердегі мектептердің педагогтері мен білім алушыларына арналған бірлескен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

– ғылыми-әдістемелік орталықтарының кең шеңбер аясында білім алып жүрген адамдарға, оқушыларға кеңес беру көмегін ұйымдастыру;

– педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қашықтықтан оқыту желісін ұйымдастыру;

– өзінің мәдени деңгейін арттыру мен дүниетанымын жоғарылату мақсатында қатысушылардың қызығушылықтарына сәйкес бірлескен жобалар аясындағы сұрақтармен, тақырыптармен, түрлі ақпараттармен, идеялармен,

жоспарлармен алмасуын ұйымдастыру және т.б. мүмкіндіктерге жол ашады деді [17,б. 199]. Ғалымның пайымдауынан, зерттеулердің әлі күнге дейін маңызды болып отырғанын байқаймыз. Олай деуге негіз бар, өйткені *қашықтан оқыту желісін ұйымдастыру, ақпараттық орта жұмыстары арқылы зерттеу, мәдени деңгейін көтеру* сынды бірқатар сұрақтарды тұжырымдайды.

Біздің зерттеу тақырыбымызға біршама жақын келетін Г.Б. Ахметованың іргелі зерттеулері мен еңбектерінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің желілік даярлығын қалыптастыру әдіснамасы мен технологиясы жайындағы жүргізген іргелі зерттеу жұмысында студенттердің желілік даярлығын қалыптастыру мәселелері негізге алынады. Ғалым АКТ негізінде жоғары білім беруді ақпараттандырудың теориялық-педагогикалық негізі мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің желілік даярлығын қалыптастырудың әдістемелік қамтамасыз етілуін бәсекелестіктің шарты ретінде анықтаған [75]. Мұндағы түйінді идея *желілік даярлық, ақпараттық қатынас* және т.б. болып отыр.

Болашақ мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігі мәселесін зерттеген Н.И. Гендинаның пікірі бойынша, ақпараттық құзыреттілік дегеніміз – АКТ саласындағы маңызды білім, білік сауаттылығы. Автордың еңбектерінен байқап отырғанымыздай, педагогтердің жалпы білім беру үдерісінде ақпараттық ресурстармен жұмыс білігі, өзіне қажетті ақпараттық ресурстарды дұрыс таңдауы, білім берудегі түрлі ақпараттарды іздей алу білігі, электронды кітапхананың жұмысымен таныс болуы және жұмыс жасай алуы, *оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін ақпараттық құзыреттілік негізінде дайындау, рәсімдеу, сонымен бірге кәсіби әрекетте АКТ-ны шығармашылықпен қолдана алуы* секілді бірқатар сапалар көрініс береді [76].

С.Г. Пушков өзінің еңбектерінде ақпараттық ортаны жобалау жұмыстары ақпараттық технологиялар саласынан білім, білік, дағдыны орынды қолдана білуі арқылы ғана жүзеге асатындығы негізге алынады. Ақпараттық ортаны жобалаудың бастапқы құрамдас бөліктері ретінде *ақпаратты іздеу және жинау, ақпаратты сақтау, ақпаратты өңдеу, ақпаратты таратуды* ұсынады [77].

М.П. Лапчиктің зерттеулерінен педагог маманның ақпараттық білімді жобалауына деген білімдік қатынасын – кәсіби әрекетте тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және біліми үдерісте ақпараттық, Интернет-технологияларды қолдану деңгейін көрсететін арнайы пәндік білімді ұйымдастырудың ерекше типі деп түсіндіреді [78,б. 63].

Болашақ педагогті ақпараттық білімге даярлаудың базалық компоненттерін алгоритмдік сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, *ақпараттық сауаттылық, қолдану және технологиялық сауаттылық, ақпараттық тәртіп, компьютерлік қарым-қатынас* деп жіктейді. Ғалымның бұл тұжырымына қосыла келе, бүгінгі таңдағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің базалық білімінің критерийлері ретінде *ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық тәртіпті* айтар едік. Себебі, ақпараттық

сауаттылық болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауда өзіне сенім туғызса, екіншіден, ақпараттық тәртіп бұл белгілі бір шығармашылық жұмыстарды атқаруда кеңістікті реттеп отыратыны анық.

Н.А. Зайцева өз зерттеулерінде педагогтердің ақпараттық құзыреттілігін жаңа ақпараттық технологиялар саласында кіріккен теориялық білімдер, практикалық біліктер негізінде қызмет ететін жеке психологиялық күрделі білім мен қоғамды ақпараттандыру жағдайында мұғалімнің кәсіби әрекетке деген дайындығына себепші болатын танылған жеке қасиеттердің жинақталуы деп түсіндіреді [79]. Автордың пікірінен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы қажетті критерийлерді таңдауға мүмкіндік аламыз. Мұндағы болашақ мамандарда, ең алдымен, қажеттісі теориялық білім, ол өз кезегінде практикалық біліммен байланысады. Нақты айтқанда, ақпараттық білім беруде теория мен практиканың бірлігі қағидасы жетекші орында болады.

Н.Н. Кисельдің еңбектерінде бұл мәселе кәсіби әрекетінде тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін, білім беру үдерісінде ақпараттық технологияны меңгеру деңгейін және қолдануын көрсететін пәндік арнайы білімдерді ұйымдастыру типі деп тұжырым жасалған. Автордың пайымы бойынша, мектепте түрлі мәлімет базасымен жұмыс істеу қабілеті мен дайындығының болуы, оқу-тәрбие мақсатында АКТ-ны қолдана білуі, алынған мәліметтерді жүйелеу дайындығы мен қабілеті және жеке оқу тәсілдерін ұйымдастыруы, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауы бойынша ой-тұжырымдарын аңғарамыз [80].

Кесте 1 – Ғалымдардың еңбектеріндегі «ақпараттық білім ортасын жобалау», «ақпараттандыру» ұғымдарының контент-талдауы

Ғалымның аты-жөні	«Ақпараттық білім ортасын жобалау», «ақпараттандыру» ұғымдарының тұжырымдары	Негізгі комментарийлер
1	2	3
А. П. Ершов	«Ақпараттандыру – адамзат қызметінің барлық қоғамдық елеулі түрлеріндегі шынайы, жеткілікті және уақтылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені»; «Ақпараттық білім ортасы – қоғамның табысты даму қабілеттілігіне көп жағынан алғы шарт жасайтын, тұтас алғанда, оның стратегиялық ресурсы»	Стратегиялық ресурс
Н.Н.Кисель	Болашақ маманның кәсіби әрекетінде тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және білім беру үдерісінде ақпараттық технологияны меңгеру деңгейін және қолдануын көрсететін пәндік арнайы білімдерді ұйымдастыру типі	Жеке оқу тәсілдерін ұйымдастыруы

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Н.И.Гендина	Болашақ маманның әр алуан білімі мен біліктерін және дербес әрекеттерін ғаламдық салада қолдану, соның ішінде, ақпаратты және қазіргі ақпараттық технологияларды қарым-қатынаста, әлеуметтік ортада үздіксіз тұтыну немесе пайдалану «ақпараттық сауаттылық» сипатта болуын қолдамай, керісінше, бұл мазмұндағы адамның іс-әрекеті одан да көлемді масштабты қамтитын түсінікті «ақпараттық мәдениет» деп айта аламыз	Кәсіби әрекетте шығармашылықпен қолдану
С.М.Кеңесбаев	Ақпараттық қоғамның жеке тұлғасын дайындау, берілетін оқу материалының көлемін оқушы меңгере алатын деңгейге дейін өсіру, болашақ педагогтың зерттеу іскерлігін, тиімді шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру	Ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігі, қалыптастыру, коммуникативтік қабілеті
М.П.Лапчик	Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын жобалауындағы ақпараттық құзырлылығы – кәсіби әрекетте тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және біліми үдерісте ақпараттық, интернет-технологияларды қолдану деңгейін көрсететін арнайы пәндік білімді ұйымдастырудың ерекше типі	Алгоритмдік сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық тәртіп, компьютерлік қарым-қатынас
С.М.Кеңесбаев	Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту - болашақ мұғалімдердің ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастырудың негізгі идеялардың бірі	Берілетін оқу материалының көлемін оқушы меңгере алатын деңгейге дейін өсіру, болашақ педагогтің зерттеу іскерлігін, тиімді шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру

С.М.Кеңесбаевтың зерттеулерінен байқайтынымыз, коммуникативтік қабілетін дамыту, ақпараттық қоғамның жеке тұлғасын дайындау, берілетін оқу материалының көлемін оқушы меңгере алатын деңгейге дейін өсіру, болашақ педагогтің зерттеу іскерлігін, тиімді шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру деп даярлаудың негізгі бөліктерін атап көрсетеді [21,б. 43].

Осы орайда бүгінгі жаһандық өзгерістерге ең алдымен, ақпараттық қоғамның пайда болуы мен дамуына байланысты білім беруді ақпараттандыру негізгі мәселені, заманауи ақпараттық ортаны жобалау негізінде білім беру сапасын арттыруды, шешуге мүмкіндік береді. Білім беру үдерісінде ақпаратты өңдеудің және берудің электрондық құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыруға, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға және ақпараттық

ресурстарды адам қызметінің әртүрлі салаларында барабар пайдалануға ықпал етеді.

Т.М. Зубкованың зерттеулеріне сүйенсек, болашақ мұғалімдерді ақпараттық орта құруға даярлаудағы бастапқы кезең, бұл базалық ақпараттық құзырлылық негіздерінің қалыптасуы деп көрсетеді. Ғалымның еңбектеріндегі пайымдауларын бірнеше кезең арқылы түсінуге болады. Айталық, бірінші кезеңде жалпы кәсіби пәндер мен пәндік дайындық шеңберінде ақпараттық ортаға және оны жүзеге асыруда ақпараттық технологияларды оқыту мен өздігінен оқу үдерісінде қалыптасатын білім, біліктілік және дағды меңгеріледі. Екіншіден, ақпараттық құзырлылықтың қалыптасуы жүргізіледі, бұнда *ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби әрекетті орындауға деген қабілеті* қалыптасады [81]. Біз, бұл ретте, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы кәсіби пәндерді меңгеруде ақпараттық базаның қалыптасуы маңызды екендігін алға шығарамыз.

Жалпы білім берудің талаптарына сәйкес білім беру мекемесінің ақпараттық білім беру ортасы ақпараттық білім беру ресурстарының кешенін, оның ішінде *цифрлық білім беру ресурстарын,* технологиялық орталардың жиынтығын: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, қазіргі заманғы ақпараттық білім беру ортасында оқытуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар жүйесін қамтитыны белгілі.

Г.М.Коджаспирова мен К.В.Петровтың білімді ақпараттандыру туралы тұжырымдарын зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттерімен салыстыра келе, көңілге қонымды деп атап өткіміз келеді. Олай дейтініміз, бұл - аса күрделі үрдіс және ол белгілі уақытты және сатылап жүзеге асыруды талап етеді дей келе, бірнеше даму кезеңдерін сипаттайды. Мәселен, **ең алдымен,** қазіргі ақпараттық технологияларды жаппай меңгеру – компьютерлік сыныптарды, телекоммуникация құралдарын, интерактивті бейне, *мұғалімдер мен оқушыларды базалық дайындау* жолымен программалық құралдар және мәліметтер базасын құру; **екіншіден,** қазіргі ақпарат құралдарын оқу пәндеріне белсенді ендіру, *білім мазмұнын қайта қарау*, программалық қамсыздандыруды, компьютерлік курстарды, аудиоматериалдарды жасау; **үшінші,** үздіксіз білім беруді түбегейлі қайта құру, қашықтықтан оқытуды енгізу, *оқытудың әдістемелік негізінің алмасуы*, вербалды оқытудың аудиовизуалды оқытуға ауысуы [82] екендігін нақты көрсетеді. Ғалымдардың мұндағы негізгі ойы ақпараттық база құру арқылы ақпараттық білім алуға әдістемелік негізінің қалыптасуында болып отыр.

А.К. Мынбаеваның іргелі еңбегіндегі білім беруді ақпараттандырудың белгілері ретінде қазіргі білім беруді сипаттайтын ақпараттың үш қасиетін ерекше көрсеткен. Олар: жаңалығы, алуан түрлілігі және серпінділігі болып табылады. Ғалымның пайымдауы бойынша келесідей жіктейміз:

- жаңалық ауысады: 1) білім беру парадигмасының жаңаруы; 2) білім беру мазмұнының әрбір пәнге қатысты жаңаруы және жаңа пәндердің пайда болуы; 3) оқытудың формалары мен әдістерінің өзгеруі және т.б.;

- серпінділігі талап етеді: білімді жаңарту мен оқыту үрдісінің қарқындылығын және оқыту үрдісінде ақпарат алмасудың жеделдетілуін;

- алуан түрлілігі білім берудің диверсификациясын қамтиды. Автордың ойынша, біліми мекемелердің, қаржыландыру көздерінің, сонымен қатар оқу бағдарламаларының, жоспарларының, курстарының және т.б. диверсификациясымен сипатталады [83].

Білімді ақпараттандыру саласында жарияланған материалдарды жинақтай келе, И. Роберт мынадай қорытындыға келеді: «Білімді ақпараттандыру фактологиялық білімді механикалық түрде меңгеруден, өз бетімен жаңа білімді ала білу іскерлігін меңгеруге көшіруді қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жұмыстарды практикаға кеңінен ендіруге алғышарт құрайды». Ендеше бұл ретте мектеп экспериментінің ғылыми деңгейін жоғарлата отырып, оның әдістері мен ұйымдастыру формаларын зерттелетін ғылымдардың эксперименттi-зерттеушілік әдістеріне араластырып, оқу іс-әрекетін интеллектуалдандырып, ақпаратпен жұмыс істеудің қазіргі әдістеріне араластыруды қамтамасыз етеді» [84].

Ақпараттық технологияларды бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне енгізу бойынша И. Белавина: «Компьютердің жаңалығының мәні онымен өзара әрекет етуде ерекше көтеріңкі көңіл-күй сезіміне толы. Бұл іс-әрекеттің интеллектуалды құрамы үшін ғана емес, сонымен бірге анықталған ынталы-тұлғалық білім үшін де қолайлы жағдай туғызады». Автор бұған қоса, компьютермен жұмыс ересек адаммен немесе құрбысымен ынтымақтастықтың қажеттілігін қалыптастырады», - деген тұжырымға келеді [85].

Ақпараттық қоғамды *«оқып-үйренуші қоғам»* деп те атайды, оған негіз болатындар: өндіріс саласы мен ақпаратты, білімді тұтынудағы түбегейлі өзгерістер. Оның басты мәні келесілерге келіп түйіседі:

- ақпарат және білім - қоғамды дамытудың негізгі күші;

- жаңалық, тез өтімділік, жеделділік - өмірдің аса сипаттамалық белгілері;

- өндірістік, сондай-ақ әлеуметтік технологияларды жаңарту циклы 6-8 жылды құрайды;

- үздіксіз білім мен қажеттілікке сәйкес мамандығын өзгерту қабілеті -жеке тұлғаның әлеуметтік статусын сақтаудың ажырамас бөлігі;

- әрбір адамның тағдыры жаңа ақпаратты дер кезінде тауып, қабылдап және тиімді қолдана білу қабілетіне тәуелді болады. Ғалымның тұжырымдарымен келісе отырып, дәл бүгінгі білім берудегі ең негізгі күш ақпарат пен білімнің қатар келуінде деп ойлаймыз.

Н.И. Гендинаның пікірінше, адамның әр алуан білімі мен біліктерін және дербес әрекеттерін ғаламдық салада қолдану, соның ішінде, ақпаратты және қазіргі ақпараттық технологияларды әлеуметтік ортада, қарым-қатынаста, үздіксіз пайдалану «ақпараттық сауаттылық» сипатта болу емес. Керісінше, адамның бұл мазмұндағы іс-әрекеті одан да көлемді масштабты қамтитын ұғымды «ақпараттық мәдениет» деп атау орынды. Ғалым «ақпараттық сауаттылық» ұғымын қарапайым «сауаттылық» түсінігімен байланыстыра отырып анықтауға ұмтылған. «Сауаттылық» қарапайым түрде алғанда, білім

беру деңгейінің бастапқы кезеңі болып табылады. «Сауаттылық» түсінігінің дамуы мен кеңеюі іс-әрекеттік тұрғының енуімен байланысты, соның аясында «функциональдық сауаттылық» және «функциональдық сауатсыздық» түсініктері пайда болған [76,б. 150].

Ғалым базалық сауаттылық түсінік анықтамаларын қарастыра келіп, тұлғаның ақпараттық мәдениеті түсінігіне жете тоқталған. Оның пікірінше, ақпараттық мәдениет дегеніміз - адамның жалпы мәдениетінің құрамы; адамның дәстүрлі немесе жаңа ақпараттық технологияларды қолдана, өзінің жеке ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыруды мақсатқа сай қамтамасыз ететін білім мен білік жүйесі және ақпараттық дүниеге көзқарас жиынтығы [54,б. 40].

С.Т.Сиргебаева өзінің зерттеу жұмысында жоғары оқу орындарындағы студент білім алу үдерісінде заманауи бағдарламалық-техникалық оқу құралдарын үйлесімді қолдана отырып, оқу материалын дәл, нақты баяндап бере алуы керек деп санайды [86]. Сонымен бірге, ғалымның пікірінше, білім беру технологияларын қолдануға бейімділігі болып, оқу үдерісін ұйымдастыруда және өз білімін тексеруде және бақылауда ақпараттық технологияларды пайдалана алатын дағдысы болуы керек. Болашақ мұғалім ретінде студент алынған нәтижелерді талдап және өңдеп, ғылыми және педагогикалық эксперименттер жүргізе алуды үйреніп, өзін қызықтырған ақпараттарды жүйелі түрде жинақтап, өңдеп іс-тәжірибесінде орнымен пайдалана алатын болуы тиіс. Оған қоса, студент болашақ педагог маман ретінде өз әрекетін жоспарлап, бағдарлама жасап, жобалай отырып, бағдарлама арқылы тиісті эксперименттер жасай алуға дағдылануы тиіс. Ғалымның айтуынша, басшылыққа алынған талаптарды жоғары оқу орындарының әлемдік кеңістігіне кірігуінің алғышарты болып табылады.

С.А.Быков болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің бірқатар ерекшеліктерін айқындады. Оның пікірінше, бұл ерекшеліктер бастауыш білім беру педагогикасында көрініс табады. Ғалым болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілігінің ерекшеліктерінің сипаттамасын төмендегідей деп анықтайды [87]:

– инновациялығы, яғни бастауыш сынып мұғалімі біртұтас педагогикалық үдерісте (сабақ барысы, сабақтан тыс, ата-аналармен жұмыс, педагогикалық ұжым) балалардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолдануға жағдай жасау. Сонымен қатар АКТ мұғалімнің жұмыс ортасына өзгеріс енгізеді және бастауыш сынып мұғалімінің әдістерінде, құралдарында, технологияларында жаңашылдық пайда болады.

– тұлғалық-бағдарланғандығы (икемделгішті), яғни инклюзивті ортада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетіндегі АКТ-ны қолдануы әр баланың ерекшелігіне сай жүргізілуі керек. Педагог мұнда ерекше сұраныстары бар балаларға деген бейімделгіш, икемді тұлға болып келеді.

Балаларды оқыту барысында оларға әртүрлі тапсырма беру, мүмкіндігін ескере отырып, АКТ құралдары арқылы жағдай жасай алу;

– интегративтілігі, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы барлық кәсіби құзіреттерді қамтуы;

–басымдылығы, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығында ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілігіне ие болу өте маңызды;

–оңтайлылығы, яғни қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық салалардың қарқындап дамуы, пайда болатын әр түрлі кәсіби мәселелерді шешу және кәсіби іс-әрекет міндеттерін нәтижелі орындау үшін ЖОО-да дайындалып жатқан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен АКТ-ды пайдалана алу құзіреттеліктеріне ие болуды талап етеді.

И.В.Роберттің пікірінше, білім беруді ақпараттандыру дегеніміз - бұл мақсатқа бағдарланып ұйымдастырылған білім беру саласын әдіснамалық, технологиялық және ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік бағдарламалық-технологиялық әзірлемелерді дайындау. Сонымен бір және ең бастысы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған тәжірибесін тиімді пайдалану үшін қамтамасыз етілген үдеріс [84,б. 528].

Қазақстандық ғалым С.Т.Мұхамбетжанованың ойынша, білім беруді ақпараттандыру дегеніміз – білім беру жүйесінің барлық қызметтерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу, оны пайдалану, білім берудегі ұлттық модельді дамыту, білім берудің сапасын арттыру және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру бағытында оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі [43,б. 96].

С.Т.Мұхамбетжанованың ойынша, ақпараттық-коммуникациялық құзырлылылық – жеке тұлғаның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерін қолдана отырып, мектеп пәндерін оқыту үдерісінде кәсіби міндеттерді сауатты түрде шешуге қабілеттілігі мен дайындығы [43,б. 96].

Ш.У.Унгарбаеваның пікірінше, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады [88].

Л.В.Нефедова қазіргі мектептің педагогикалық үдерісін компьютерлендіруде болашақ мұғалімнің дайындығын зерттей келе, оны мұғалім тұлғасының өзгерісін сипаттайтын, білім, білік дағдылардан жинақталған, іс-әрекет объектісін жетілдіруде компьютерлік техниканы кешенді түрде қолдана алатын, мұғалім кәсібінің дайындық нәтижесі мен аспектісі болып табылатын күрделі интегративті білім беру деп түсіндірді [89].

Г.Ж.Ниязова кәсіптік білім мамандығының студенттерінің ақпараттық технологиялар арқылы құзіреттілігін қалыптастыру үшін бірнеше дидактикалық шарттарды қарастырды [90]. Олар:

- оқытуда пайдаланылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың материалдарын сұрыптап таңдау;

- АКТ-ны пайдаланып оқытылатын сабақ түрлерін дұрыс жүйелеу;

- АКТ-ны пайдаланып оқыту барысында тиімді әдістерді қолдану;

- АКТ пайдаланып оқытуда қолданбалы бағдарламалар кешенін пайдалану;

- АКТ пайдалануға байланысты арнаулы дайындалған бағдарламаларды және әдістемелік нұсқауларды қолдану.

Осы саладағы қазақстандық белгілі ғалым Е.Ы. Бидайбековтің анықтамасы осы терминнің болмысын нақтылай түседі. Оның айтуынша: «Ақпараттық технология дегеніміз – технологиялық тізбекке біріктірілген, ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, шығару және тарату әрекеттерін қамтамасыз ететін өндірістік және программалық-техникалық құрылғылар мен әдістер жиынтығы» [19,б. 12-18]. Ғалымның түсініктерге берген нақтылауларынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалауы жағдайында іске асырылатын әрекеттер тізбегін, яғни ең алдымен, ақпаратты *жинау, сақтау, өңдеу, шығару, таратуды көреміз.*

Ж.Ы. Сардарова ақпараттық технологияны бастауыш мектеп әдістемесіндегі қолдану бағыттарын анықтай келе, оның бірі оқушыларды шығармашылыққа баулитын танымдық құрал деп көрсетеді. Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы сипатын өзгертіп, оның ынтымақтастық, өзара түсіністік, бірлескен шығармашылық жұмыс, өзара тәжірибе алмасу сипатына ие болуына себепші болады. Ал ол, ең алдымен, осы жас жасөспірім оқушылар арасында кең тараған мазасыздану, үрей, өз-өзіне деген сенімсіздік, сияқты жағымсыз жайларды болдырмауда ролі зор екендігімен байланысты. Егер зерттеушіліктің шығармашылықпен тығыз байланысты екендігін ескерер болсақ, бұл біздің белгілеген міндеттеріміздің дұрыс екендігін дәлелдейді [28,б. 40].

Ақпараттық білім беру ортасының толық анықтамасын толық ашу үшін, белгілі бір технология бойынша оқыту үдерісі жүзеге асатын және оқытушыны, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, оқыту түрлерін, сондай-ақ оқу-ғылыми және материалдық базаны қамтитын педагогикалық жүйе ұғымын қарастырамыз. Барлық педагогикалық үрдістер педагогикалық жүйеде іске асырылады. Осымен байланысты педагогикалық жүйені зерттеушіде кім оқытады?, кімді оқытады?, нені оқытады?, ненің көмегімен және қалай оқытады? т.б. қисынды сұрақтар туындайды.

Зерттеу барысында шетелдік және қазақстандық іргелі зерттеулерді талдай отырып, «ақпараттық білім ортасын жобалауда» қойылатын бірқатар талап-ережелер анықталды, олар:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу материалын ұйымдастыруда әдістемелік мақсаттарға қол жеткізуін (кәсіби мәселелерді шешу) қамтамасыз етуі;

– әрбір модульдың теориялық-әдістемелік материалы дидактикалық мақсаттарға сәйкес болып, ақпараттардың бірыңғай блогының мазмұнын көрсетуі;

– жекелеген модульдер біртұтас бірлік болып, оқушыларды жеке тұлға ретінде танитын, білім алуға деген қажеттіліктерін мазмұнды сәйкес етіп құрастыруы;

– модульдың мазмұны құрамындағы компоненттерге қарай біртұтас, аяқталған құрылым ретінде бағдарламаның бөлігін құрауы.

Осы көрсетілген талаптарға сай ақпараттық білім ортасын жобалауды модулдер арқылы жүзеге асыруға болады (сурет 5).

Сурет 6 – Ақпараттық модульді жүзеге асыру кезеңдері

Көріп отырғанымыздай, ақпараттар модулі мақсатты бөліктен, теориялық-әдістемелік оқу ақпараттары бөлігінен, модульды оқытудың әдістемелік нұсқаулығы бойынша ақпараттардан құралады. Осымен байланысты, модульдік тұғырды жүзеге асыру дегеніміз – дәстүрлі ғана емес, ақпараттық тәсілдер және дайындық формаларын және олардың интеграциясын білдіреді және де модульдің мазмұны пәнаралық байланыстың жалпы кәсіби және пәндік дайындық блоктарымен байланысына негізделген [78,б. 624].

Қорыта келгенде, жоғарыда талданған ғалымдардың тұжырымдары бізге болашақ бастауыш сынып педагогтерінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауындағы компоненттерді психологиялық, педагогикалық, ақпараттық-әдістемелік және біліктілік аспектілері жағынан түсінуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарындағы және мектептердегі ақпараттық білім беру ортасы бірқатар қызмет түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс, олар:

- білім беру үдерісін жоспарлау;

- білім беру үдерісінде қолданылатын оқу материалдарын, оның ішінде білім беру үдерісіне қатысушылар пайдаланатын білім алушылар мен педагогтердің жұмыстарын орналастыру және сақтау;

- білім беру үдерісінің барысын және бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін тіркеу;

- интернет арқылы білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы, оның ішінде қашықтықтан өзара байланысқан оқу іс-әрекеттерін орындау, білім беру

қызметін басқару міндеттерін шешу үшін білім беру үдерісі барысында қалыптастырылатын деректерді пайдалану;

- білім беру үдерісіне қатысушылардың интернет ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіегі тікелей бақылауда болатын ақпараттық білім беру ресурстарына қолжетімділігі (білім алушыларды рухани-адамгершілік дамытудың, ізгілікті тәрбиенің міндеттерімен үйлеспейтін ақпаратқа қол жеткізуді шектеу);

− білім беру мекемесінің білім беру саласындағы басқаруды жүзеге асыратын органдармен және басқа да білім беру мекемелерімен, ұйымдармен өзара бірлескен іс-қимылы.

Осы талдаулар барысында ақпараттық білім беру ортасының жұмыс істеуі АКТ құралдарымен, оны пайдаланатын және қолдайтын қызметкерлердің біліктілігімен қамтамасыз етілетіндігі анықталды. Жоғарыдағы ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерді талдау барысы біздің тарапымыздан *«болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі»* деп анықтама беруге сенімді тұғыр бола алады деп ойлаймыз.

1.3 «Ақпараттық білім ортасын жобалау», «ақпараттандыру» ұғымдарының құрылымы мен мәні

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі жоғары оқу орнында дайындалу үдерісінен бастап ақпараттық технологияларды өзінің болашақ педагогтік кәсібінде тиімділікпен пайдалану жолын үйренуі керек. Ол үшін студенттерге осындай мақсат пен міндеттер белгіленген, сол мазмұндағы арнайы білім мен дағдылар жүйесі меңгертілуі тиіс. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануы мәселесі психологиялық тұрғыдан түрлі қырынан, түрлі бағытта қарастырылып келеді. Сол бағыттардың ішінде біздің ұстанатын бағытымыз - студенттің жеке тұлғасы және оның ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануы мәселесі.

Қазақстан Республикасында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаған Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінде әлемге әйгілі ірі компаниялардың негізін жас кәсіпкерлер қалағанын білесіздер. Мысалы, «Фейсбукты» Марк Цукерберг 19 жасында, «Майкрософтты» Билл Гейтс 20 жасында, «Apple» компаниясын Стив Джобс 21 жасында құрған. Халқымыздың «Ақыл-жастан, асыл - тастан», - деген нақыл сөзі бар. Біздің жастарымыздың бойында мұндай қасиеттер бар», - деп жастардың қазіргі кезеңдегі тұлғалық болмысы тұтас мемлекеттің өмірін жақсартуға жеткілікті екенін, тек соған біліммен, ақылмен бетбұрыс жасау керектігін көрсеткен болатын [91].

Білімді ақпараттандыру үдерісі, пәндік салалар мен қоршайтын ортаның заңдылықтарын танудың интегралдық беталысын қолдай отырып, оқушы тұлғасының дамуы үшін ақпараттық білім ортасын жобалауының зор мүмкіндігін пайдалануға тәсіл-амалдар жасауды көкейкесті етеді. Бұл үдеріс

оқушының белсенділігі мен пәрменділігінің деңгейін арттырып, балама ойлау, мысалы, бастауышта оқу есептерінің, сол сияқты практикалық есептердің де шешімін іздеу стратегиясын жете зерттеу дағдыларын қалыптастыру қабілеттіліктерін дамытады, зерттеліп отырған нысандарды, құбылыстарды, үдерістер мен олардың арасындағы әрекеттестікті моделдеу негізінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімнің жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына байланысты еңбектерді талдауда сөз басы қазақ халқының рухани нәр алатын түп тамырындағы еңбектерде де жастардың жеке тұлғасының қалыптасу, жетілу жолдары көп айтылғанын көреміз. Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің барлығы дерлік оқушының моделін қалыптастыруға қызмет ететін білімдік орта деуге болады және ол қолжетімді. Құрылым – элементтер арасындағы тұрақты қатынастардың бірлігі, жүйені ұйымдастыру формасы. Әрбір материалдық объект ішкі және сыртқы байланыстардың алуан түріне, бір күйден екінші күйге өту қабілетіне ие. Жүйенің сандық өзгерістері өлшемнен асып, оның сапалық өзгеруіне себеп болған кезде, соңғысы әрқашан құрылымның өзгеруі ретінде әрекет етеді. Осы орайда біз, нысанға алып отырған негізгі категориялардың құрылымын талдауларда бірін-бірі толықтырулар, бірін-бірі нақтылаулар орын алары анық.

Бастауыш сынып оқушыларында ақпараттық білім ортасын жобалауда, сондай-ақ бұл әрекетке болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлауда біршама түсініктердің шеңберінде ұғымдық-категориялық аппаратты түзуді жөн санаймыз. Нақты айтқанда, **орта, білім ортасы, ақпараттық білім ортасы, жобалау** секілді біздің зерттеу жұмысымызға қажетті категориялардың мәні мен құрылымына тоқталып өтеміз.

«Орта ұғымы» - философиялық зерттеу пәні ретінде танылады. «Орта» ұғымының мәнін зерттеуде біз, оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарға сүйеніп, пікірлерді бірнеше топтарға жүйелеп бөлдік. Ол келесідей сипатта көрініс береді. Мысалы:

-бірінші топ, *«орта» бұл – табиғи жағдайлардың жиынтығы және адам қоғамы мен организмдердің қызметі*;

-екінші топ, *«орта» деп қоршаған ортаның бір бөлігі болатын жеке адамдар, топтар, институттар, мәдениеттер және т.б* айтады;

-үшіншілер, *әр түрлі (табиғи, экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани) жеке тұлғаның дамуы жүретін адамның өмір сүру шарттары* деп түсіндіреді.

Бұл үш топ өкілдерінің зерттеулерінен «орта» ұғымының мазмұнын түсінеміз, сондай-ақ мұндағы ойлар бізге білімдік ортаны тануға мүмкіндік береді.

Білімдік ортаны құрудың қазіргі мүмкіндіктері жоғары деп айта аламыз. Біз бұрын білімді тек мектепте немесе жоғары оқу орындарында ғана алатын болсақ, бүгінде білімді алудың алуан түрлі көздері бар. Яғни, бүгін кез-келген адамның технология арқылы өздігінен жетілуіне ақпарат көздері арқылы қолжетімді болып отыр. Соның негізінде «Кибер» білім беру кең етек жая

бастады. Кибер біліммен қатар Кибер университеттер, Кибер мектептер деген ұғым қолданыла бастады.

Кибер білім алу дегеніміз – онлайн түрінде өздігінен білім алу. Бұл - оқушылардың үй жағдайында қашықтықтан мектеппен байланыс жасау түрі. Ең алғашқы Кибер университет ақпарат көздерінде Жапонияда ашылған [92].

Сонымен қатар АҚШ, Оңтүстік Кореяда да Кибер оқу орындары құрыла бастаған. Кибер білім алу оқушылардың өздігінен дамуына мүмкіндік беретін болғандықтан, Smart мектептер құрыла бастады. Кибер білім алу – онлайн тәртібінде өздігінен білім алу болса, *Smart білім алу* – ақылды білім алу мағынасын береді. Яғни кез келген жағдайда, кез келген ортада кедергісіз білім алып қана қоймай, оны тұлғаның қажетіне қарай жарата білуіне мүмкіндік беретін **білім ортасы**.

Біз бірнеше еңбектерді талдауда білімдік ортаның құрылымының әртүрлі аспектілерде өрбитінін байқаймыз. Себебі, білімдік орта ең алдымен пәнге, білім саласына байланысты құрылымды туындатады. Ендеше білімдік ортаның құрылымы мен мазмұнының сипатын келесі талдаулардан көреміз.

Е.А.Климов өз еңбектерінде **білім ортасының құрылымы** мен мазмұнын былай түсіндіреді: «...ең алдымен тұлғада әлеуметтік байланыс болады. Әлеуметтік байланыс – айналасындағылардың *жеке ойы, олардың мәдениеті, тәжірибесі, өмір салты, мінез-құлқы, қарым-қатынасы*. Осындай білімдік орта байланыстарында түрлі тұлға өкілдері бар. Мысалы, *көшбасшылар, табысқа жетушілер,* жұлдыздар, артта қалушылар (үлгермеушілер) және т.б. топтар болады. Бұл айтылғандардың барлығының дерлік білімдік ортаға орасан әсері болуы ықтимал» [93]. Ғалымның тұжырымдауынан байқайтынымыз, білім беру үдерісі субъектілерінің құндылықтар жүйесіндегі осы жергілікті ортаның маңыздылығына аса назар аударуы. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білімдік ортаны жобалауға даярлануындағы бізге қажетті негізгі ойлар тәжірибе мен қарым-қатынас екендігін алға шығарамыз.

Г.А.Ковалевтің пікірінше, **білім ортасын құраушылар**: *біріншіден,* мектеп архитектурасы, мектепішілік дизайн конструкцияларының ашықтығы – жабықтығы дәрежесі; ішкі көлемі мен кеңістіктік құрылымы, туындаған қажеттілік кезінде кеңістіктік трансформацияның жеңілдігі, олардағы кеңістік орын ауыстырулардың мүмкіндігі мен кеңдігі. *Екіншіден,* адами факторлар: кеңістіктік және әлеуметтік тығыздық, жиналу дәрежесі және оның әлеуметтік мінез-құлыққа әсері, мұғалімдер мен оқушылардың жеке ерекшеліктері, мәртебелер мен рөлдердің таралуы, жас ерекшеліктері. *Үшіншіден,* «оқыту бағдарламасының» қызмет құрылымы, оқыту стилі және әлеуметтік-психологиялық бақылау сипаты, оқытудың кооперативті (немесе бәсекеге қабілетті) нысандары, оқыту бағдарламаларының мазмұны (олардың дәстүрлілігі, консерватизмі, икемділігі) және т.б. [94]. Бұл талдаудан түсінгеніміз, автор білімдік ортаның құрылымын үш түрге бөледі. Сондай-ақ, білімдік ортаны құраушылар бірін-бірі толықтырып тұрғаны белгілі.

Біз, білім ортасының құрылымы мен мазмұнын талдай келе, «**білім ортасы – бұл білім мазмұнын қарқынды меңгеруде бірнеше субъектілер мен**

жағдайлар көріністерінің шоғырланып, үйлесімді көрсеткіш дәрежесіне қызмет етуші топ» деп нақтылаймыз.

Бұл тұста жеке тұлғаның қалыптасуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты болады. Студенттің жеке тұлғасы тек білім беру барысында ғана дамымайтыны белгілі. Бұл жерде жеке тұлғаның ішкі өзіндік әлемі мен сыртқы әлеуметтік-мәдени ортаның тұтасымен ықпалын мойындау керек. *Сыртқы әлеуметтік-мәдени орта* дегеніміз – адамның іс-әрекеті жүзеге асырылатын қоғамдық, материалдық және рухани шарттардың күрделі құрылымы болып табылады. Адам мен оның қоршаған ортаның өзара қатынасы көптеген бағыттар, атап айтсақ, философия, әлеуметтану, психология, педагогика бойынша қарастырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасын қарастыруда, философиялық талдауларға тоқталуы маңызды екені белгілі .

Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабындағы тұлғаның өз қоғамындағы барлық әлеуметтік топтармен тіл табыса алатын, қоғамның жүйелі гармониясын бұзбай, тіршілік жүйесін басқара алатын тұлғаны қалыптастырудың философиялық-дидактикалық жүйесі және психологиялық тетіктері баяндалады [95]. Негізінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өз ортасын, ақпараттық білім ортасын жобалау үшін, студенттерге Жүсіп Баласағұни «Құтты білікте» сипаттаған қасиеттерді дамыту аса қажет деп ойлаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психологиялық негіздемесінде маңызды орын алатын қағидалар Ибн Сина [96], Али Хорезми [97], Ахмет Игүнеки [98], Абай Құнанбайұлы [99], Ыбырай Алтынсарин [100], Шоқан Уәлиханов [101], Ахмет Байтұрсынұлы [102], Әлихан Бөкейханов [103], Мағжан Жұмабаев [104] еңбектерінен және тағы көптеген педагогикалық және психологиялық тұмалардан алынды.

Ибн Синаның мұрасын зерттеуші ғалымдар оның «Тадбирил манзил» еңбегінің «Балаларды мектепте оқыту және тәрбиелеу» деген тарауында балалардың білім алуда топпен жұмыс жасауының психологиялық ықпалы күшті болатынын атап көрсетеді [105].

Абайдың «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұстайтын» деп үш сөзбен айтқан «толық адам» идеясының сонда психологиялық тұрғыдан тарихи тамырдан нәр алып дамытылғанын көруге болады. Ендігі уақытта осы тамырдан келетін ғылыми негіздемені ақпараттық білім ортасына негіздеу мәселесі - күн тәртібіне жан-жақты қойылуы тиіс мәселе болуы керек.

Қазақтың рухани қазынасы саналатын Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» кітабындағы:«Білімді білімсіздің мыңын жеңер, Ол біліп білім ізін, теңін теңер, Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда, Білмесең – басқа не бар, сенің нең ер?» немесе «Білімді білім жинап, кәсіп етер. Білімнің дәмін татып, өсіп өтер, Білдірер бері елге білім сырын», - деген сөздердің психологиялық-педагогикалық қуатын жас мамандарды даярлауда қайта қолдану керек [98,б. 152]. Түптамырымыздан нәр ала отырып, болашақ мұғалімдер студент кезінен,

заманына сай, ақпараттық білім ортасының және оны жобалаудың «сырын» кәсіби тұрғыдан ұтымды пайдаланып, ел балаларына білім алудың заманауи жолын үйретуге дағдылануы керек.

Зерттеу жұмысымыздың психологиялық және психодидактикалық негіздемесін құруда көрнекті психолог ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдық. Соның ішінде тұлғалық-әрекет туралы және жоғары білім беру жүйесінде жеке тұлғаны қалыптастыру, педагогтің кәсіби жеке тұлғасын қалыптастыру туралы ілімдерді негіздеген Выготский Л.С. [106], Рубинштейн С.Л. [107], Леонтьев А.Н. [108], Давыдов В.В. [109], Божович Л.И. [110], Тихомиров О.К. [111], Мұқанов М.М. [112], Жарықбаев Т. [113], Зимняя И.А. [114], Матюшкин А.М. [115], Кузьмина Н.В. [116], Щербаков А.И. [117], Шадриков В.Д. [118], Жақыпов С.М. [119], Кенжебаева К.С. [120] еңбектері талдауға түсірілді.

Қандай болса да бір *«орта»* адамның басынан өткеретін өмірлік жағдаяттары және адамның ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асырғызатын сыртқы мүмкіндіктердің жиыны ретінде танылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімді қоршап тұрғатын сыртқы әлеуметтік-мәдени ортаның бір бөлшегі болатын ақпараттық-білім ортасын студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі жеке тұлғасының кәсіби және адамгершілік тұрғыдан дамып-жетілетін кіші жүйесі ретінде танимыз.

Келесі бізге қажетті ұғымдардың бірі ақпараттық білім ортасы болады. Адамның даму мәселесін зерттеуде ең алдыңғы шепте ақпараттық білімдік ортасының құрылуы тұратындығын байқаймыз. Әсіресе, соңғы жылдары білім саласында жұмыс істейтін мамандар және болашақ мамандарды даярлау ісі үшін ең өзекті тақырып болып отыр.

Зерттеулерге сүйенсек, «ақпараттық білім беру ортасы», оның құрылымы мен мазмұны, оның қалыптасу және даму ерекшеліктерін білім саласындағы теориялық және практикалық әзірлемелердің үйлесімділігімен де, тұрақты дамуды анықтайтын білім беруді ақпараттандырудың қарқынды динамикасымен де түсіндіруге болады.

«Ақпараттық білім ортасы» ұғымының құрылымын қарастыруда оған ықпал етуші субъектілердің траекториясын анықтадық. Оны 2-кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Ақпараттық білім ортасының траекториялары

АБО субъектілері	Ақпараттық білім ортасы
1	2
Оқушы	-электрондық білім беру контентіне қол жеткізу; -ыңғайлы цифрлық ортада оқыту; -оқуға деген қызығушылықты арттыру; -білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін жақсарту; -жобалау-зерттеу қызметін дамыту; -білім мазмұнын меңгерудегі кибер білім.

2 – кестенің жалғасы

1	2
Мұғалім	-әкімшілік жүктемені төмендету; -оқу жұмысы үшін уақытты ұлғайту; -жеке білім беру контентін құруға ынталандыру; -өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері; -мұғалімнің рөлін кеңейту: сандық кеңістіктегі тәлімгер. -білім мазмұнын меңгертудегі кибер білім.
Ата-ана	-нақты уақытта ақпарат алу: -баланың үлгерімі туралы; -оның мектепте болуы туралы; -мектептегі ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы; -білім мазмұнын қадағалауда кибер білімді қолдану.
Мектеп	-бәсекелестік ортаны және білім беру саласындағы ақпараттық сектордың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; -сапалы білім беру контентін құруға ынталандыру; -ақпараттық қажеттіліктері мен білім беру мүмкіндіктерін үйлестіру; -білім беру саласындағы қолданыстағы бағдарламалық-техникалық шешімдерді біріктіретін «цифрлық мектеп» бірыңғай платформасын құру. -басқа да кибер мектептермен тәжірибе алмасу.

Бүгінгі таңда білім беру үдерісіне ақпараттық білім ортасы (АБО) әсер етеді, әсіресе бастауыш сынып оқушыларындағы бастамашылық, алгоритмдеу іс-әрекеттерін басқару, нәтижені бақылау секілді оқу әрекеттерінде маңызы жоғары. В.В. Краевскийдің пікіріне сүйене келе, жоғарыда анықтап көрсеткендей ақпараттық білім ортасының траекторияларындағы мұғалім немесе оқушы ол тек субъектінің функцияларын орындайды, сондықтан оны квази-субъект деп атауға да болады [121]. Бірақ бұл оқытудағы ортаның рөлін төмендетпейді, бірақ АБО типологияны қарастырудың маңыздылығын көрсетеді, құрылымы және оған қойылатын талаптарды негізге алуды көздейді.

Я. Лернер, М.Н. Скаткиннің тұжырымдауларына сай, **ақпараттық білім ортасы** – *бұл білім беру және оқушыларды дамыту мақсатында құрылған ақпараттық орта* деп түсіндіріледі [122]. Оған мыналар кіреді: ақпараттық ресурстардың әртүрлі түрлері (кітаптар, суреттер, фильмдер, интернет-ресурстарды оқыту және т.б.), осы ресурстарды пайдалануды қамтамасыз ететін жабдықтар, әлеуметтік институттар, білім беру міндеттерін шешетін ұжымдық (әлеуметтік) және жеке субъектілер.

АБО-дағы дидактикалық талдаулар оларға қойылатын талаптарды анықтауға мүмкіндік берді:

- оқу үдерісін тұтастай жүзеге асыру үшін жағдай жасауы керек: мақсаттар қоюдан бастап нәтижелер рефлексиясына дейін;

- таңдалған білім мазмұнын, оның ішінде білімді, әрекет ету тәсілдерін, шығармашылық және құндылық-семантикалық қызмет тәжірибесін қоса алғанда, мәдени тұжырымдама аясында қарастырған жөн.

Сонымен талдаулар көрсеткендей, ақпараттық білім ортасының құрылымы *таным мотивациясы, оқу қабілеттері, білім алушылардың жеке ерекшеліктері, коммуникация кеңістігі, ақпаратқа деген сұраныс, қажеттілік, білім беру өнімін алу* және т.б. түсініктерден тұрады. Ақпараттық білім ортасының құрылымын өз деңгейінде жүзеге асырудың бірден-бір құралы ол – жобалау болады.

«Жобалау» ұғымының бірнеше түсініктерді қамтитын аспектілері бар. *Жобалау* – ішкі жоспарда субъектінің алдағы қызмет моделін құру, нақты практикалық нәтиже түрінде жасалған нәтижеге жету үдерісі ғана емес, сонымен қатар осы нәтижеге жету үдерісін ұйымдастыру, білім беру ортасындағы өзгерістерге әкелетін қызмет түрі.

Дегенмен *ақпараттық білім ортасын жобалауды* болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттардың жүйесі деп тану да маңызды болмақ. Біздің ойымызша, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауда ішкі жүйелердің бірнеше қабаттан тұратынын атап кету керек. Бұл айтқанымызды келесі суреттегі модельден көруге болады.



Сурет 7 - Ақпараттық білім ортасының қабаттары

Суреттен көріп отырғанымыздай, жалпыәлемдік деңгей бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімі адамзаттық ғылым мен білім жүйесінің даму барысы мен қол жеткен нәтижелерін білу және пайдалану мүмкіндігі танылады.

Университеттік деңгейде болашақ бастауыш сынып мұғалімі білім алып жүрген жоғары оқу орнының ақпараттандыру және ақпараттық орта құру бойынша ұстанымдары, болашақ бастауыш сынып мұғаліміне білім беру мен тәрбиелеудегі, маман ретінде қалыптасуындағы тәсілдер орын алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасы деңгейінде студенттің өзінің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі болмысы, ақпараттық білім ортаны жобалаудағы микроклиматы, микромәдени, микробілімдік факторлар орналасатын болады. Бірақ бұл қабаттар бірімен-бірі тығыз байланысты және олардың арасы қатаң бөлінбеген күйде әрекет етеді.

Ақпараттық білім ортасын жобалаудың психодидактикалық негіздерін талдау барысында, Л.С. Выготскийдің «білім беру ортасы теориясын» ұсынғаны және оны кейбір психологтердің ол теорияны сынға алғаны туралы тоқталып кетейік. Л.С. Выготский адамның дамуы оны қоршаған әлеуметтік ортаға, білімдік ортасына көптен-көп байланысты екеніне баса назар аударды [106,б. 192].

А.Н. Леонтьев білім алу ортасы туралы Л.С. Выготскийдің осы көзқарасына сын айтып, «ортаның адамға тигізетін әсері дерексіз/абстракты күйде адамға әсер ете алмайды, ондай ықпал тек әрекет, оқу-танымдық әрекет негізінде ғана болады» деп өз пікірін білдіреді. «Нақ сол жерде бар болып отырған субъектінің әрекеті арқылы ғана бұл пән ортаға айналады» [108,б. 544].

Бұл жерде біз Л.С. Выготский үшін «білім ортасы» құрамына пәнді де, оқу-танымдық әрекетті де кіргізетінін, ал А.Н. Леонтьев болса, «оқу әрекеті» мен «орта» ұғымдарын бөліп қарайтынын көріп отырмыз.

Ғалымдардың айтуынша, қазіргі кезде білім берудің ортасының «догматтық білім беру ортасы», «лауазымдық өсу білім беру ортасы», «алаңсыз даму білім беру ортасы», «шығармашылық білім беру ортасы» және тағы басқа типі анықталған [109,б. 262].

Қазіргі кездегі қазақстандық білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту жүйесінен біртіндеп білім ортасына қарай бетбұрыс жасалып келеді. Ол өзгерістер дәстүрлі репродуктивтік оқытудан енді оқытушының да, студенттің де шығармашалық әлеуетін/потенциалын дамытуға бағытталған білім берудің жаңа технологияларына көшу бағыттарынан танылады. Сонымен бірге қарқынды түрде қолға алынып отырған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын ұтымды қолдана тотырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби шыңдалуының психологиялық ерекшеліктерін де анықтау қажет болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психодидактикалық ерекшеліктерін тануда, ең алдымен, «психодидактиканың» өзі оқу үдерісінде «субъекті-субъектілік» дидактикалық қатынастан туындайтын, демократиялық қарым-қатынаста ғана қолдану тиімді болатын психологиялық-педагогикалық ғылымның түйіскен нүктесіндегі сала екенін атап кету керек.

Психодидактика – жеке психологияның немесе жеке педагогиканың ішкі саласы емес, екеуінің түйіскен нүктесінде пайда болған жаңа сала. Психодидактика саласын кең тұрғыдан қарастырған В. Пановтың зерттеуіне ілесе отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психодидактикалық сызбасын яғни алгоритмін анықтауға болады деп ойлаймыз. В. Пановтың көрсетуінше,

психодидактикалық сызба бойынша, келесідей базалық сұрақтарды шешіп алу керек. Атап көрсетсек [123]:

- «кімді оқыту керек?» деген мәселе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің психологиялық ерекшеліктерін тануды қажет етеді;
- «не үшін оқыту керек?» деген сұрақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін осы бағытта оқыту-тәрбиелеудің стратегиясы мен тактикаларын анықтауды қажет етеді;
- «нені оқыту керек?» деген сұрақ бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық білім ортасын жобалау жүйесінің аспектілері туралы білім мазмұнын қамтиды;
- «қалай оқыту керек?» деген сұрақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ақпараттық-білімдік ресурстарды анықтап алуды талап етеді;
- «кім оқытуы керек?» деген сұраққа, В.Пановтың зерттеуінен өзгешелеу болатын біздің жағдайымызда, екі қырдан жауап беруге болады: олардың бірі – студенттерді университет оқытушысы оқытуы керек, екіншісі – студенттер – болашақ бастауыш мұғалімдері болғандықтан, олар – өз бетімен үйреніп қана емес, өзара сабақ беріп те дағдылануы керек.

Осылай студенттер, бір жағынан, білім алушы субъектінің рөлінде болады, ал екінші жағынан, олар – болашақ педагог-маман болғандықтан, білім беруші субъекті рөлінде де болады. Бұл мәселе, ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгертудің ерекше жүйесін құруды қажет ететінін тағы да анықтай түсті деп айта аламыз.

Бастауыш мектепте сабақ беретін болашақ педагогтердің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануы үшін олардың дайындығында қамтылуы маңызды мәселелер бар. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақапараттық білім ортасының психологиялық сипаттамасы мен психологиялық ерекшеліктерін терең түсіне білуін, оқу-тәрбие үдерісіндегі орнын пайымдай білуін қамтамасыз ету.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеткілікті түрде ақпараттық-коммуникациялық технологиямен, ақпараттар ағынын басқарумен, интернет ресурстарын дер кезінде және қажетті материалдар есебінде пайдалану дағдыларының барлығын реттеп отырудың сенімді психологиялық білімі қалыптасуы керек. Психологиялық білімі мұғалімге оқушыларының ақпараттық білім ортасын пайдалану заңдылықтатын игеруге, әріптетстеріне тренингтер өткізуге тірек болады.

Бұл мәселенің атап кететін бір маңызды қыры бар. Ақпараттық білім ортасын жобалаудың түпкі мақсаты студенттерді болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде оқушылардың ой-өрісін дамытуда АКТ және интернет ресурстарын тиімді қолданудың психологиялық-педагогикалық талаптарын нақты білім мазмұны негізінде меңгеру болып табылады.

Маңызды болатын келесі мәселе - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауда бастауыш сынып оқушысының ақпаратпен, интернет-ресурстармен, компьютермен жұмыс жасау және білім алуының психологиялық ерекшеліктерін жақсы игеруін қамтамасыз ету.

Осы көрсетілген мәселелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психологиялық сипаттарын таныта алады деп ойлаймыз.

Білім беру жүйелерін жобалау жолдарын зерттеген В.П. Лебедева мен В.А. Орлов білім орталарын жобалауда ұстануы дұрыс болатын бірнеше психодидактикалық ұстанымдарды ұсынады [124]. Олар:

-мұғалімнің субъекті-субъектілік дидактикалық қатынасты жасаушылық рөлі;

-мұғалімнің білім ортасын қалыптастырушылық рөлі;

-мұғалімнің білім беру психологиясы мен білім беру үдерісін ұйымдастырушылық рөлі.

В.П. Лебедева және В.А. Орловтың бұл ұстанымдарын қостай отырып, мұғалімнің инновациялық білім орталарын құруға мүмкіндігі бар екенін, тек жоғары оқу орындарында студенттерге, болашақ мұғалімдерге білім ортасын жобалау заңдылықтарын арнайы үйрету, теориялық, практикалық негіздерін меңгерту қажеттіглігін тани аламыз.

Соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулерде жүйелік тұрғыдан зерттеулердің жалпығылыми әдіснамасы «синергетика» теориясымен байланысты қарастырылып келеді. Бұл бағытты зерттеушілердің айтуы бойынша, [125] синергетика ашық жүйелерді зерттеуге бет бұрады және ол *ашық жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеу ұстанымдарын* басшылық етеді.

«Синергетика – пәнаралық сипаттағы ғылым саласы және күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы туралы ғылым. Синергетика ұғымын 1971 жылы неміс ғалымы Г.Хакен енгізген» [125,с. 406]. Жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруы егер жүйе тепе-тең емес, әркелкі болғанда ғана жүзеге асады. Ал әркелкілік жүйенің бойынан белгілі бір энергия өткізілгенде ғана пайда болады. Біздің жағдайымызда ол **энергия – білімдік ақпарат**. Синергетикада көрсетілгеніндей, тартылыс аймақтарының қайсысы көбірек ақпаратты тартатын болса, сол тұстан **даму траекториясы** дами бастайды [126].

Сурет 8 - Синергетикадағы ақпараттық ортаның қалыптасуы

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жүйесінде осыдан көп жыл бұрын компьютер болса, қазір мобильдік құралдар даму траекториясын

еншілеп отыр. Алдағы уақытта ол да ауысып, басқа түрге айналуы мүмкін [114,б. 280].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың психологиялық бір негіздемесі ретінде синергетиканың ұстанымдарын ұстанудың мәні зор. Себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасында өзіндік орнын игеруі және оны әрдайым дамытып отыруы үшін синергетикалық ұстанымдардың берер көмегі үлкен.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасы оның ұстаздық қызметіне және ақпараттық білім ақпараттарын шәкірттеріне меңгертуде маңызды орынға ие болады. Өйткені бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасының оқушыға әсер етуі, оқушының дүниетанымына ықпал етуі өте зор.

Жоғары мектепте болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық болмысын қалыптастыруда, дамытуда ондағы төртқырлы үдерістің барлық әлеуетін пайдалану керек. Ол қырларды атап айтатын болсақ:

- жоғары оқу орнының студентке ықпал ететін жайлы әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік педагогикалық шарттары;
- жоғары мектептегі оқу үдерісіндегі әрбір пән мен жекелеген дәріс, практикум, семинар сабақтарының әрқайсысының мазмұны, әдістемесі, оқытушының оқыту ерекшелігі;
- студенттің жоғары оқу орнында білім алуы үдерісінде өзін болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде сезіне білуі және білім алудағы белсенділігі;
- студенттің бос уақытында да өзін болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде тануы үшін арнайы ұйымдастырылуы тиіс тәрбие жұмыстары.

Ал студентті болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретінде қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктеріне нақты тоқталатын болсақ, жоғарыда аталып көрсетілген мәселелердің тереңдей түсетінін көреміз. Өйткені адамзаттың болашақ білімділігі, мамандық иесі болуы, қоғам тізгінін ұстайтын азамат болуы сияқты маңызды мәселелердің барлығы бастауыш мектеп мұғалімінің қолында екені белгілі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасын кәсіби жеке тұлғалық қасиеттермен, қабілеттермен толықтырып, жетілдіруші – жоғары оқу орны [48,б. 468]. Ақпараттық білім ортасын жобалауда студенттердің жеке тұлғалық болмысының да жаңа сапалы деңгейдегі құрылымға өсуін көздеу керек. Студенттің оқу әрекетіне деген ұйымдастырушылық-ерікті қатынасын сипаттайтын көрсеткіштерді, атап айтсақ – тәртіптілігін, ұйымдастыру шеберлігін, жалпы үлгірімін, шығармашылық белсенділігін, өз бетімен орындауын, бастамашылдық қасиетін – ынталандыра отырып дамыту арқылы оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін жетілдіру мүмкін болады.

Студент өзінің университетте меңгерген теориялық білімін бастауыш сынып мұғалімі болған кезде күн сайын толықтырып, дамытып отыруға дағдылануы тиіс. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кең танымдық қабілетті және интеллектінің қуатты жұмысын талап етеді.

Ақпараттық білім ортасын жобалау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің психофизиологиялық қасиеттері де маңызды орынға ие болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қабылдау, есте сақтау, еске түсіру, қиялдау, ойлау сияқты маңызды психикалық үдерістерінің дұрыс өтуі оның психофизиологиялық жайкүйіне көптен-көп байланысты болады.

Өзінің кәсіби қызметінде жиі кездесуі мүмкін болатын шаршау, еңсесі түсу, қажу, толқу мен қобалжу сияқты психикалық жай-күйін де еңсере алатын қуатқа ие болу әдістерін болашақ бастауыш сынып мұғалімі студент кезінен игеру керек. Бастауыш сынып мұғалімінің аса зейінді болуы, сабырлы болуы, әлі де болса сәбилік қылықтан арыла қоймаған бастауыш сыныптағы балалардың өмірге көзін ашып жатқан кезіндегі жіберетін көптеген ағаттықтарын дұрыс жолға түсіруде қайсарлық танытып, табанды болуы – мұғалімнің кәсіби қызметіне деген қойылатын талаптар.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық деңгейге бет алып, соған жетуге ұмтылуы – студенттің өзін-өзі бақылай білуі, өз ісіне өзі баға бере білуі, күйзеліске түсіп кетпеуін әрдайым қадағалап отыруы. Бұл қасиеттерге ие болуы үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзін әруақытта жаттықтыруы, өзіне деген сенімін ширатып отыруы керек. Сезімнің сыртқа қандай формада шығуы туралы да көп ойланып, қызбалыққа берілмеудің әдістеріне арнайы жаттығу жасап дағдылануы тиіс [106,б. 192].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануы және оны өз кәсібінде ұтымдылықпен қолданып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуі үшін оның тұлғалық болмысында тіл табыса білу, басқаның сезіміне, жай-күйіне деген түсіністік танытуы, балаларды оқу-танымдық әрекеттерге ұмтылдыруда адамдық мейірімімен, ұстаздық махаббатымен қуаттандырып, күш-жігер беріп отыруы сияқты психологиялық-педагогикалық жақсы қасиеттер қалыптасқан болуы керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білімдік ортасын жобалауға дағдыландыруда олардың бойында болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде келесідей психологиялық-педагогикалық дағдылар қалыптасуы міндетті болып табылады. Олар:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзінің педагогтік қызметіне және инновациялық жаңалықтарды енгізіп отыру үдерісіне деген сенімді болуы;
- ақпараттық білім ортасын жобалауда оның жүзеге асырылуы тек оқушымен жақсы тіл табысуы орнатқанда ғана нәтижелі болатынын түсіну, сондықтан оқушылардың пікіріне әрдайым құлақ асуға дағдылануы;
- ақпараттық білім ортасының көздейтін мақсаты оқушыларға сапалы білім беру, сапалы дағдылар қалыптастыру болғандықтан, алға қойылған мақсатының жүзеге асуына аса керекті мәселе – оқу-танымдық үдерісте оқушымен өзара түсінісе отырып әрекет етуге бетбұрыс жасауы;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануы барысында ол ортаның ашық жүйелік сипатын есінде тұтып, әрдайым іскерлікпен оны толықтыруға, өзгертуге, өзінің жаңа идеяларымен толықтыруға мүдделі болуы керек, соған үйренуі тиіс;

- сабақты немесе тәрбиелік іс-шараны өткізу барысында мұғалім өзінің оқушыға меңгертетін білімін бірігіп іздеуге қарай бұра білуі керек, тәрбиелік іс-шараны ұйымдастырып өткізуде, оқушының өзін орындаушы және көзделген дағдыларды меңгеруші болу бағытын ұстана білуі керек;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі әрдайым өзінің қандай қабілеті бар және қайсысын дамытуы керек екеніне өзіндік талдау жасап, рефлексиялауға дағдылануы керек; мысалы, шешен сөйлеу, каллиграфия, өлеңдерді жатқа оқу, ән айту т.б. [93,б. 240].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жоғары оқу орнындағы білім алуындағы жетістіктері, ғылыми және практикалық оқу-танымдық әрекетіндегі жақсы нәтижелер, көп ретте, олардың психомоторлық үдерістерінің дамуымен байланысты екені белгілі. Студенттің оқу-танымдық әрекетінің психологиялық жүйесінде жүйке үдерістерінің сенсомоторлық интеграциядағы өзара әрекеттесуінің жылдамдығы маңызды орынға ие болып келеді. Ал ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-танымдық әрекетте пайдалану болса, бұл үдерістің қарқындауына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалаумен байланысты болғандықтан, студенттің ақпараттық технологияны қолданудың алдыңғы айтылғандардан да жоғары тұрған деңгейіне шыға алуын қамтамасыз ету міндеті айқын танылады. Бұл жерде студент – ақпараттық технологияны қолданып білім алушы ғана емес, ақпараттық білім ортасын жобалаушы және сол жүйе арқылы бастауыш сынып оқушыларына білім алуды үйретуші мұғалім, болашақ бастауыш сынып мұғалімі. Осы тұста, студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде келесідей үш бағытта білім алуы керектігі анықталып отыр. Ол бағыттар:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруда оларға ұстаздық тұлғасын осы бағытта дамытуға тірек болатын арнайы психодидактикалық тренингтер өткізу;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруда психодидактикалық семинарлар сериясын ұйымдастыру; семинар сабақтарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің ақпараттық білім ортасын жобалаудың психодидактикалық ұстанымдарын тәжірибе жүзінде меңгерту;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгерту іс-шаралары студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі мамандығына мақтанышпен қарауына және өзін құнды маман ретінде бағалай білуі үшін өзіне деген тұлғалық көзқарасын қалыптастыру маңызды болып табылады;

- ақпараттық білім ортасын жобалауға үйрету үдерісінде студенттерді жүйе, ашық жүйе заңдылықтарын игеруге және заман дамуымен бірге АБО сандық және сапалық қырынан өзгертуге, толықтырып отыруға, сөйтіп, догматтық білімге айналмаудың жолын ұстануға дағдыландыру да маңызды психодидактикалық тетіктердің бірі болып табылады.

Ақпараттық білім ортасын жобалау студентке оның болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде болмсына да, болашақта одан білім алатын шәкірттерінің де өмір сүру формасы мен тұрмыстарына, нақтырақ айтсақ, қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне, біліміне, мәдениеті мен құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік құрылымына, жеке тұлғалық болмысына, кешенді түрде әсер ететін болады. Өйткені ақпараттық білім ортасын жобалауда білім берудің-білім алудың индивидуалдық формасы және виртуалдық білім алу формасы айрықша орында болатыны белгілі. Келер заман оқушысының жеке тұлғасының ішкі құрылымдық жүйесін өзгеруі жаңа білім жүйелерінің, жаңа педагогикалық технологиялардың ықпалының әсері болып табылады. Білім беруді сапалы деңгейге көтеру мақсатын ұстанған АБО-ны шынайы өмір болмысы туралы ақпаратты тек білімді жинау, өңдеу, өзгерту, сақтау, тасып-жеткізу жүйесі деп анықтауымызға болады. Бірақ ақпаратпен жасалынатын осы әрекеттерді орындау барысында оқушының өзгеретіні, ойлау, сөйлеу, қозғалу, қарым-қатынас жасау, өзін дербес немесе қоғам мүшесі ретінде сезіну, құндылықтар жүйесін қалыптастыру сияқты және тағы басқа психикалық ерекшеліктері өзгеретіні де анық. А.Г. Асмоловтың пікірінше, ақпараттық білім технологиялары - адамның өзін ұстауының инновациялануына, жаңашалануына алып келетін тиімді мотивация құралы [127]. Ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы оқушыларға білімді меңгертудің тиімділік көрсеткіштері жоғарылайтыны жөнінде көптеген зерттеулердің жақсы нәтижелерге қол жеткізгені белгілі. Ол зерттеулерде, педагогикалық тәжірибелер баяндалған еңбектерде, арнайы кітаптарда оқушылардың білім алу үдерісін сандық жүйеге енгізу, жаһандық желіге қосу арқылы жоғары жетістіктерге қол жеткізілгені көрсетілген. Білім берудің жаңа технологияларын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын оқу үдерісіне енгізу, білім мазмұнын жаңашаландыру, оқушының, жастардың білім алуындағы отбасының маңызды орнын одан әрі күшейту, мұғалімдердің білімін әрдайым жетілдіріп отыру факторлары және ақпараттық білім ортасы мен оқушылардың когнитивтік қабілеттерінің деңгейі өсуінің арасындағы байланысты сақтап отыру сапалы білім беру деңгейіне жеткізе алады. Ақпараттық білім ортасын жобалау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерге бұл жүйенің келесідей психологиялық оң қырларын айқын танытады:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі АБО - баланың көрнекі-бейнелі ойлауын дамыту құралы болатын көрнекілік ұстанымының жүзеге асырылуы болады;
- АБО - оқушылардың ойлауы, сөйлеуі, зейін қоюы, қабылдау, есте сақтау сияқты маңызды психикалық үдерістерін белсендіру ұстанымдарын жүзеге асыра алады;
- АБО – бастауыш мектеп оқушысының оқуға деген мотивациясын жоғарылата алатын педагогикалық жүйе;
- АБО бастауыш сынып оқушысының көру, есту, сезу, тыңдау сезімдерін жетілдіре отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын педагогикалық жүйе болады;

- болашақ мұғалім АБО жобалауында бастауыш сынып оқушысының жайлы, жағымды эмоциялық фонда білім алуына негіз қалауды үйренеді;

- АБО жобалауында болашақ педагог-маман өзінің де, оқушыларының да жаңа ақпараттармен дер кезінде танысуға дағдыланады, нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде, оның болашақ оқушыларында түрлі ақпараттар ағынында дұрыс бағыт таба білуге, алгоритмдік әрекет элементтерін дамытуға, бейнелік және логикалық ойлауға дағдыланады.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау барысында олардың бойында психологиялық-педагогикалық жаңа қабілеттер ашылуы қамтамасыз етіледі. Ол қабілеттер білім алып жүрген жастардың бойында өзіне, біліміне, болашақ педагогтік кәсібіне деген сенімін терең тамырландырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымдық-мазмұндық моделін түзу қажеттігі осы айтылғандардан туындады.

2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың бағыттары

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі трансформациялық өзгерістер, білім берудің түрлі деңгейлерін қамти келе, оқу орындары жүйесінің құрылымдары мен олардың әлеуметтік функцияларын дамытып отыр. Осындай қарқынды өзгерістер қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік деңгейдегі сапалы білім стандарттарына қол жеткізуге жетелейді. Соның ішінде білім беруді ақпараттандырудың және ақпараттық білім ортасын жобалаудың да түрлі модельдерін жасауға негіз қалайды.

Білім беру саласын ақпараттандырудың әлеуметтану тұрғысынан танылатын ерекшеліктері болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-білім ортасын жобалаудың сапалы моделін құруға тірек болады. Ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы білім берудегі жаңа әлеуметтік-мәдени нормалар мен ұстанымдар жүйесі қалыптасады. Әлеуметтік-мәдени инновацияның жаңа формасы ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім кеңістігін жобалаудың, сонда тек білім саласы үшін емес, жалпы қоғамның жаңа өзгерістеріне де жаңаша серпін берері анық.

Негізінен, оқу үдерісіндегі әрекет стратегияларына, ақпараттандырудың білім беру мотивациясының құрамына енуіне, білім берудің мақсаты мен оған қол жеткізудің құрал-тәсілдерін таңдауына басым назар қоятын іс-әрекет парадигмасына сай қарайтын болсақ, ақпараттық білім ортасын жобалау білім берудің әлеуметтік стратегияларының бірі болып келеді. Ол әлеуметтік стратегияның көздейтін нысаны оқытуды компьютерлендіру ісін қарқындату мақсатымен білім беру жүйесін ақпараттандыру болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің, олардың болашақ шәкірттерінің білім беру/білім алудағы ұстанымына және өмірлік ұстанымдарының біріне айналғанда ғана білім беруді ақпараттандыру үдерісіне енгізілген әлеуметтік-мәдени жаңашылдық шынайы түрдегі жаңа болып саналады.

XXI ғасырдың маңызды қыры - адамға байланысты әлемдегі барлық салалардың, ғылымның, өндірістің, білім берудің, ақпараттандырылуы аса зор қарқынмен жүріп жатқандығы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялық ендігі ретте, ғылым мен қоғам дамуының ерекше катализаторы ретінде қызмет атқаруда.

Бұл бағыттың дамуы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында былай деді: «Біздің міндетіміз – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көшбасшылықты нығайту. Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу қажет. Қазақстан технологиялық серіктестік орнату, мәлімет орталықтарын құру және

орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін ашық юрисдикция ретінде өзіндік брендке айналуы тиіс» [128].

Қазақстанның ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың философиялық маңызы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар ақпараттық-коммуникациялық технологияның әлеуметтік, қоғамдық маңызын жан-жақты қарастырады [129].

Білім беру саласын ақпараттандыру қазақстандық білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде, күн тәртібіне өзектілігімен қойылуда. Ақпараттық білім ортасын құру арқылы жоғары оқу орны студенттерінің білім алу сапасын оңтайландырудың және тиімділігін арттырудың жаңа деңгейдегі жолы қаланды деуге болады.

Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-білім ортасын жобалау - өзіндік әдіснамасы бар, теориялық негіздері анықталған, практикалық-әдістемелік жүйесі анықталған, бастауыш мектеп оқушыларына білім беру мен тәрбиелеу бағдарын ұстанған үдеріс бола алады. Бұл үдерісс, әлеуметтік құбылыс ретінде өзіндік ерекшеліктерге де ие болып келеді.

Ақпараттар ағыны мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму қарқыны, білім беру үдерісіне АКТ-ның қарқындап енгізілуі, қоғамның да біртіндеп өзгеруіне, «ақпараттық қоғамға» айналуына алып келді. Білімді ақпараттандыру мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдардың пікірінше, «білімді ақпараттандыру, оның іске асырылу бағытына тәуелсіз, бүкіл білім жүйесінің қызмет етуіне, сонымен қоса, бүкіл қоғам өміріне де бүтіндей әсер ететін адам қызметінің кең, көп қырлы саласы болып табылады» [9,б. 544].

Ұ.Сыдықов өзінің «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» атты кітабында былай дейді: «Қоғамымызды жаппай ақпараттандыру, әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу үдерісі дамыған сайын, оның пайдасымен бірге, келеңсіз жақтарының да қатар өсуі заңды құбылыс. Сондықтан да қазіргі қоғамға өзін-өзі үнемі дамытуға қабілеті бар, демократия, гуманизм, мәдениет сықылды жалпыадамзаттық бағалы қасиеттерді бойына сіңіріп, халқының тарихы мен салт-дәстүрін білетін, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгерген, өзінің ойы мен істеріне жауап бере алатын, саяси құқықтық мәдениет пен басқарудың нарықтық ұстанымдарын білетін, жан-жақты, жоғары білікті маман қажет» [25,б. 10-13].

Қазақстан Республикасында қоғамды ақпараттандыруға қатысты зерттеуші ғалымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру міндетін негізгі міндеттер қатарында таниды. Өйткені қоғамымыз дамыған сайын ақпараттандыру саласы қарқындауда, ал ондай қарқынды құралды басқару тек ақпараттық технологияның қыр-сырын және ақпараттық мәдениет негіздерін меңгерген білікті мамандардың ғана қолынан келетінін ғалымдар атап көрсетеді [25,б. 10-13].

Сонымен бірге ақпараттық қоғам мүшесінің ақпараттық мәдениетінің құрылымын, олардың мәнін анықтайды. Ақпараттық мәдениет, ғалымдардың көрсетуінше, бірнеше ішкі байланыстағы элементтерден тұрады, олар: аксиологиялық, қатынас этикасы, танымдық-зияткерлік, болжамдық,

қолданбалы, құқықтық, эргономикалық. Ол элементтердің әрқайсысының ақпараттық мәдениеттің жүйелік болмысын құрауда атқаратын қызметі олардың мәні арқылы көрсетілген.

Біздің зерттеу жұмысымызда олардың маңызды орны болғандықтан оларды атап көрсетеміз [9,б. 544]:

- адамның ақпаарттық қызметінің құндылықтарын жеке тұлға деңгейінде қабылдау құндылық яғни аксиологиялық элементті білдіреді;
- информатика мен ақпараттық технологиялар саласында қарым-қатынас пен ынтымақтастық мәдениеті, телекатынастардың мүмкіндіктерін тұлғааралық және ұжымдық әрекеттестігі үшін пайдалану, ақпараттық қатынастар, саласындағы өнегелі тәртіп – қатынас этикасы элементінің мәнін танытады;
- ақпараттық технологиялар саласындағы құзырлылық пен еркін хабардар болу, ойлаудың оралымдығы мен бейімделгіштігі - танымдық-зияткерлік элементтен туындайды;
- ақпараттық қызметтің болуы мүмкін салдарын алдын ала білу, үздіксіз жаңарып отыратын ақпараттық ағынға кәсіби-әлеуметтік тұрғыдан бейімделу – болжамдық элементтен болады;
- өзінің кәсібіне байланысты міндеттерді тиімділікпен шешу үшін ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін барынша қолдана білу - қолданбалы элементтің мәнісін білдіреді;
- ақпараттық қарым-қатынас жасауды реттеудің басты нормаларын білу және соған сай орындау, ақпараттық технология көмегімен жасалынған әрекеттерге өзінің жауапкершілігін мойындау - құқықтың элементтің мәнісін танытады;
- өзінің мамандығына байланысты ақпараттық-кәсіби жұмыстарды орындаудың, жұмыс жасауды ұйымдастырудың ғылыми негізделген ережелерін білуі, денсаулығы үшін қауіпсіздік ережелерін сақтау – эргономикалық элементтің мәнісін көрсетеді.

Бастауыш мектеп мамандарын дайындаудың барлық білімдік траекториясында, мейлі, ол бакалавриат болсын, мейлі магистратура болсын, докторантура болсын, мектеп оқушысының, студенттің, магистранттың базалық дайындық деңгейінің нық сенімді көрсеткішке қол жеткізу болып табылатыны белгілі. Сондықтан студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде ақпараттық білім ортасын жобалауға жетік дағдылануы қазіргі заманда жоғары білім беру жүйесінің қажетті шарты болып отырғанын да атап кету керек. Бұлай болуының өзіндік іргелі себептері де белгілі.

Ақпараттық қоғамның қарқындап дамуы, тез өзгеріп жатқан технологиялық өнімдер, адамдардың жас өркен балалардың ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеруге деген икемделуі, ақыл-ой, сенсорлық даму мүмкіндіктерін соларға бейімдеуі өмірдің жаңашылдығы ғана емес, балаларды оқытуға қойылатын болашақ талап болып танылуы керек.

Сонымен бірге қазақстандық білім беру жүйесінде жаңа білім мазмұнының енгізілуі және ол білім мазмұнының ескі оқу материалының мазмұнын жаттауға емес, өмірге бейімделуге қажетті іс-әрекеттерге дағдыландыруды көздейтін оқу

мақсаттарының иерархиясынан құралғандығы, оқушыларды өмірге бейімдеуге бетбұрыс жасалғандығы да – мұғалімнің оқушының даму деңгейінен қалып қоймай, оны басқарып, жетектеп отыратын функциясынан айырылып қалмауы үшін, ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануын талап етіп отырған ерекше деп санауға болатын әлеуметтік құбылыс.

Онлайн-оқу, қашықтан білім алу, мұғалімнің оқушыға меңгертетін білім мазмұны бойынша көптеген ақпараттық ресурстардың көзін тауып, оны дидактикалық електен өткізіп, дидактикалық бейімдеп, оқушыға сабақтың тақырыбы бойынша өз бетімен ізденуге қажетті ресурс ретінде ұсынуға дайындалуы – тағы да АБО жобалаудың күнделікті педагогикалық тәжірибеге айналғандығының потенциалын дәлелдейтін мәселе.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын жобалауға даярлауда арнайы курс өткізу студенттердің жоғары білім алуға деген тұлғалық-бағдарлы ұстанымының маңызын арттырады, өз мамандығын игеруге деген мотивациясын жоғарылатады және болашақ қызметінің сапалы және оңтайлы болу жолдарын өз бетімен іздену, әдістемелік-дидактикалық тұрғыдан сапалы етіп ұйымдастыру, басқару және нәтижесін анықтау дағдыларын меңгертеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың дидактикалық мүмкіндіктері студенттерді өзінің алдағы уақытта атқарар ұстаздық қызметінің нақты үдеріс ретіндегі болмысын сездіре алады. Өйткені, студенттер дидактиканың ақпараттық білім ортасымен тығыз байланысын өз мүмкіндіктерімен жобалай отырып, пассивтік дәріс тыңдаушыдан, семинардағы репродуктивтік деңгейден ендігі ретте шығармашыл танымдық деңгейге көтеріледі.

Ал шығармашылық танымдық деңгейдегі қол жеткен жетістіктер студенттің өзін-өзі тануына, сол арқылы өзіне деген сеніміне, белсенді шығармашыл әдістерді сенімділікпен қолдануға деген құлшынысын оятады.

Білім берудің әлеуметтік негіздерін зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдау барысында, заманауи қоғамның ақпараттануы тек техникалық прогрестің жемісі емес, ендігі ретте, олар – әлеуметтік сипатқа ие болған құбылыс деп танитынын көруге болады [127].

Ақпараттық білім ортасын жобалауды әлеуметтік құбылыс ретінде тану осы құбылысты бірнеше қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Оны келесі суреттен көруге болады.

Сурет 9 - Ақпараттық білім ортасын жобалаудың әлеуметтік қырлары

Суреттен көріп отырғанымыздай, білім беруді ақпараттандыру – тек оқу үдерісіне техникалық құралдарын жеткізу емес, оның әлеуметтік-философиялық мәні тереңде жатыр. Өйткені ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы білім беру үдерісін өзгерту мүмкіндігі пайда болады.

Ал білім беруді ақпараттандыру үдерісс болса, өз кезегінде тұтас қоғамның өзгеруіне алып келеді. Сөйтіп, педагогикалық жаңа ізденістер, жаңа зерттеулердің әлеуметтілігі ақпараттық білім ортасын жобалаудың әлеуметтану негіздерін, философиялық маңызын жаңа талаптармен қарастыруды қажет ететіні танылады.

Әлеуметтік философия мәліметтеріне сүйенсек, адамзаттық өркениет тек білімді өркениет ретінде ғана өзін аман-сау сақтап қала алады. Ал нақты елдердегі нақты қоғамдар - тек білімді қоғам ретінде өзін сақтап қала алады. [130].

Білімнің қоғамдық зияткерліктің дамуын қамтамасыз ететін басты әлеуметтік тектіліктің тетігі екенін анықтай келе, философтар, білімді мемлекет мақсаттарының ішіндегі ең басым мақсат екенін атап көрсетеді.

Білім, өзі дербес тұрғанда емес, қайнаған өмірмен қайнаса араласқанда ғана құндылығын таныта бастайды. Мұны қазақстандық қоғамда өмір сүретін әрбір адам өзі де сезінуде.

Өйткені білім – мектеп бітіріп, ересек өмірге кіргенде қолданатын қазына емес, күнделікті, сәт сайын қажет құндылыққа айналды. Оған себеп болып

отырған ақпараттық-коммуникациялық технологияның қарыштап дамуы және өмірімізге оның нәтижелерінің сәт сайын араласып отырғаны екені белгілі.

Білім берудің әлеуметтік-философиялық маңызын зерттеушілер білім алудың күн сайын маңызы артуын жан-жақты қырдан зерттеуде [131].

Осы тұрғыдан, білімнің социоморфтық ұстанымы туралы тоқталуға болады. Бұл ұстанымды енгізген А.И Субеттоның айтуынша, социоморфтық ұстанымның мәнісі – әлемнің кез келген елінде берілетін білім ерекше, дербес, сол елдің әлеуметтік, экономикалық, ұлттық-этностық, демографиялық, мәдени және тағы басқа қатынастарына сәйкес болып келетінін мойындау болып табылады [132].

В.Д. Шадриков мектептердің оқу және тәрбие жүйесін халықтық, ұлттық рухани қазыналар негізінде күшейте келіп, әлемдік білім беру қазыналарымен байланысқа түсу жолын негіздейді. Осы ғалымдардың айтуынша, социоморфтық ұстаным мемлекеттің білім беру векторының дайындықсыз, материалдық жабдықтаусыз басқа елдің бағытына түсіп кетпеуін қадағалайды [133].

Білім беру кеңістігіндегі ақпараттандырумен байланысты болып жатқан үрдістер, әлеуметтік құбылыс ретінде, терең талдап, зерттеуді, алдағы туындайтын жаңа құбылыстарды түсіну үшін жаңа бағыттағы зерттеулер жасауды керек етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға қатысты жасалған талдаулар осы бағыттағы ғылыми мәселелердің көкжиегі кең және мәселелері терең екенін көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әлеуметтану-философиялық бастау көздерін талдап, әлеуметтік және философиялық негіздерге сүйене отырып, тақырыптың маңызды бағыты - дидактикалық негіздемесін талдауға өтеміз.

Дидактика – педагогиканың білім беру мен оқыту теориясын зерттейтін саласы. Ақпараттық білім орта дегеніміз – педагогикалық жүйенің өзі және сол жүйені қамтамасыз ететін кіші жүйелер. Яғни ақпараттық білім ортасы дегенде, ақпараттық, техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілген, білім субъектілері – оқытушы мен студентпен тікелей байланысты жүйелі түрде ұйымдастырылған жиынтықты айтамыз. Сонда ақпараттық білім ортасын жүйе деп алатын болсақ, оны құраушы ішкі жүйелердің, атап айтатын болсақ, материалдық-техникалық жүйе, қаржылық-экономикалық жүйе, нормативтік-құқықтық жүйе, басқарушылық және маркетингтік жүйелер кіші жүйелері бар екенін түсінеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын (ОАБО) педагогикалық тұрғыдан жобалаудың ерекшеліктері туралы қарастырғанда, оның педагогикалық жүйе екенін басты назарда ұстау керектігі белгілі. Педагогикалық жүйе дегеннің мәнісі, зерттеліп отырған ОАБО-ны педагогикалық құбылыс ретінде қарастырады. Ал педагогикалық жүйе ретінде ОАБО жүйесі өзін құрайтын көптеген педагогикалық компоненттерден тұратыны анықталады. Ол компоненттер – жүйенің оқыту мақсаты, оқыту

міндеттері, оқыту мазмұны, оқыту әдістері, құрал-жабдықтары, ұйымдастыру формалары, педагогтер, студенттер.

Қарастырып отырған ОАБО жүйесін жобалаудың педагогикалық жүйе ретіндегі дидактикалық ерекшеліктерін қарастырайық. Жобалау – қазіргі күні кәсіби педагогтер дайындауда асқан қажеттілік танытып отырған құбылыс. Өйткені, жаңа инновациялық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар педагогикалық үдерісте сапалы қолданылуы үшін, ол технологиялар мен инновациялар педагогикалық үдеріске бейімделіп, жүйеге түсірілуі қажет екені белгілі.

Жобалаудың заңдылықтары мен талаптарын зерттеген В.П. Беспалько [134], М.В. Кларин [135], В.В. Краевский [121,с. 165], А.С. Мещеряков [136], М.М. Поташник [137], С.И. Архангельский [138], П.В. Кузьмина [139], В.М. Монахов [140] және тағы басқа ғалымдар болашақ мұғалімдерді инновациялық қызметке дайындауды жобалаудың теориялық та, практикалық та маңызы үлкен екенін бірауыздан қолдайды. Өйткені, жобалау арқылы студенттерді болашақ педагогтік қызметінде инновациялық технологияны қалауынша пайдалануға үйрету мүмкіндігі мол.

В.П. Беспалько төмендегі суретте көрсетілгендей модель ұсынған болады [121,с. 165].

Сурет 10 - В.П. Беспалько бойынша педагогикалық жүйе сипаты

Педагогикалық жүйе туралы зерттеген Н.В. Кузьмина оның анықтамасын былай деп көрсетеді: «өсіп келе жатқан ұрпақ пен ересек адамдарды тәриелеу, білім беру мен оқыту мақсаттарына бағындырылған өзара байланысқан құрылымдық және функционалдық компоненттердің жиыны» [139].

Білім беруді ақпараттандыру және ақпараттық білім ортасын құрудың педагогикалық, дидактикалық мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың еңбектері зерттеу тақырыбымыздың бастау көздері ретінде, диссертациялық жұмысымыздың педагогикалық, дидактикалық негіздемесін жасауда басшылыққа алынып отыр.

Олардың ішінде, атап айтатын болсақ, Балықбаев Т.О. [42], Бидайбеков Е.Ы. [141], Баймұханов Б.Б. [142], Нұрғожин М.Р. [143], Қараев Ж.А. [144],

Шәріпбаев А.А. [145], Нұрғалиева Г.Қ. [24,с. 119], Муканова С.Д. [146], Нәбиев Е.А. [147], А.Б. Нұров [148], Нұрбекова Ж.К. [149], Сағымбаева А.Е. [44,б. 223], Сыдықов Б.Д. [25,б. 10-13], Бектұрғанова Р.Ч. [150], Тажигулова А.И. [151], Ахметов Б.С. [152] және көптеген басқа да ғалымдардың еңбектерінде білім жүйесін ақпараттандырудың ғылыми негіздері мен қолданбалы мәселелері қарастырылған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын педагогикалық жүйе ретінде қарастыруда АБО-ны жобалауды оқыту үдерісі үшін маңызды болатын педагогикалық жүйенің ерекшеліктерін атап кету керек. Өйткені, ақпараттық білім ортасын жобалаудың негізгі дидактикалық мүмкіндіктерін танып-білу – болашақ бастауыш сынып мұғалімі үшін аса маңызды. Оларды біліп, қажет тұсында қолдануға дағдыланған студент, өзінің келешектегі мұғалімдік қызметінде білім беруді әрдайым жаңаландырып отыруға бейімделіп, алға қойылған жоспарларға қол жеткізуде көпқырлы қызметтерді кәсіби шеберлікпен атқара алатын болады.

Бұл дидактикалық мүмкіндіктерді келесі суреттен көруге болады.



Сурет 11 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың білім ортасын жобалауының негізгі дидактикалық мүмкіндіктері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың білім ортасын жобалауының негізгі дидактикалық мүмкіндіктерді қарастырған еңбектерге [24,б. 119] сүйеніп, ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама беріп өтеміз. Ол ерекшеліктер келесідей болып келеді:

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың білім ортасын жобалауының икемділік сипаттамасы болашақ мұғалімнің икемді құрылымдағы ақпараттық орта құруға дағдылануын және мұғалім қолданатын педагогикалық технологиялардың өзгеруіне байланысты, ақпараттық ортаның да соған икемделе алатын болуынан танылады;

- ОАБО-н жобалау – біртұтас жүйе, өйткені бұл жүйенің ішкі құраушы компоненттері іштей өзара бірлікте болады, ол бірлік педагогикалық үдерістің

субъектілері – оқытушы мен студенттердің саналы іс-әрекетінен туындайды, оқу материалының инвариантты мазмұнын, оқыту мақсатына қол жеткізуге қолдау беретін оңтайлы оқу әдістері мен тәсілдерін ескере отырып құралады; Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасының тұтастығы сипаттамасының арқасында оқыту үдерісінің мақсатқа сай өтуі жүзеге асады, яғни сабақ барысында қол жеткізілуі көзделген нәтижелері мен соған жетудегі оқытушы мен студент орындайтын оқыту/оқу әрекеттері анықталады;

- ОАБО-н жобалау – ашық жүйе ретінде анықталады; ашық жүйенің артықшылығы сонда, тұтас қазақстандық қоғамның, адамзаттық қоғамның ақпараттық кеңістігімен, ақпараттық-білімдік кеңістігімен өзара байланыста болуымен қамтамасыз етіледі; Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасының ашықтығы ақпараттық білім ортасының ақпараттық кеңістікпен өзара қатынасының нәтижесі ретінде танылады; ақпараттық кеңістіктің өлшеусіз, шексіз мүмкіндіктері вариативтік оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады;

- ОАБО-н жобалау - көп функционалды жүйе болып табылады; өйткені, ақпараттың білім ортасы – бір жағынан, студенттер үшін білім алу көзі болып қызмет етеді, екінші жағынан, студенттердің болашақ өз оқушыларына арналған оқу-әдістемелік АБО құруына қажетті материалдар әзірлейтін «өз бетімен жұмыс жасау алаңы» қызметін атқарады;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудағы ақпараттық білім ортасының вариативтілігі – әр студенттің өзіндік білім траекториясын таңдау мүмкіндігімен сипатталады;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудағы ақпараттық білім ортасының визуалдылығы құбылыстар мен үдерістерді көру арқылы қабылдауға бейімделген түрде ұсынуды білдіреді;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудағы ақпараттық білім ортасының интерактивтілігі - осы АБО жүйесінің бір дидактикалық сипаттамасы; ол оқу жетістіктерін жедел бақылау жасауға, түрлі білім көздеріндегі оқу ақпараттарына қол жеткізуге, студенттің жеке жұмыс жасауын ұйымдастыруға, студенттердің өз бетімен білім іздеуде, ақпарат табуға, өзгертуге, сақтауға, жіберуге, өңдеуге жасалатын мүмкіндік болып табылады.

Қазіргі интернеттегі ғылыми білім жинақталған ресурстар болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың білім ортасын жобалауында жемісті қызмет атқаруы үшін, арнайы дағдылар қалыптастырылуы керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өз заманы алдына қоятын түрлі талаптарына жауап бере алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына, университетте алған білімін орнымен және дұрыс жұмсауы үшін жауапкершілігін арқалайтын, өз жұмысын өзі жақсы ұйымдастыра алатын маман ретінде қалыптасуына игі ықпал етуге керекті мүмкіндіктер ұсынылуда. Көптеген пәндерді «қалай да оқу керек» деген мотивацияны міндеттеудің орнына, студенттің өзінің болашақ кәсіби және жеке тұлғалы өміріне қажетті курстарды өзі таңдау мүмкіндігіне дағдыландыру керек.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі үшін ақпараттық білім ортасы білім беру үдерісінің тиімділігін жоғарылататын ерекше жүйе болып табылады. Ол жүйе белгілі бір тәртіппен құрылымға түсірілген ақпараттардың, оны игеру технологияларының, және ақпаратты түрліше өзгерту құрал-тәсілдерінің жиынтығынан құралады.

Ақпараттық білім ортасының педагогикалық тұрғыдан алғанда нәтижесі жақсы болуының шарты – осы жүйенің мазмұны мен құрылымындағы компоненттерге ғана тәуелді емес. Ең бастысы, оқытушы мен студенттердің сол жүйенің компоненттерімен қалай байланыс жасап, қандай қарқында қатынас құратындығында болады.

Ақпараттық білім ортасы компоненттерінің статикалық күйде тұрғанда студенттерге тигізетін пайдасы дәстүрлі кітаппен оқудай ғана болады. Ал егер АБО компоненттерін түрліше комбинациялар жасау арқылы және түрлі әдістер арқылы, өзгертулер жасап, жаңа ақпарат алу әдістерін қолдану арқылы меңгеретін болса, сонда ғана негізгі көздеген мақсатқа қол жеткізіледі. Оқытушы мен студенттің белсенділігі ғана АБО-н қолданудың сапалы білімге жеткізетін жүйе екенін көрсете алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын жобалауға дағдылануын дидактикалық тұрғыдан негіздеуде мынадай бағдарлар ұстану тиімді болады деп ойлаймыз.

Бірінші бағыт бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын жобалауының әлеуметтік-философиялық негізін қамту. Мұның мәнісі болашақ бастауыш сынып мұғалімі студенттің өзі ақпараттық ортаның субъектісі және сол мезетте объектісі қарастырылатынын білдіреді.

Екінші бағыт бойынша, ақпараттық білім ортасының студентті өз бетімен білім іздеу және өзіндік білім алу жолын қалыптастыруға дағдыландырудың ғылыми-әдіснамалық негізі қамтылады. Ашық ресурстардан білім іздеп табу, оны өзіндік ғылыми тұрғыда қалыптасқан белгілі бір көзқарасы бойынша сұрыптай білу, оқу міндеттерін шешуде оны логикалық орнымен қолдана білу – студенттің жеке тұлғалық қасиеттерінің де жетілуіне жетекшілік жасайтын үдерістер.

Үшінші бағыт бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімін ақпараттық білім ортасын жобалауға үйретудің әдістемелік негізі қамтылады.

Төртінші бағыт бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімі, қазіргі студентті белгілі бір көзделген кәсіби шеберлікке, яғни үшінші бағытта көрсетілгендерге үйрету үдерісін белгілі бір деңгейде әзірленген ақпараттық білім ортасы арқылы жүзеге асырудың мазмұны қамтылады. Нақтырақ айтсақ, тұжырымдамасы айқындалған, арнайы курс бағдарламасы мен оны оқытудың АБО әзірленеді. Үшінші және төртінші бағыттарда айтылғандар студенттің осы үдерістің субъектісі және объектісі дегенімізді түсіндіре алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын жобалау дидактикалық үдерісті қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешен жасалуын әзірлеу талаптарымен байланысты қарастырылады. Арнайы оқу-әдістемелік

кешен дайындауда ақпарат берілуінің жүйелілігі мен нұсқалығын қамтамасыз етілуі көзделеді, сонымен қатар, студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіби тапсырмаларды орындай білу дағдыларын, ақпараттық ресурстарды оқу мақсатына лайықты және дұрыс, тиімділікпен пайдалану дағдысы қалыптастырылады. Осындай жағдай туындағанда ғана АБО – студенттердің білім алу үдерісіне жайлы және тиімді деп танылады.

Әрине, педагогикалық жүйенің жүйеқұраушы элементі болатыны белгілі, ол – оқыту мақсаттары. ОАБО жүйесінің мақсаттары өзара мақсаттардың иерархиясын құрайды. Оны келесі суреттен көруге болады.

Сурет 12 - ОАБО жүйесінің мақсаттары иерархиясы

Осы мақсаттардың ішінде зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отырғаны – үшінші мақсат, яғни болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық білімдік ортасын жобалау.

Болашақ мұғалімдерді дайындауда ақпараттық білім ортасын жобалаудың педагогикалық ұстанымдарын қарастырған ғалымдардың айтуынша, осы мәселені зерттеген әр ғалым өз көзқарасы тұрғысынан ұстанымдар ұсынатынын атап көрсетеді және он шақты ұстанымдарды сипаттайды [147].

Ақпараттық ортаның дидактикалық ерекшеліктеріне сәйкес, осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен еңбектерге талдау жасай келе, басшылыққа алынатын дидактикалық ұстанымдар талданды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын жобалау мен ұйымдастыруды анықтауда маңызды орын алатын дидактикалық негізгі қағидаттар – болашақ мұғалімдерді дайындаудың мақсаты мен мазмұнын өзара қиыстыратын дидактикалық ұстанымдар. Дидактикалық ұстанымдар білім беру

үдерісін ұйымдастырып, жүзеге асыратын жетекші идея рөлін атқарып, нормативтік талаптар ретінде басшылыққа алынады.



Сурет 13 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың дидактикалық ұстанымдар жүйесі

Ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгертіп, жоғары білікті маман дайындауға бағытталған дидактикалық прицниптер жүйесіне келесі ұстанымдар алынып отыр. Ол ұстанымдар жүйесі біздің тарапымыздан жоғары оқу орнында оқытудың жалпыдидактикалық ұстанымдары мен болашақ бастауыш сынып мұғалімінің нақты ақпараттық білім ортасын жобалауға қатысты прициптер деп түзілді.

Жоғары мектеп дидактикалық ұстанымдары – университетте оқыту теориясының бастау көзі болып табылады, сөйтіп, жалпыдидактикалық ұстанымдар ОАБО-ның мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, оқытудың ұйымдастыру формаларын анықтаудың бағыт көрсетушісі болып табылады. Жалпыдидактикалық ұстанымдар жоғары оқу орындарының заңдылықтарымен тығыз байланысты.

Келесі түзілген ұстанымдар - нақты болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың білім ортасын қалыптастыруда жетекшілік ететін ұстанымдар. Осы ұстанымдар жүйесін жоғарыдағы суреттен көруге болады.

Қандай да бір ұстанымды басшылыққа алуда оны құраушы ережелер мен талаптарды түсінуі керек. Білім мазмұнын, оқу-әдістемелік құралдар, оқу

жүйесін ұйымдастыруда дидактикалық ұстанымдар маңызды қызмет атқарады [153].

ОАБО-ң дидактикалық негіздемесін құраушылардың маңызды тағы бір категориясы - ақпараттық білім ортасында білім алу әдістері мен тәсілдері туралы мәселені анықтау.

Білім мазмұны Стандартта, оқу жоспары мен Жұмыс бағдарламасы, Силлабуста баяндалатыны белгілі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың дидактикалық негіздерін құрайтын білім мазмұнын, дидактикалық ұстанымдар мен дидактикалық әдіс-тәсілдер және студенттерді оқыту формалары туралы қарастыруда осы категориялардың ақпараттық білім ортасына қатысты болуы назарда ұсталынады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ақпараттық білім ортасын жобалауда берілетін білім мазмұны мынадай тақырыптар мен ұғымдарды қамтиды:

- педагогикалық жүйе туралы білім мазмұны;
- жобалау ерекшеліктері туралы білім мазмұны;
- ақпараттық кеңістік туралы білім мазмұны;
- ақпараттық орта туралы білім мазмұны;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және олардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы білім мазмұны;
- ақпараттық білім ортасы туралы білім мазмұны;
- ақпараттық ресурстар және оларды тиімді қолдану әдістері туралы білім мазмұны

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы білім мазмұны дегеніміз – осы тақырып аясында студенттерге, нақтыланған және күтілетін нәтижеге орай білім мен дағдылар жүйесі нақтыланып берілетін білімдік ақпарат көлемі [149].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауда қолданылатын әдістер, тәсілдер жүйесі төрт бағыттағы қызметті орындайды.

- біріншіден, әдістер оқытушы тарапынан қолданылатын оқыту, білім беру әрекетінде қолданылады;
- екіншіден, әдістер студент тарапынан қолданылатын оқу, білім алу әрекетінде қолданылады;
- үшіншіден, әдістер ақпараттық білім ортасын жобалаудың қойылған оқу мақсаттарына сәйкес қолданылады;
- төртіншіден, әдістер ақпараттық білім ортасын жетілдіру бойынша оқытушы мен студенттің бірігіп орындайтын оқу-танымдық әрекетінің сипаты ретінде анықталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың бағыттары туралы ойымызды жинақтай келе, жоғары оқу орындарында қолданылатын әдістер дегеніміз, И.П. Подласыйдың анықтамасымен айтқанда, оқытушы мен студенттің алға қойылған мақсатқа қол

жеткізуі үшін орындайтын тәрітіпке түсірілген әрекеті», - деп түйін жасай аламыз [154].

Жоғары мектепте оқыту формаларының түрлері санаулы болып қалу себебі, ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орны оқытушылық құрамы, көп жылдар бойы университетті бітіре салып жұмысқа тұрған жас мамандармен толығу болды. Бұған қоса, студентке тақырыптың теориялық қырын дәрісте баяндап берсе, студент содан білімді бола алады деген пікір әлі де бел алып отырғандығы белгілі. Сондықтан әдістер мен оқыту формалары туралы нақты эксперименталдық бағдарламадағы әр тақырыптың ерекшелігіне байланысты кең арнада қарастырылады.

2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі

Бұл тармақшада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыру және соның негізінде қажетті құзыреттілігін қалыптастыру міндетін шешетін арнайы моделін анықтау мақсаты алға қойылып отыр. Одан соң жүйеге түсірілген теориялық негіздерге сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесін және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы сынақтан өткізу міндеті шешілуі көзделуде. Осы орайда ең алдымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін жасаудың қажеттігі туындайды.

Ең алдымен, жүйе түсінігіне тереңірек талдаулар жүргізген жөн. Ол үшін Б.Г. Юдин [155], А.Н. Аверьянов [156], И.В. Блауберг [157], А.И.Каценелинбойген [158], Г.П. Щедровицкий [159], А.Д. Урсул [160], О.С. Анисимов [161] және т.б. ғалымдардың «жүйе» ұғымына берген пікірлері бірнеше топтарға бөліп қарастырылды. Атап айтқанда:

- «жүйе» - белгілі бір *әрекет туралы білім* алудың арнайы ұйымдастырылған, сондай-ақ жүйе білімді қоршаған ортаға ықпал етуде тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін құрылым;

- «жүйе» - белгілі бір сыртқы жағдайларда қарама-қайшылықтарды шешуге мүмкіндік беретін *мақсатқа бағытталған қасиеттермен* қажетті және жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген көптеген өзара байланысты, түрлі қатынастардағы элементтер жиынтығы;

- «жүйе» - бұл *конструктивтік әдіснамадан тұратын әдіс*, яғни тұтастық бөліктің алдын-ала жүреді немесе конструктивтік идеялар оны жүзеге асыратын құралдарға белгілі бір дәрежеде тәуелсіздігі туралы қағида;

- «жүйе» - *ішкі байланыстары негізінде ұйымдасқан* және ерекше ақиқатта өмір сүретін бөліктер, байланыстар, қарым-қатынастар мен үдерістер жиынтығы;

- «жүйе» - динамикалық-статистикалық қатынастар арқылы біріккен *элементтердің шектеулі саны*;

- «жүйе» - қандай да бір белгілері бойынша бөліп алынатын қызмет етудің жалпы мақсатымен, басқару бірлігімен біріккен өзара байланысты элементтер жиынтығы, *ортамен қарым-қатынастағы біртұтас құбылыс*.

Жоғарыда «жүйе» ұғымының бірнеше топтарға бөлініп қарастыра келе, жүйеде мәселені жаңаша қою арқылы қарастырылатын объектінің тұтастығы, кешенділігі, күрделілігі, құрылымдары мен қызметі, ұйымдастырылуы мен басқарылуы және т.б. жақтарынан зерттеуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретініне көз жеткізе аламыз.

Байқап отырсақ, жүйе құрылымы *мақсат, міндеттер тізбегі, құрылым, элементтер бірлігі, конструктивтік идеялар-әдістер, қағида, үдерістер жиынтығы, біртұтас құбылыс, құралдар байланысы және т.б.* компоненттерден құралатынын көреміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін жасауда қажетті компоненттер – *мақсат, міндеттер, мазмұн, әдіс-тәсілдер, формалары, құралдар, күтілетін нәтиже т.б*. болады.

Әдістемелік жүйе жасаудың тиімділігі оқу-тәрбие жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, іс-әрекеттер мен шаралардың өзара байланысқан жүйесін білдіреді. Осындай жүйе әрбір мұғалім мен тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған (болашақ мұғалімдердің өз бетімен кәсіби білімін көтеруін, өзін-өзі тәрбиелеу, жетілдіру шараларын басқаруды қоса) шаралар, педагогикалық ұжымның білімдік мүмкіндік шамасын дамыту және арттыру, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, нақты оқушыны білім, тәрбие алу және даму деңгейіне жеткізуге тірек болады.

В.В. Краевскийдің еңбегінде: «оқытудың әдістемелік жүйесі – педагогикалық іс-әрекеттің тұтас моделі», - деп көрсетіледі. Сонымен қатар, В.В. Краевский: «әдістемелік жүйенің компоненттері оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижелері; оқытудың мазмұны; әдістемелік қамтамасыз ету, оның ішінде оқыту әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен құралдары», - деген анықтама береді [121,б. 165].

В.Г. Крысько өзінің зерттеулерінде: «әдістемелік жүйе – бұл оқушылардың оқу тиімділігін арттыруға бағытталған оқу үдерісін жоспарлау мен жүргізудің, бақылаудың, талдаудың, түзетудің өзара байланыстағы әдістерінің, формалары мен құралдарының реттелген жиынтығы», - деп анықтама береді [162]. Автордың пайымдауы бойынша, түзілетін әдістемелік жүйе оқытудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететіндігі айқын танылады.

Әдістемелік жүйенің компоненттеріне талдау жасап өту қажеттігі туындап отыр. Әдістемелік жүйенің құрылымы ондағы элементтердің яғни компоненттердің арасындағы мәнді қатынас деп саналады. Мұнда мәнді қатынас көпфункциялы болуы мүмкін. Мысалы, әдістемелік жүйе құрылымындағы компоненттердің біртектес не бірыңғай болуы олардың «көлденең» байланыстарының болуын қатамасыз етеді де, ал «тігінен» болатын байланыстар жүйенің деңгейлері мен олардың иерархиясын белгілейді. Біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім

ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесіндегі кездесетін компоненттерге жекелей талдаулар береміз.

Мақсат – нақтылы сипаттық нәтижеге бағыттайды (түр мен мазмұнды талап ететін әрекет өнімі);

Міндет – әрекеттің белгілі бір құралдары операциялары, амалы мен материалы арқылы әрекетті іске асыру үрдісіндегі алғашқы нысан негізінде белгілі өнімді алудың талабын тіркеп отырады.

Материал – қажетті өнімді алуға арналған әрекетті жүзеге асыру үрдісіндегі (тасымалданатын) өзгеріп отыратын таңбалық немесе заттық көптеген нысандар; мақсатқа, міндеттерге, сонымен қатар құралдардың құрылымына және әрекетті жүзеге асыру амалдарына толық бағынышты.

Құралдар – әрекет ету үрдісінде өздігінен қайта қарастырылмайтын, бірақ оның материалдарын қажетті шарт ретінде қайта қалыптастыруға қатысатын көптеген нысандар, олар тек қызметі арқылы анықталады, яғни кез-келген нысан құрал бола алады, егер ол құралдың қызметін атқаратын болса (білім, қабілеттілік, білік, ойлау және түсіну амалдары мен операциялары құрал бола алады).

Әдіс – әрекеттің жалпылама көрінісі, ол әрекеттің түйінді сипаттамаларын бере отырып, негізгі сапасын бекітеді.

Әдістеме – әдістерді қолдануға және оның мазмұнын нақтылауда пайда болады, бір әдістің бірнеше әдістемесі болуы мүмкін. Әдістеме логикасы әрекеттің белгілі бір әдістегі негізгі сапасына сәйкес қолдануға мүмкіндік береді. Әдістеме, сонымен қатар әдістерді пайдалануға нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін ережелер мен критерийлерден тұрады.

Әдістемелік жүйедегі компоненттердің барлығы дерлік қатынас әрекетіне тәуелді. Мұндағы *қатынас* – жүйе компоненттерінің арасындағы және оның қасиеттері арасындағы *байланыс тәсілі,* мәнді қатынастарды байланыстырушы қызметін атқарады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесіндегі элементтердің жиынтығы, оның жалпы сипаты әдістемелік жұмыстың қарқындылығын көрсетеді. Ал әдістемелік жұмыс – болашақ мұғалімдердің оқушының ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру – *ақпараттық орта арқылы оқу-тәрбие жұмысын басқару*, болашақ мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білудің маңызды бағыты – оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру. Бұл – бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық білімдік жобалаулар арқылы *танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлік пен дағдыны* қалыптастыратын болады.

Әдістемелік жүйедегі компоненттердің бірі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың

оқыту формалары, бұл – белгілі бір уақытпен және кеңістікте шектелген, *білім алушы субъектілердің өзара тығыз байланысты оқыту/оқу әрекеттері* [163].

Жобалау арқылы студенттерді болашақ мұғалімдік қызметінде инновациялық технологияны жүзеге асыруда қолданатын әдістемелік құралдарды әзірлеуге дайындығын қалыптастыруға болады. Жобалаудың өзіндік ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар жобалауды екіге бөліп қарастырады:

- біріншісі, жобалауды *үдеріс ретінде* қарастырады;
- екіншісі, жобалауды үдерістің қол жеткізген *өнімі ретінде* қарастырады [164].

Негізі, жүйе теориясы ОАБО жобалаудың жалпы ғылыми негізін құрайды. В.П. Беспалько педагогикалық жүйеге: «Педагогикалық жүйе деп, біз дамуға бейімділігі бар болып келген жеке тұлғаны қалыптастыруға ұйымдастырылған, мақсатты педагогикалық ықпал жасауға қажетті, өзара байланысты болып келетін тәсілдердің, әдістердің және үдерістердің белгілі бір жиынтығын айтамыз», - деп анықтама береді [134,б. 300].

Қазақстан Республикасының әлемнің озық елдерінің білім жүйесімен бәсекеге қабілетті болуға потенциалы жеткілікті, дегенмен, жоғары оқу орындарында болашақ педаготердің келер заманға лайықты жобалаудың теориялық және практикалық негіздерін меңгеруі мәселесі арнайы қарастырылмай келеді.

Ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгеру арқылы студенттер диплом алған соң атқаратын өздерінің педагогтік қызметтерін жоғары шығармашылық деңгейде орындауға қалыптасады. Сондай деңгейдегі мұғалімдік қызметі арқылы бастауыш мектепте жақсы сапалы білім береді, сол арқылы болашақ азаматтарға лайықты білік-дағдылар жүйесін қалыптастырады. Осындай, еліміз үшін стратегиялық мәні бар міндетті шешу барысында, студенттердің ақпараттық білім ортасын жобалаушы болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі ынтагер, шығармашылықпен ойланатын және қалыптан тыс шешімдер таба алатын, кәсіби жолының ұтымды жолдарын көре алатын, қолдана алатын, өмір бойы үздіксіз білім алуға бет алған кәсіби-тұлғалық моделін ұсыну қажеттілігі айқындала түседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімге ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгерту оның жобалау мен жобаны жүзеге асрыушы басты тұлға ретінде қалыптасуы тиіс екенін көрсетеді. Жобалауды үйрету мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысқа деген табиғи қызығушылығын тудырып, оның бастауыш мектепке бөлінген білімдік контентті сапалы жүзеге асыратын жаңа педагогикалық технологияларды, ақпараттық ресурстарды, АКТ-түрлерін өзінің дербес АБО педагогикалық жобасына әрдайым қосып, дамытып отыратын кәсіби шебер тұлғаға жетуіне серпін беретін дидактикалық күш болып табылады [165].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың педагогикалық әлеуеті келесі анықталған белгілерімен танылады. Ең алдымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқу үдерісін дараландыру яғни индивидуалдандыру мүмкіндігі болады. Сонымен

бірге, студенттер тобында ынтымақтастық тудыра отырып, ұжымдық бірігіп іздену жұмыстарын орындау мүмкіндігі молаяды. Осымен қоса, студенттің өзін болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде сезінуіне және өзінің болашақ кәсібіне қажетті теориялық және дидактикалық, әдістемелік т.б. материалдарды өз бетімен іздеп табу, болашақта өз бетімен үзбей білім алуына дағдыландыру мүмкін болады.

Ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы студенттердің өз білімінің нәтижесін әрдайым жемісті, жеңісті деңгейге жеткізуге деген ынталы ұмтылысы қалыптасады. АБО жобалау арқылы болашақ мұғалімдік қызметінде бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне назар аудара отырып, инновациялық технологияларды, соның ішінде қашықтан оқыту технологияларын қолдану жолын таныту мен дидактикалық талаптарын меңгерту де көзделеді. Мұндай беталыс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауды сапалы деңгейге жоғарылатуға жаңа мүмкіндіктер ашатыны белгілі. Ол мүмкіндіктерін қолдана отырып, студенттердің әлеуметтенуін қарқындатуға болады, сөйтіп болашақ педагог маманның тұлғалық болмысы қалыптасуында оның өзінің жауапкершілігін арттыра түседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалаудағы студенттердің білім алу үдерісінің психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі тұрақты түрде назарда ұсталынады. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі кәсібін меңгеруінде студенттердің барлығы бірдей деңгейде бола алмайтыны белгілі, сондықтан АБО бұл мәселеде де орынды бағыт ұстанады яғни студенттердің білім нәтижесінің түрлі деңгейде болу ерекшелігіне де ден қояды. Осы аталған мәселелердің барлығы зерттеудің және ұсынылатын жобалаудың жүйе тұрғысынан анықталғанын танытады.

Сурет 14 - Студенттерді ақпараттық даярлаудың шешуші қырлары

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі студенттерді ақпараттық даярлаудың маңызды және шешуші бірнеше қырын анықтайды. Оларды атап көрсетейік:

- *ең алдымен*, бұл инновациялық шешім болып табылады. Бұл жобалау ақпараттық білім ортасын құру бағытындағы болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің білімін жетілдіруші технология ретінде танылады;

- *екіншіден*, бұл жобалау арқылы болашақ және қазіргі уақытта жұмыс жасап жүрген бастауыш мектеп мұғалімдерінің де ақпараттық білім ортасын құруына көмек беретін коммуникациялық арналар құрылады. Атап айтсақ, теориялық тұғырлары танылып, ақпараттық-білім ресурстары жүйеге түсіріледі;

- *үшіншіден*, шешуші мәселе ретінде ақпараттық білім ортасының ішкі құрылымы және оны пайдаланудың уақыты мен күтілетін нәтижелері нақтыланады.

- *төртіншіден*, ақпараттық білім ортасын жобалаудың оңтайлы әдістері бір ізге түсіріледі.

Осылайша, ұсынылатын әдістемелік жүйе болашақ бастауыш мектеп мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың тиімді бағыттарын анықтайды. Олардың қатарында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде келесідей бағыттарды атап көрсетуге болады:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің университет қабырғасында білім алу кезеңінен бастап, білікті маманға айналғанға дейінгі аралықтағы саналылық, жастық, дербес қажеттіліктеріне сәйкес, еліміздің, әлемнің әлеуметтік-экономикалық және мәдени құндылықтарына сай әлеуметтенуін мүмкін ететін бағыт;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің субъектілік қасиеттерін дамыту бағытын ұстану, яғни жоғары оқу орнында студент оқыған әрбір дәріс пен семинар, практикалық сабақта меңгерген оқу-танымдық әрекетін және өзінің физикалық, танымдық, тұлғалық дамуын түсініп игеруші субъектіге айналуын қамтамасыз ету бағыты;

- студенттерді өзара және университеттің, институттың, бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын танып-игеруіне тірек болатын түрлі ойын, оқу, ғылыми ізденіс, әдістемелік жоба, педагогикалық шығармалар, басылымдар жариялау сияқты біріккен әрекеттерге қосу бағыты;

- болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруда шығармашылық табиғаттарын өрістету бағыты, яғни студенттердің тек оқу және танымдық дағдылары негізінде және эмоциялық, тұлғалық, рухани-адамгершілік жетілуі негізіндегі шығармашылығын АБО жобалауда пайдалану бағыты;

- студенттің ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлануында өзі білім алып отырған университеттің тәжірибесін, қол жеткізген жетістігі мен жетпес тұстарын, мектеп мұғалімдерімен шығармашылық-кәсіби байланыс жасай

отырып, мектептегі ақпараттық білім ортасының күй-жайын танып-білу арқылы өзінің ақпараттық білім ортасын жобалауын елдегі ақпараттық-білімдік даму ресурстарымен сәйкестендіре жобалау және мүмкін болғанынша, ғылыми таным бағдарымен алдағы болашақта тиімділігі сенімді болатын АБО жобалау дағдыларын қалыптастыру бағыты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы әдістемелік жүйенің басты ерекшеліктерін танытатын тұтастық және оның элементтерінің сәйкестілігі, ол тұтастықтың функционалдық-құрылымдық болмысы, даму, орныксыздық, көпфункционалдылығы, итеративтілік, ықтималдық бағалау, варианттылық деген ұстанымдардың өзара байланысын сақтап қолдана отырып құру тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Бұл туралы жүйе туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерінде нақты айтылғаны [23,б. 45].

Әдістемелік жүйенің қажеттілігі қазақстандық жоғары мектеп жүйесінде осы кезге дейін болашақ бастауыш сынып мұғалімінің және практикада, мектепте жұмыс жасап жүрген бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалауы білім беру саясатының бағыты ретінде арнайы және бірыңғай қолға алынбай келе жатқандығымен байланысты анықталады. Мұның өзі білім беруді ақпараттандыру мәселесі жалпы республикалық деңгейде сөз етілгенімен, университеттерде болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындау үдерісінде нақты міндет ретінде қойылмауынан туындап отыр. Ал бастауыш мектеп мұғалімдері студент кезінде арнаулы түрде үйренбегендіктен, АКТ элементтерін жүйесіз түрде немесе бірден барлығын топтап пайдалануға, сөйтіп нәтижесі төмен деңгейде қалып отыратын бақылаусыз, бос қиындыққа душар болуда.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауына қажетті білім мен дағдыларды университет қабырғасынан меңгеріп шықпайынша, бастауыш мектепке жұмысқа орналасқан кезде бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетіне жете алмай қалуы да мүмкін екендігіне баса назар аударылуы тиіс.

Әдістемелік жүйенің қолданыстағы басты мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасы жобасын құруға, оны болашақта кәсіби қызметінде тиімділікпен қолдануды қамтамасыз ету.

Ол үшін бастауыш мектепте жаңартылған білім мазмұнын тиімді жүзеге асыруды электрондық оқыту, қашықтан оқыту, бірыңғай ақпараттық білімдік ресурстарын қорын жинақтау және пайдалану үдерісіне келетін кедергілерді жою қажет.

Әдістемелік жүйенің осы мақсаттан туындайтын міндеттері келесідей болып белгіленді:

- бастауыш сыныптағы пәндердің электрондық/цифрлық білім контентін жасақтау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы енетін кітапханалар мен электрондық кітапханалардың электронды каталогтерін біріздендіру;

- оқушылардың қызығушылығын дамыту үшін отбасымен бірге қарайтын, оқитын, орындайтын интеллектуалдық тапсырмалар мен интернет ресурстарды жүйеге түсіру;

- білім алу мотивациясы жоғары оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға байланысты ақпараттық білім ресурстарын жасақтау;

- бастауыш мектеп мұғалімінің өз әріптестерімен немесе оқушылардың құрбыларымен ойын және тәжірибесін бөлісетін компоненттерді ақпараттық білім ортасына енгізу;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзінің озық тәжірибелерін жетілдіре отырып, халықаралық білім гранттарына қатысу мүмкіндіктерін орнату;

- өзіндік дербес ақпараттық білім ортасының педагогикалық жобасында осы жүйесін сақтауға, қорғауға қатысты шараларды орындау.

Әдістемелік жүйесінің көрсетілген мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асқанын көрсететін индикаторлар келесідей болып келеді:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы бағдарламаны өту арқылы өз бетімен ақпараттық білім ортасын жобалаудың теориялық негізін меңгерген;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі өздері білім алатын жоғары оқу орындарының, еліміздегі басқа да жоғары оқу орындарының, бастауыш мектептердің АКТ-мен жабдықталуы жай-күйіне өз бетімен ізденіс жасау арқылы білікті талдау жасау дағдыларын меңгерген;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі – ақпараттық білім ортасын жобалаудың жүйесін, компоненттерін, оларды орналастырудың тұтас жүйесін педагогикалық, психологиялық, әдістемелік және ақпараттық мәдениет талаптарына сай игеріп, өздерінің құзыреттіліктерін толық таныта алатын кәсіби тұлға;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық білім ортасын жобалаудың стандартын, дидактикалық құралдары қолданудың әдістемелік нұсқауларын әзірлеу дағдыларын меңгерген;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі электрондық оқу құралдарын, қашықтан оқыту жүйесінің дидактикалық-психологиялық заңдылықтарын меңгерген пәннің ерекшелігіне және уақыт талабына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, даму үдерісіне қарай өзгерте, бейімде алатын дағдыларды меңгерген;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімі интернет арқылы әлемдік кітапхана жүйесімен байланыс орнату, бастауыш мектепте оқылатын түрлі пәндер бойынша ақпараттық ресурстарды іздеу, жинақтау, сақтау, түрлендіру, оқушылардың жұмыс жасауына бейімдеу дағдыларын меңгерген;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің даму бағыты – өз білімін жетілдіруде интернеттегі онлайн курстарға, вебинарларға, мектептегі семинарлар мен конференцияларға белсенді қатысатын, үйренетін және басқаларға үйретететін кәсіби шебер тұлға.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзінің кәсіби жолында ғылым дамуы мен заманның талап-тынысымен бір қатарда жүре алатын болуы үшін, студент кезінен бастап ақпараттық білім ортасын жобалаудың ғылыми бастау көздерімен бірдей етіп практикалық талаптары мен тетіктерін де меңгеруі тиіс. Ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқу материалын тілдік-түсіндіру әдісімен меңгертуді қысқартып, балалардың жүктемесін жеңілдетудің оңтайлы жүйесін іздеп-табуға және оны ақпараттық білім ортасына қосып отыруға дағдыланады.

Студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзінің ақпараттық білім ортасын жобалауды игеруі және соның негізінде өзінің дербес «виртуалды әдістемелік ресурсын» құрауға, әріптестеріне ұсынуға және болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде оны әруақыт жаңа материалдармен толықтырып отыруға, ескі мен жаңаның ара салмағын дәл анықтауға және ең бастысы, оқушыларының тұлға ретінде дамып-жетілуіне керекті барлық игілікті мүмкіндіктерді жасауға деген ұмтылысын және шеберлігін қалыптастырудың маңызы зор.

Біз ұсынып отырған әдістемелік жүйе «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курс мазмұнын оқытуды терең меңгеруді қамтамасыздандырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің электрондық білім беру ресурстарын, ақпараттық білім сервистерін, бағдарламалық-аппараттық плаформаларда жасалынған ақпараттық-коммуникациялық технологияны, соның негізінде электрондық ресурстар мен сервистерге мұғалімдердің де, оқушылардың да қолы еркін жетуін қамтамасыз ететін, бастауыш мектеп оқушыларының сапалы білім алуы мен оңтайлы әлеуметтенуін мүмкін ететін, оқу-тәрбие үдерісінде тек «мұғалім - оқушы» қатынасын емес, көпдеңгейлі «ата-ана – бала – мұғалім – мектеп – әлеуметтік орта - қоғам» қатынасын педагогикалық тұрғыдан басқаратын кәсіби тұлға ретінде қалыптасуын көздейді.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғаліміне ақпараттық білім ортасын жобалаудың заңдылықтары мен талаптарын меңгертуде келесідей маңызды дағдыларды қалыптастыруды міндет еткен арнайы курстың мазмұнына мынадай мәселелерді тақырып етіп ұсынылады. Курста қарастырылатын мәселелер:

1. Кітапхана жүйесі мен электрондық кітапханалар мекенжайларын, электрондық каталогтер бойынша қолжетімді білім ақпараттары мен қосымша оқу-білім материалдарын іріктеуге дағдыландыру;

2. Мемлекеттік стандартты талдай отырып, бастауыш мектеп оқушыларының әрбір пән бойынша меңгеруі тиіс білім мазмұны мен игеруі міндетті дағдыларын бір арнаға түсіріп жүйелеу;

3. Компьютермен жақсы жұмыс жасай білу және оның педагогикалық мақсатта пайдалануға болатын барлық мүмкіндіктерін игерту;

4. «Бұлт технологиясын пайдалану ерекшеліктері»



Сурет 15 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының АБО жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі

5. Проекциялық аппараттарды, интерактивтік тақта т.б. сыныпта пайдаланылатын техникалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияның түрлерін, дидактикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалануға үйрету;

6.Студенттерге электрондық құралдар әзірлеу әдістемесін меңгерту;

7.Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сабақты ұйымдастыру, білім беруді басқару, білімді тексеруді басқару, қашықтан оқыту, оқушының өз бетімен білім іздеу, кері байланыс орнату сияқты маңызды педагогикалық мүмкіндіктерін меңгерту: компьютер, электрондық оқулықтар, ZOOM, GOOGLE-сервистер, Google Classroom, SKYPE, WhatsApp, мобильді телефондар, андроидтар, планшеттер т.б.;

8. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын арқылы білім беру ресурстарын жасау және интернеттегі дайын ресурстарды белгілеу;

9. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін дамытатын ресурстарды жинақтау;

10. Интерактивтік өзара оқу әрекетін ұйымдастыру құралдарының кең мүмкіндіктерін анықтау;

11. 3D және 4D электрондық оқу ресурстарын жинақтау және оны қолдану әдістемесін әзірлеу;

12. Оқушылардың сабақтан тыс кезде өз бетімен оқу-ізденуіне арналған ресурстарды белгілеп жүйеге түсіру;

13. Әр оқушының өзіндік интернет бойынша іздену траекториясын жасай алуына дағдыландыратын сабақтар жүйесін өткізу;

14. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған автоматтандырылған тренажерларды анықтау және қолдану әдістемесін белгілеу;

15. Талантты және дарынды бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауға арналған ресурстарды іріктеу;

16. Виртуалды саяхаттар ресурстарын математика, тіл, өнер, технология пәндерімен байланыстыра отырып, жүйеге түсіру;

17. Үй жұмысын орындауға көмек беретін және қашықтан оқыту ресурстарын жүйелеу

18. Бастауыш сынып оқушыларына арналған пәндік тренажерлер жүйесін анықтау;

19. Робототехникаға үйретететін сервистерді анықтау; оқушыларға заманауи инженерлік жүйенің негіздерін оқыту мазмұны мен әдістері;

20. Бастауыш сынып оқушыларын жоба жұмысын және мини-зерттеу жұмыстарын орындауға үйретететін сервистер; квест-сабақтар топтамасын әзірлеу әдістері:

21. Еліміздің және халықаралық бастауыш білім беру сервистері мен ресурстарын талдау және қажеттілерін белгілеу;

22. Бастауыш мектепте оқыту сапасын көтеру мақсатында ғаламдық жинақталған ресурстарды орынды қолдану әдістері;

23. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өз бетімен білімін жетілдіруінің және өзекті тақырыптағы вебинарларға қатысудың жыл

сайынғы кестесін жасауға, онлайн-конференцияларға қатысу кестесін жасауға дағдыландыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, жоғарыда аталған тақырыптар бойынша қалыптасқан дағдыларын өз бетімен, негізінен, АБО жобалауы арқылы көрсетеді. Яғни АБО жобалаудағы АКТ компоненттерін анықтай алады, қағаз негізінде, 3D негізінде, интернет желісі негізіндегі ресурстарға сүйеніп, АБО білім беру материалдарының компоненттерін жүйелей алады, оқушылардың білімін бағалаудың электронды күнделік жүйесін талдай алады, бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісін басқаруды автоматтандыруға қатыса алады, меңгерген біліміне сүйеніп, қашықтан оқытудың дидактикалық негіздері мен әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін нақтылай алатын болады.

В.С. Безрукованың жобалау туралы анықтамасына сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауды «оқушылар мен педагогтердің алдағы уақытта орындайтын оқыту-оқу әрекеттерінің алдын ала әзірленуі» деп атаймыз [150].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалаудың әдістемелік жүйесі төрт үлкен деңгейден тұратын құрылым болады. Ол төмендегі суретте беріліген (сурет 16).

- бірінші деңгейі - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің білім алып жатқан жоғары оқу орнының ақпараттық білім ортасы және оны тиімді пайдалану жолдары;
- екінші деңгейі – нақты кәсіби бөлімнің ақпараттық білім ортасы және оны тиімді пайдалану жолдары;
- үшінші деңгейі – болашақ кәсібіне қатысты бастауыш мектептің ақпараттық білім ортасы және оны тиімді пайдалану жолдары;
- төртінші деңгейі – болашақтағы дербес мұғалім ретіндегі кәсіби ақпараттық білім ортасы және оны тиімді пайдалану жолдары деп анықталып отыр.

Бұл жобалаудың үлгісі келесі суретте беріліп отыр.



Сурет 16 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау деңгейлері

Әрине, одан үлкен деңгейде Қазақстан Республикасындағы ақпараттық білім ортасының құрылуын және одан жоғары деңгейлерді көрсетуге болады. Бірақ ол – мүлде басқа арнаға жетелейтін, білім философиясы мен жалпы педагогиканың мәселелеріне ауысып кететіндіктен, университеттен – болашақ бастауыш сынып мұғалімі қалыптасуына дейінгі деңгей аралықтарын алып отырғанымызды атап кетеміз. Ендігі кезекте біртұтас АБО-ның әрбір деңгейлеріндегі өзіндік жүйесінде сипаттама беріледі.Кестеде көрсетілгендерге сай, студент жоғары оқу орнына түскен күннен бастап, өзінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландырылуы тиіс екендігі нақтылана түседі. Алдымен, университеттің ақпараттық білім ортасын жобалауға үйренген студент, 1 курста оқу пәндері ағыны көбейе бастағанда, нақты пәндер мен институттағы білім беру бағдарламалары бөлімінде әрбір курста қандай пәндерді оқытатыны туралы ақпараттық білім ортасын жобалауы керек.

Кесте 3 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімін ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың ішкі жүйесі (деңгейлері бойынша)

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің АБО жобалау жүйесі	Бастауыш мектеп деңгейінің АБО жүйесі	Институт/факультет деңгейінің АБО жүйесі	Университет деңгейінің АБО жүйесі
1	2	3	4
АБО жобалау және жобаның АКТ компоненттерін анықтау (компьютер, электрондық оқулықтар,	Бастауыш мектептің ақпараттық – коммуникациялық ресурстары және интернет желісі. Компьютерлер мен интернетпен қамтамасыз	Институттың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ақпараттық– коммуникациялық ресурстары,	Университеттің ақпараттық – коммуникациялық ресурстары. Интернет желісі мен интернет жылдамдығы.

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
ZOOM, GOOGLE-сервистер, Google Classroom, SKYPE, WhatsApp, мобильді телефондар, андроидтар, планшеттер т.б.)	етілуі.	компьютерлік аудиториялар. Лингафон кабинеттер.	Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметі. Университеттің басқару жүйесі. Университеттің электрондық құжат айналымы
АБО білім беру материалдарының компоненттерін жүйелеу: қағаз негізінде, CD және DVD негізінде, интернет желісі негізінде	Бастауыш білім беруге арналған дидактикалық-әдістемелік ресурстар қоры. Бастауыш мектептің кітапханалық және электрондық білім беру материалдары жүйесі	Білім беру бағдарламаларын ың болашақ бастауыш сынып мұғаліміне арналған дидактикалық-әдістемелік ақпарат ресурстары. Негізгі және элективті пәндер тізімі және оның ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен, электрондық нұсқаларымен қамтамасыз етілуі.	Білім беру үдерісіндегі АБО. Тәрбиелік үдерістегі АБО. Университеттің кітапханалық және электрондық кітапхана қоры және электрондық білім беру ресурстары мен білім порталдары, Веб-сайт, MOODLE т.б. Университетке қабылдау, университетте оқу барысындағы ағымдағы және қорытындылаушы білім бағалау нәтижелерінің ресурстары.
Оқушылардың білімін бағалаудың электронды күнделік жүйесі.	Бастауыш мектептегі біртұтас білімді бағалаудың электрондық жүйесі	Ағымдағы және қорытынды білімді бақылау және тексеру жүйесі нәтижелерінің қоры.	Университеттің профессорлық-оқытушылық және докторанттардың, магистранттар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ресурстары. Ғылыми конференциялар мен семинарлардың жинақтары: қағаз және электрондық нұсқалары. Университеттің дербес ғылыми басылымдары/ журналдары.
Оқу-тәрбие үдерісін басқаруды автоматтандыру: қашықтан оқытудың дидактикалық негіздері мен әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін нақтылау.	Бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық құзыреті мен ақпараттық мәдениетін жетілдіріп отыру курстары мен мұғалімдердің өз бетімен білімін жетілдіруге арналған ақпараттық ресурстар.	Институттар мен білім беру бағдарламалары-ның ғылыми-зерттеу жұмыстарының ресурстары	Университеттің кешенді ақпараттық қауіпсіздік жүйесі

Білім беру ұйымдарының ақпараттық білім ортасының маңызды компоненті ақпараттық ресурстардың кең арналы желілік сервистері екендігі белгілі. Қалыпты сервистер қатарында электронды поштаны, жаңалықтар топтамаларын, түрлі типтегі файлдарды сақтайтын және жөнелтуді қамтамасыз ететін сервистерді, чаттарды, ерекше кіріктіру қызметі бар World Wide Web гипермәтіндік сілтемесін, домендік аталар жүйесі DNS-ті атауға болады. Әрине, барлық компьютерлік жүйесін, интернет желісін бақылап, басқарып, қалтқысыз қызметін қамтамасыз етіп отыратын университеттің сервері ерекше орынға ие болатыны белгілі. Университеттерде қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде орныққан кредиттік оқыту жүйесіне бейімделген және қашықтан оқыту жүйесінің қызметін атқаратын PLATONUS автоматтандырылған ақпараттық жүйесін атап кетеміз.

Сонымен бірге, LMS MOODLE 3.0 платформасындағы университеттің барлық білім беру бағыттарын оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін қолдану ақпараттық білім ортасын ерекше атап өту керек. Бұл LMS MOODLE платформасының құрылымында бірнеше блок болады. Олар: электрондық оқу-әдістемелік кешен (әрі қарай - ЭОӘК) блогы; студенттерге және оқытушыларға арналған электрондық құжаттар мен ресурстар жасауға қажетті әдістемелік нұсқаулар қоры мен қалыптары; электрондық ресурстар, оған университет оқытушылары әзірлеген оқу және әдістемелік барлық құралдар қоры кіреді, мамандандырылған кітапханалар мен сайттар тізімі кіреді; сабақ кестесі блогы; студенттер мен магистранттардың дипломдық / диссертациялық жұмыстары және плагиатқа тексеру нәтижелері.

Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі ақпараттық білім ортасын қолдана отырып, университеттің веб-сайтына, студенттердің оқу жоспарларына, пәндерінің силлабустарына, электрондық ғылыми кітапханалық жүйеге, онлайн оқытатын LMS MOODLE жүйесіне, CALL-орталық, «Абай сыйы» олимпиадасы порталы, «Univer» жүйесіне талдау жасауы керек [151].

Институттардың ақпараттық білім ортасын жобалау үшін ондағы интернет желісі, оның жылдамдығы, аудиториялардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, техникалық басқа да құралдармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін танып-білу керек. Студенттің жан-жақты және сапалы білім алуы үшін, мемлекеттік стандартта бекітілген және институт бойынша бекітілген пәндерді, курстарды меңгеруге қажетті оқу және әдістемелік құралдар, әрбір дәріс пен семинар, практикалық, лабораториялық сабақтың ақпараттық білімдік толыққанды қамтамасыз етілуі бойынша іздену жұмыстары орындатылады.

Келесі деңгейде бастауыш мектеп деңгейінің АБО жүйесін танытуда студенттерге университетпен байланыс жасау келісілген мектептерге барып, не болмаса студенттердің өздері білетін қалалық және ауылдық мектептерге барып, қазақ бастауыш мектептеріндегі ақпараттық білім ортасын жобалаудың күй-жайымен танысып, әсіресе, АБО жобалаудың әлі де қолданылмай келе жатқан мүмкіншіліктерін танып-білуі қажет болады. Бастауыш мектептің

оқушыларға арналған компьютермен жабдықталуы, интернетке қосылуы және оның жылдамдығы, оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиямен таныс екендігін анықтай алатын құрал-жабдықтар болуы керек.

Соңғы және ең басты деңгей - *Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушының АБО жобалауда* оған аса қажетті дағдылар меңгертілуі көзделеді. Бұл деңгейде мұғалім – әрі сабақ беруші педагог, әрі тәрбиеші, әрі практик-ғалым, әрі оқулық пен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Мұғалімнің көпқырлы әрекеті – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, басқару, білім беру және білімді бағалаумен байланысты қызмет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау тұжырымдамасы – көпөлшемді ғылыми және әдістемелік-нормативтік қуаты бар «қолдағы құжат». Әдістемелік жүйеде зерттеудің педагогикалық, жалпы әдіснама әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық, психодидактикалық теориялық негіздемелері тікелей эмпирикалық сипаттаумен, педагогикалық эксперимент нәтижелерімен бірлесе отырып, бастауыш мектепте білім беру үдерісін сапалы деңгейге көтерудің жаңа жолын ұсынады.

2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері ақпараттық білім ортасын жобалау моделі компоненттерінің барлығы, атап көрсетсек – педагогикалық жүйе туралы білім беру, жобалау ерекшеліктері туралы жан-жақты білім, ақпараттық кеңістік туралы білім, ақпараттық орта туралы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және олардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы, ақпараттық білім ортасы туралы, ақпараттық ресурстар және оларды білім беруде тиімді қолдану әдістері туралы білім мазмұны - болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби дайындауда олардың білімі мен дағдыларын жаңа сапалы деңгейге көтереді.

Әзірленген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара байланысты компоненттерді қамтитын педагогикалық жүйе болып табылады. Модельдің құрылымындағы бөліктері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық ортасын жобалауға даярлау процесінің ішкі ұйымдастырылуын, мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, кезеңдерін ашып көрсетеді. Сонымен қатар модельдің ішкі элементтері арасындағы өзара байланыс пен қатынас үнемі қайта жаңғыртылуын мүмкін етіп отырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі көздеген мақсатына қол жеткізуі үшін шешілуі тиіс бірқатар міндеттер айқындалды. Олардың қатарында келесі міндеттер белгіленді:

- біріншіден, ақпараттық орта құру мотивтерін, жетістік мотивтерін және инновациялық технологияны игеру жағынан өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру;

- екіншіден, ақпараттық орта құру және оны тиімді қолданудың педагогикасы мен психологиясы бойынша идеяларды кеңейту;

- кәсіби педагогикалық дағдыларды (гностикалық, жобалау, зерттеушілік, ұйымдастырушылық шығармашылық, рефлексивтілік) қалыптастыру.

Модельдің әдіснамалық құрамдас бөлігі зерттеп отырған тақырыптың негізінде жатқан әдістемелік тәсілдер жиынтығын (жүйелік, құзыреттілікке және білім алудағы актив қабілетке негізделген) ұсынылған; ұстанымдарды, олардың сақталуы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін реттейді. Педагогика ғылымындағы әдіснаманың алатын орны ерекше. Білімдік түсініктер шеңберіндегі *әдіснама* – ғылымның таным парадигмасын зерттеу аясында қолданылатын жалпы тәсілдері мен ұстанымдарын негіздеуді ұсынады. Мұнда біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың *әдіснамалық тұғырлары* мен қағидаларын басшылыққа аламыз [166].

Әдіснама - қағидалар жүйесі және тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу, қандай да бір ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді [166,б. 1280].

Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар) жүйесі жатады. Философиялық тұрғыдан әдіснама таным және объективті шынайылықты өзгерту үрдісінің тәсілдері мен жолдары жөніндегі ғылым. Әдіснама кең мағынада барлық ғылыми пәндерге ортақ бастапқы философиялық позиция ретінде қабылданады [166,б. 1280].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау шеңберіндегі ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік деңгейде әдіснамалық категорияларды негізге алу келесі себептерді анықтайды. Олар:

- ғылымдардың арасындағы нақты шектің жойылуы, объективті әлемнің кешенді талдаулар арқылы өтуі, бір заттың бірнеше ғылымдар үшін зерттеу пәніне айналуы ақпараттық білім ортасы әдіснамалық сипатындағы ғылыми тұтастығын, жүйелілігін, кешенділігін, интегративтілігін, кәсіби бағытталуын айқындайды;

- жобалауды жүзеге асыруды ғылыми зерттеулердегі зерттеу нысанының, зерттеу пәнінің жаңа қырларының ашылуына байланысты әдіснама, бұл - ақпараттық білім ортасын құру, жобалау, ал олар өз кезегінде зерттеудің іргелі мәселелерін шешуге бағыттайды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың ғылыми-әдістемелік жүйелерін жетілдіру үшін әдіснама рөлінің зерттеу жұмысымыздың зерттеу әдістерін таңдауда қажеттігі маңызды [76,б. 150].

Ш.Т. Таубаева өзінің «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты оқулығында (Алматы, 2016) педагогикалық әдіснаманы келесідей бөліп қарастырады:

1. Педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау.

2. Педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері.

3. Педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері.

4. Ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері [167,б. 59].

М.А. Данилов әдіснаманың педагогикадағы сипатына былай деп анықтама береді: «Дамушы қоғам жағдайында үздіксіз өзгермелі педагогикалық болмысты шынайы көрсететін, білім табу жолдары және тәсілдері ұстанымдары туралы, педагогикалық теория негізі және құрылымы туралы, бастапқы ережелері туралы білімдер жүйесі педагогикалық әдіснама» [168]. Ғылыми білімдердің дамуында педагогикалық әдіснаманы зерттеген ғалымдардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Б.А. Тұрғынбаева «Педагогикалық акмеология» оқу құралы еңбегінде (Алматы, 2017) әдіснаманың мәні туралы ғылымда түрлі көзқарастар қалыптасқандығын төмендегідей топтап көрсетеді:

- теориялық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы;
- таным әдістерін қалыптастыру қағидалары мен рәсімдері және ақиқатты тану мен қайта құру әдістерін қолдану туралы;
- күрделі практикалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларының жиынтығы туралы;
- теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру мен құрудың қағидалары мен тәсілдер жүйесі туралы, сондай-ақ осы жүйе туралы;
- ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ерекшелігі, құрылымы, қызметі мен әдістері туралы ілім [169,б. 37].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалауда төмендегідей әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады, олар: *жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар.*

- жүйелілік тұғыр ақпараттық білім ортасы жобалаудағы жүйелер (студент, түлек, оқытушы) мәселесін зерттеудің жалпы ғылыми негізі ретінде қарастырылады;
- іс-әрекеттік тұғыр студент пен оқытушының, студент пен оқушының қызметінің негізгі компоненттерін бірыңғай әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Субъектілердің іс-әрекеттегі өзара әрекеттесуінің табиғатын ашу, тұжырымдамалық жобалау т.б. әрекеттерінде шартты ынтымақтастықтың сипаттамасын, соған сәйкес педагогикалық үдерісті қарастырады;
- ақпараттық тұғыр жүйелілік тұғырмен тығыз байланысты, сондай-ақ мынадай ережелерге байланысты: 1) ақпараттық тұғыр жүйелердің жалпы

теориясына негізделеді және жүйелер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды зерделеуге бағытталған; 2) ақпарат ретінде жүйенің ұйымдастырылу өлшемі одан бөлінбейді; 3) кез келген қызметті ақпараттық қамтамасыз ету; 4) жобаны құру жөніндегі қызметте қолда бар ақпаратты қайта құруға негізделеді.

Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға негіз болатын бірнеше қағидаларды басшылыққа аламыз. Олар: *білім берудің үздіксіздігі қағидасы, гуманистік қағидасы, интеграция қағидасы, ашықтық қағидасы, ақпараттық мәдениет қағидасы, білім берудің іргелілігі мен тұтастығы қағидасы* болады.

Бұл қағидалар студенттерге педагогикалық жүйе туралы білім беру, жобалау ерекшеліктері туралы жан-жақты біліммен қамтамасыз ету, ақпараттық кеңістік туралы білімді меңгерту, ақпараттық орта туралы түсініктерін кеңейту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және олардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы білім беру, ақпараттық білім ортасы туралы түсінік қалыптастыру, ақпараттық ресурстар, цифрлық ресурстар және оларды білім беруде тиімді қолдану әдістері туралы білім мазмұнын негізге алуды көздейді. Ендеше әр қағидаға жеке талдаулар жасауды жөн санаймыз.

Ең алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауда «білім берудің үздіксіздігі» *қағидасын* негізге алуда біз, болжамдық зерттеулердің нәтижелеріне сүйендік, қазіргі білім беру – адамның өмірі бойы жалғасатын үздіксіз үрдіс болуы тиіс екенін алға шығарамыз. Өйткені, болашақ бастауыш сынып мұғалімі аталмыш қағиданы ұстану барысында, ол үздіксіз технологиялық инновацияларға бейімделе алады, олар еңбек құралдарын үнемі жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар бастауыштағы ақпараттық білім мазмұнын, кәсіби қызмет барысында жаңа білімдер мен мамандықтарын меңгеру қабілетін талапқа сәйкестендіреді.

Қазіргі ғалымдардың пікірінше, (Б.М. Бим-Бад, С.Я. Батышев, А.А. Вербицкий, С.Г. Вершловский, Б.С. Гершунский, Ю.Н. Кулюткин, К.К. Платонов, И.Э.Савенкова) үздіксіз білім беру, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қоры, ғылыми-техникалық прогрестің, мемлекеттің тіршілік әрекетінің көптеген салаларының негізі, тұлғаны, соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қалыптастыру, дамыту және өзін-өзі бекіту құралы болады. Ол қоғамның жалпы кәсіпқойлығына қол жеткізуге, жеке тұлғаның сараланған білім беру қызметтеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Алайда, «үздіксіз білім беру» ұғымы өзінің тарихи дамуында мәндердің бірқатар өзгерістеріне ұшырағаны белгілі.

Үздіксіз, ашық білім беру ақпараттық қоғамның негізін қалыптастырады және білім берудің барлық белгілі түрлерінің тиімді синтезі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы ақпараттық қоғамның қалыптасу үрдісімен тығыз байланысты. Бұл ретте И. Масуда көзқарасын қолдаймыз және білім беру жүйесін өзгертудің неғұрлым келешегі зор бағыттары - бұл:

жабық білім беру жүйесін ашық білім беру ортасымен ауыстыру; білім берудің жекелендірілген сипаты; өз білімін жетілдіруді білім берудің жетекші функциясы ретінде бекіту; тереңдетілген білім беруге бағыттау; *өмір бойы білім беру жүйесін қалыптастыру* деп санаймыз.

Біздің зерттеуіміз үшін үздіксіз білім беру жүйесінің маңызы зор, өйткені ол әлеуметтік білім беру ортасы мен факторларының, ақпараттық-коммуникативтік желілердің, қаржылық және материалдық ресурстардың жиынтығы болып табылады; ол тұлғаның әлеуметтік-мәдени және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Келесі қағида «гуманистік» *қағидасы* – білім берудің адамға бағытталуынан, шығармашылық даралықты дамыту үшін жағдай жасаудан тұрады. Н.В. Бордовскийдің анықтамасы бойынша, «білім беруді гуманизациялау бұл – білім беру жүйесі мен барлық білім беру үрдісін әр адамның құқықтарын құрметтеуге негізделген студенттер мен оқытушылардың өзара сыйластық қарым-қатынасын қалыптастыру мен дамытуға; олардың денсаулығын, жеке басының қадір-қасиетін сақтау мен нығайтуға және жеке басының әлеуетін дамытуға бағытталуы» деп көрсетіледі [170,с. 75]. Гуманистік білім адамға өзін табуға, өзін-өзі ортада көрсетуге, өзін-өзі айқындауға, өзін дамытуға деген құқығын қорғауға көмектеседі, оның мәдени өрісін құрады, яғни тұлғаның дүниетанымдық, жалпы мәдени, рухани және интеллектуалдық дамуы мәселелерінің жүгін өзіне алады.

Педагогикалық теория мен практикадағы тұлғалық көзқарас білім берудің гуманистік парадигмасының жетекші бағыттарының бірі болып табылады және отандық және шетелдік ғалымдардың әртүрлі аспектідегі зерттеулерінде көрініс табады (Е.В. Бондаревская, В.И. Гинецинский, В.В. Давыдов, В.С. Ильин, С.В. Кульневич, Л.И. Новикова, В.И. Слободчиков, Дж. Найсбитт, М. Полани, В.Т. Фоменко, Дж. Шваб және т.б.). Білім беру Е.В. Бондаревскийдың тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамасында күрделі үрдіс ретінде қарастырылады. Ғалымның пікірінше, білім беру үрдісінің басты мақсаты мәдениет адамын тәрбиелеу болып табылады, ал педагогикалық қарым-қатынас гуманистікке, төзімділікке, рефлексияға және білім алушының педагогикалық қолдауына негізделуі қажет деп санаймыз.

Білім берудің «іргелілігі мен тұтастығы» *қағидасы* бұл – білім алушылардың теориялық, жоғары білім беру, жалпы ғылыми дайындығын тереңдету, ол жалпы мақсатты функциямен біріктірілген және жеке тұлғаның даму мүдделеріне бағытталған іргелі пәндердің бірыңғай циклдарын енгізуді көздейді. Дәл осы білім берудің іргелілігі дайын өнімдерді қолдануды ғана емес, тұлғаның өздігінен жасай алатын шынайы еркіндігінің қажетті шарты болып табылады. Бұл қазіргі заманғы білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарында атап өтілді (А.Т. Глазунов, А.М. Новиков, И.П. Смирнов, В.А. Поляков және т. б.). Заманауи білім беру жоғары деңгейде дамыған адамның «үлгісіне» бағдарланады.

Бұл тұста адам дамуының ең жоғарғы нүктесіне жету, оның өзін-өзі тану мен қызмет етудің кез келген аспектілерінде көрегенділігі, сондай-ақ жеке

тұлғаның қызметі мен шығармашылығындағы ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуімен сипатталатын психологиялық жай-күйі ретінде түсіндіріледі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жаңа білім беру парадигмасы білім берудің басымдылығы ретінде қоғамдық дамудың қазіргі заманғы үрдістеріне парапар жеке тұлғаның мүдделеріне бағдарды қарастырады. Қоғамдағы ақпараттық үрдістердің жоғары динамикасына байланысты, тұлғаны ақпараттық қоғамда өмір сүруге мақсатты түрде дайындау қажет.

Ақпараттық білім ортасын жобалаудағы адам ақпаратты табысты пайдалануына қажетті белгілі бір білімді, біліктілік пен дағдыларды игеруі, осы білімді, біліктілік пен дағдыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға сәйкес жетілдіруге мүмкіндік беретін қасиеттерге ие болуы, ақпараттық қоғамның дүниетанымына ие болуы тиіс. Сондықтан да білім берудің «іргелілігі мен тұтастығы» *қағидасы* теория мен практикадағы білім, білік, дағдыны қаруландыруда, оны ақпараттық біліммен тұтастай динамикалауда маңызы жоғары. Бізге талдаулар көрсетіп отырғандай, тұтастық объектіні нақты бір жүйеге, танымдық үрдісті немесе практикалық қызметті жүйелілік разрядына жатқызу критерийі болады. Педагогика ғылымында «іргелілігі мен тұтастығы» *қағидасы* жүйеленген әрекеттерді тұтас көзқараста көру және дамыту болып түсінідіріліп келеді. Педагогикалық үдерісті зерделеу кезінде оны белгілі бір құрылымы бар кіріктірілген жүйе ретінде қарастыруды талап етеді, яғни теория мен практиканың бірлігінде өз функцияларын орындайды, әр элементтің қозғалысы тұтас қозғалыс заңдарына бағынады [78,б. 624].

Біздің зерттеуіміздің контексінде, білім беру жүйесін жетілдірудің заманауи үрдістері мен міндеттерін аша отырып, «ақпараттық мәдениет» *қағидасы* маңыздылығын атап өтпеуге болмайды. Біз С.О. Жетпісбаева, С.Т. Мұхамбетжанова [43,б. 96], Г.Ж. Ниязова [90,б. 70], Г.Е.Самашова [171] және т.б. қазіргі заманғы зерттеушілердің пікірлеріне сүйенеміз және осы міндеттерді шешу үшін ақпараттық қоғамда әлеуметтендірудің анықтаушы факторына айналған тұлғаның ақпараттық білім ортасын жобалау және дамыту қажеттігі туындайды. Қоғамды ақпараттандыру қарқыны тұлғаның ақпараттық мәдениетін арттыру мәселесінің өзектілігіне негізделеді. Ақпараттық мәдениет ақпараттық білім ортасының құрамдас бөлігі болып табылады, адамның әлеуметтік табиғатымен байланысты және оның әртүрлі шығармашылық қабілеттерінің өнімі болып табылады. Сондықтан «Ақпараттық мәдениет» санатын қарастыру орынды деп санаймыз. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің тұжырымдамасы адамның ақпаратты құрушы, қабылдаушы және өндіруші ретінде түсіндірілуіне негізделген, ал жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті сыртқы ортаның жағдайына бейімделу және игеру құралы ретінде және әлеуметтік-маңызды ақпараттың барлық көлемін игеру барысында адамның ішкі әлемін үйлестірудің тәсілі ретінде қарастырылады [13,б. 192].

Қазіргі таңдағы әр түрлі зерттеушілердің пікірін талдай отырып, мынадай тұжырым жасаймыз, әртүрлі терминологияны пайдалана отырып, ақпараттық

мәдениеттің тағы да басқа элементтері бөлініп шығады, бұл: табиғат, қоғам, ойлау, техника және қызмет тәсілдері туралы алынған білім; жеке тұлғаның іс-әрекеті мен дағдыларында жүзеге асырылатын қызмет тәсілдері; қоғам алдында туындайтын жаңа проблемаларды шешу бойынша шығармашылық ізденіс жұмысының тәжірибесі; әлемге, бір-біріне және т.б. қарым-қатынас нормалары.

Осылайша, осы бағыт бойынша ғылыми әдебиеттерді қарау бізге ақпараттық мәдениет санатының қолданбалы анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Ақпараттық мәдениет» *қағидасы* бұл – ақпаратпен мақсатты түрде жұмыс істей білу және оны алу, өңдеу және беру үшін ақпараттық үдерістер мен қарым-қатынастар табиғатын түсінудегі сауаттылық пен құзыреттілікті; ақпараттық тұрғыдағы шығармашылық және әлеуметтік-экономикалық белсенділікті қамтитын компьютерлік ақпараттық технологияларды, қазіргі заманғы техникалық құралдар мен әдістерді қолдана білу. Бұл контексте білімге оның қатысушыларының өзін-өзі мәдени дамыту мақсаттарына қол жеткізудегі жеке ойы, диалогы және ынтымақтастығы қозғаушы күш болып табылатын, білім беру мекемесі біртұтас ақпараттық-білім беру кеңістігі ретінде қарастырылатын, мәдени үрдіс ретінде қарым-қатынас жасау маңызды болып табылады

Біз В.Г. Михайловский, В.А. Сластенин, А.П. Егоршин, А.М. Новиков, В.В. Давыдов, А.И. Сидоров сияқты бірқатар заманауи зерттеушілердің көзқарастарын қолдаймыз, олар ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін мектептер гностикалық («білімді») тәсілдің басым ұстанымында болды деген пікірде, мұнда негізгі міндет болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің бойында берік жүйелендірілген білімді қалыптастыру болып табылады, ал қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдың талаптары іс-әрекеттік тәсілге мұқият назар аударуға итермелейді. Іс-әрекет тәсілінің мәні білім берудің негізгі мақсаты білім алушыларда белсенді іс-әрекетке, оның барлық формаларында еңбекке қабілеттілікті қалыптастыру ретінде қарастырудан тұрады. Қазіргі таңда адам тек белгілі бір көлемдегі білімді игеріп ғана қоймай, үйренуі де керек: қандай да бір мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты іздеу және табу, осы мәселелерді шешу үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану, үнемі қосымша білім алуы тиіс.

Білім беруді дамыту мәселелеріне жүгіну оқу-танымдық қызметті ұйымдастыруды, ЖОО жүйесіндегі оқу пәндерінің мазмұнының пәнаралық ерекшелігін жетілдіруге бағытталған «интеграция» (кіріктіру) *қағидасын* қарастыруды көздейді.

Ғалымдар педагогикадағы интегративтік тұғырды басқаша түсіндіреді. Ғалым В.М. Лопаткина өз зерттеулерінде: «...интеграция қағидасы – әлем бейнесінің тұтастығын қамтамасыз ететін құрал; теориялық және практикалық мәселерді шешуде адамның жүйелі ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді» [172].

Осылайша, білім берудің басты басымдықтары жалпы және гуманитарлық және техникалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке-шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау, олардың өмірде, танымдық және мәдени тұрғыда өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі анықтаудан тұрады.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың маңызын күшейтуде «ашықтық» *қағидасын* қарастыру қажет деп санаймыз. Ашық жүйеде жеке пікір білдіру, өз өмір жолын таңдау, өз мансабын құру мүмкіндігі бар. Мұндай таңдаудың еркіндігін қамтамасыз ету-адамға сыртқы мәжбүрлеу және шектеу қоюсыз білім алуға мүмкіндік береді. Ашық білім беру қағидасын іске асыру педагогикалық жүйенің барлық элементтеріндегі сапалық өзгерістерге әкеледі, оның ішінде білімнің сипаты, білім беру ұйымдарының түрлері мен әдістері, оқу үрдісінде оқытушылар мен оқушылардың рөлі.

Білім беру жүйесінің ашықтығы және оның икемділігі, яғни оның құрылымдық элементтерінің әр түрлі функцияларды орындауға «қайта құру» қабілетін және бұл ретте әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың өзгермелі ерекшелігіне байланысты ашықтықтың қажетті дәрежесін сақтауды негіздейді.

Білім беру жүйесінің ашықтығы мен оның білім беру мекемелерінің көп функциялылығы сипаттамасы өзара тығыз байланысты. Көп функциялық білім беруде оқытудың әртүрлі бағыттары мен бейіндерін бөлуге, әртүрлі деңгейлі білім беру бағдарламаларын және оқу - тәрбие үрдістерін ұйымдастыру моделін құрастыруға мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үрдісін саралауға негізделеді.

Осылайша, ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру мәселесі бойынша теориялық зерттеулерді талдау нәтижесі бізге «білім беру саласының жай-күйі мен қоғамның даму үрдістері, ақпараттық технологиялар негізінде, білім беру жүйесін, соның ішінде жоғары білім жүйесін жетілдіру, елде бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын құру мәселелерін шешуді талап етеді» деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалаудың моделін жасау және ойша тәжірибе жүргізу әдістеріне сүйеніп, теориялық-әдіснамалық негіздеріне, категориялардың сипатталуы мен нақтылануы бойынша және жобалауды қамтамасыздандыра алатын басшылықтағы қағидалардың бекітілуіндегі компоненттер *мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-рефлексиялық* деп таңдап алынды.

Мотивациялық-мақсаттылық компонент мазмұнын анықтау кезінде біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауда өмірлік-тәжірибелік және ғылыми білімді жалпысын жинақтауды қарастырамыз, сондай-ақ, педагогикалық ойлауға негізделген педагогикалық шындықты ғылыми түсінуді талдайды.

Біздің зерттеуіміздегі мотивациялық-мақсаттылық компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша

болашақ қызметке тұрақты болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасына мотивациялық-құндылықтық қатынасының болуы қажеттіліктен туындайтын түрткі болатын құндылықтардың болуын көздейді. Біздің ойымызша, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға деген қызығушылық, қажеттілік, мағыналық, саналылық көзқарасты жүзеге асыруға бағытталады.

Осы орайда, мотивациялық (ынта) – бұл тұста біз зерттеуіміздегі «білім берудің үздіксіздігі» қағидасын, «ақпараттық мәдениет» қағидаларын негізге аламыз, болжамдық зерттеулердің нәтижелеріне сүйендік және өлшемдерге сай көрсеткіштер: ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ақпараттық ізденушілік пен танымдық қызығушылықтың болуы, ЖОО-да ақпараттық білім ортасын жобалаудың ғылыми-ақпараттық маңызы мен педагогикалық қажеттілігін түсіну болып түзіледі. Мұндағы мотивациялық-мақсаттылық компоненттің мазмұнын анықтау және іске асыру үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалаудағы белгілі бір түрткінің әрекетке итермелеуін мотивация десек, ол – әрекетті реттеп (ізденушілік, ақпараттық динамикаға қызығушылық), түрткі үшін арнайы мақсатты күйлерге жетуге бағыттайтын үрдіс болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалаудағы әрекеттерге ынталандыратын қажеттіліктер мен мүдделерді құрайды (кесте 4).



Сурет 17- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Кесте 4 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық-мақсаттылық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасына мотивациялық-құндылықтық қатынасының болуы	-ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ақпараттық ізденушілік пен танымдық қызығушылықтың болуы; - жоо-да ақпараттық білім ортасын жобалаудың ғылыми-ақпараттық маңызы мен педагогикалық қажеттілігін түсіну; -ақпараттық білім ортасын жобалауға деген ұмтылыс; -ақпараттық технологияларға ынтасы.
Мазмұндық-іс-әрекеттік	Ақпараттық білім ортасы және оны жобалау туралы білімі мен біліктерінің болуы	- әдістемелік пәндерді оқытудағы ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жүйелі білімі; - ақпараттық білім ортасын жобалаудағы әдістемелік білігі; - ақпараттық білім ортасында жұмыс жасау іскерлігі; - ақпараттық білім ортасын жобалаудағы білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және ақпараттық мәдениетте кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі.
Бағалаушылық-рефлексиялық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасы арқылы кәсіби біртұтас дамудың болуы	- ақпараттық білім ортасын жобалаудағы тиімді әдістемелерді таба алады және астарлы мағынаны ажыратады; - ақпараттық дамуда өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді; - ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша жаңа теория, идея құра алады және ұсынады; -ақпараттық білім ортасын шығармашылық істерде орындау әрекеті.

Мазмұндық-іс-әрекеттік компоненті болашақ бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жүйелілік тұғырға сәйкес, тұлғада қалыптасатын іскерліктерді қамтамасыз етеді. Ақпараттық білім ортасы және оны жобалау туралы білімі мен біліктері бойынша алынған көрсеткіштер, мұндағы әдістемелік пәндерді оқытудағы ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жүйелі білімі, ақпараттық білім ортасын жобалаудағы әдістемелік білігі, ақпараттық білім ортасында жұмыс жасау іскерлігі, ақпараттық білім ортасын жобалаудағы білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және ақпараттық мәдениетте кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі болады.

Бағалаушылық-рефлексиялық компонентінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы арқылы кәсіби біртұтас дамудың болуы интеграциялық қағида мен ашықтық қағидасына сай жиынтықтарда өзін-өзі дамытуға, кері байланыс арқылы ақпараттық білім

ортасының тиімді болатын тұстарын таңдауға, рефлексиялауға мүмкіндік туғызады.

Бағалаушылық-рефлексиялық компонентіндегі ақпараттық білім ортасы арқылы кәсіби біртұтас дамуының болуы өлшемі бойынша ақпараттық білім ортасын жобалаудағы тиімді әдістемелерді таба алады және астарлы мағынаны ажыратады, ақпараттық дамуда өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді, ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша жаңа теория, идея құра алады және ұсынады деген көрсеткіштер түзіледі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерінің негізінде біз, жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтадық.

Төмен деңгейі – ақпараттық білімге мән бермейді, ол тұрақсыз қызығушылықпен сипатталады және ақпаратты іздеу қабілеттілігі төмен, бірақ бастауыш білім беруде жүзеге асырады; іске асырудың жеке мәні жоқ; ақпараттық білім ортасын жобалауда тиімді тұстарын шеберлікпен таба алмайды, яғни ақпараттық бойынша өзін-өзі білімдендіруге білімі жеткіліксіз деңгейде. Жобалау туралы теориялық түсінігі, ақпараттық білім ортасы жағдайында педагогикалық білім жүйеленбейді және оны жүзеге асыруды қажет деп санамайды, педагогикалық рефлексиялық әрекеттер қалыптаспаған.

Орта деңгейі – ақпараттық білім ортасын жобалауға тұрақты қызығушылық пен ақпараттық-техникалық ізденушілік көзқарасымен сипатталады; ақпаратты іздеу қабілеттілігі бар, бірақ бұл білім үстірт және жүйеленбейді; жаңа іскерлік дайындығы бар, алайда өзін-өзі білімдендірудегі тапсырмалар арқылы жобаларды өздігінен дайындауда, топта жұмыс жасаудағы ақпараттық білім ортасының қажеттілігін түсіну жеке емес; педагогикалық рефлексиялық ұстаным жобалаудағы өзіндік үлесін білумен байланысты, жалпы мағынада көбірек назар аударумен, тұрақтылықпен, бастауыш мектепте ақпараттық білім беруді жүзеге асырудың тәсілдері мен оларды таңдауды, жобалауда инновациялық түсіну, ендіру білігі орташа сипатталады; ақпараттық білім ортасын жобалауға ниеті саналы және жеке мағынасы бар; оны өз тәжірибелерінде қолдау терең педагогикалық білімге негізделген, бірақ шығармашылық тұрғыдан ойлау арқылы қолдамайды.

Жоғары деңгейі – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау қажеттілігінің сенімділігімен сипатталады. Бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, студенттер ақпараттық білім ортасын жобалау арқылы педагогикаға негізделген білім мазмұнын модельдеуді, бастауыш білім мазмұнында тапсырмалар арқылы жобалар дайындау әрекетін жүзеге асырады, ақпараттық білім ортасында өзінің де кәсіби білімін үзбей жетілдіріп отырады.

3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

3.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру

Зерттеу жұмысымызға сәйкес, ғылыми және әдістемелік еңбектер мен әдебиеттерді талдау негізінде, зерттеу жұмысымыздың алдына қойылған ғылыми болжамына сай, болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау үш негізгі кезеңнен құралды. Алдымен анықтау эксперименті, екінші кезекте қалыптастыру кезеңі, кейіннен бақылау кезеңі нәтижені тексеру жұмыстары.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстары 2019-2020 оқу жылдары жүзеге асырылды: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6В01301 – Бастауыш білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» мамандығы – 72 студент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы – 68 студент.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау теориялық тұрғыда негізделіп, негізгі тұжырымдарды тәжірибе барысында тексеруге арналған әдістемелер іріктеліп алынды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың компоненттері мен өлшемдері анықталып, оларды дәйектеуге арналаған әдістемелер топтастырылды, оны біз 5-ші кестеден көре аламыз.

Кесте 5 - Компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелер жиынтығы

Компоненттер	Өлшемдер	Әдістемелер жиынтығы
1	2	3
Мотивациялық-мақсаттылық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасына мотивациялық-құндылықтық қатынасының болуы	1. Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау (Н.П.Фетискинмен бейімделген) 2. ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина)
Мазмұндық-іс-әрекеттік	Ақпараттық білім ортасы және оны жобалау туралы білімі мен біліктерінің болуы	1. Өзіндік даму және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейінің диагностикасы (Л.Н. Бережнова); 2. «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасы; Эксперттік бағалаудың авторлық сауалнамасы.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
Бағалаушылық-рефлексиялық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінде ақпараттық білім ортасы арқылы кәсіби біртұтас дамудың болуы	1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын анықтаудың сауалнама-тесті (Н.Д. Дудникова). 2. Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов)

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарына қатысқан университеттердің студенттері өз болашақ кәсіби іс-әрекетіне жеке қатынасын анықтау, қалыптастыру, бақылау мақсатында әдістемелер жиынтығын қолданып зерттеу жүргізілді. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті студенттері эксперименттік топ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері бақылау тобы ретінде алынды.

1. Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі (Фетискин Н.П. бейімделген нұсқасы).

Бұл әдістеме арқылы біз студенттер бойынан кәсіби қажеттілік, қызметтік қызығушылық, ізденімпаздығының дамуы, қызығушылық деңгейі, эпизодтық қызығушылық, немқұрайлылық деңгейін көреміз. Әдістеме мақсаты – зерттелуші мотивацияның деңгейін көрсетеді. Ол дегеніміз, немқұрайлылық бар ма немесе үстіртін қызығушылық танытады ма, не ол қызығушылық, дамып келе жатқан талғампаздық, қызмет қызығушылығы жинақталып, немесе шарықтау шегі педагогика және педагогикалық шеберлік негіздерін саналы түрде зерттеуге кәсіби қажеттіліктің болуы (қосымша А).

Студент жастардың болашақ қызметіне деген қызығушылығын анықтау деңгейі, келесідей нәтижелер көрсетті, сыналушылардың мотивация деңгейі өзге зерттелген білімалушылардан төмен, әдістеменің анықтау деңгейінің нәтижелерін келесі кестеден көре аламыз:

Кесте 6 – Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі нәтижелері (Н.П.Фетискинмен бейімделген)

Сұрақтар №	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)									
	«әрқашан»		«жиі»		«жиі емес»		«сирек»		«ешқашан»	
	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	29	24	21	31	19	29	16	11	14	6
2	25	20	30	20	23	25	15	20	7	15
3	15	20	10	30	15	30	10	10	50	10
4	18	40	20	20	27	15	35	15	0	10
5	30	30	20	20	20	20	15	15	15	15
6	25	25	20	20	25	25	20	20	10	10

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
7	20	25	20	25	25	20	15	15	20	15
8	40	30	20	30	15	20	15	10	10	10
9	10	15	10	15	40	30	25	20	15	20
10	10	10	10	10	30	30	15	20	35	30
11	45	40	30	30	15	10	10	20	0	0
12	30	20	35	30	20	25	10	20	5	15
13	10	20	10	20	40	30	25	10	15	10
14	20	40	20	20	25	15	15	15	20	10
15	30	30	20	20	20	20	15	15	15	15
16	15	10	10	10	40	45	25	25	10	10
17	25	25	25	25	20	25	15	20	15	10
18	10	15	10	10	40	30	25	30	15	15

Әдістеме нәтижесінде ЖОО студенттерінде мотивациялық деңгейдің пассивтік және белсенділік деңгейі байқалады, әлі де немқұрайлылық пен үстіртін қызығушылық байқалады. ЖОО студенттері арасында кәсіби іс-әрекеттік мотивацияны көтеретін жоғарылату бағытында жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

2. Жоғары оқу орнында оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина).

Бұл әдістемені өңдеу кезінде автор бірнеше әдістемелер жиынтығын пайдаланған. Әдістеме үш негізгі шкаладан тұрады: «Білімді игеру» (білімге деген қажеттіліктің болуы, білуге құмарлық); «Мамандығын игеру» (кәсіби білімді игеруге деген ұмтылыс пен кәсіби маңызды сапалардың қалыптасуы); «Диплом алу» (қалыпты жағдайда білім алып диплом алу, емтихан және сынықтан өтуде жанама жолдарды іздеуге ұмытылысының болуы). Сонымен қатар, автор әдістемеге жасырын пайымдамалар берген, оларды өңдеу қажеттілігі жоқ.

ЖОО-ны студенттерінен алынған анықтау нәтижелері пайыздық көрсеткіште, студенттердің жалпы санынан 62% білім алуға бағытталғандығын көрсетеді. Студенттердің 23%-ы диплом алуға қызығушылық танытқан, ал 15% -нда мамандықты игеруге деген ұмтылыс бар. Студенттердің білім алуға деген бағдары негізінен «жақсы» және «өте жақсы» оқитын жастар арасында байқалады, қазіргі кезде баға категориясы студенттер арасында өзге деңгейге ауысқан, көрсеткіштің жоғары болуына деген қызығушылық негізінде білім алушылар да бар, олардың саны осы топта көп емес, оны 7-кестеден, 18-суреттен көруге болады.

Кесте 7 – ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі нәтижесі (Т.И. Ильина)

Шкалалар	Мотивтер түрі	Топтар	
		Бақ.т.1	Тәж.т.1
Шкала 1	«Білімді игеру»	63	60
Шкала 2	«Мамандығын игеру»	13	12
Шкала 3	«Диплом алу»	24	28

«Диплом алу» шкаласы бойынша көрсеткіш, студенттердің басым көпшілігі үшін білім деңгейінің көрсеткіші емес, болашақ материалдық қажеттілігін қанағаттандыруға мотивациясына байланысты да болуы әбден мүмкін.



Сурет 18– ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі нәтижесі (Т.И. Ильина)

Мамандықты игергені туралы диплом арқылы студенттер, болашақ кәсіби деңгейге көтерілу мүмкіндігіне ие болып, өз кәсіби деңгейіне сәйкес материалдық төлем болады деген сенім бар. Жоғары білімді игеру қоғам және еңбек нарығының қажеттілігі болуы себепті, диплом көмегімен тек өз саласы бойынша ғана емес, өзге де салаға жұмысқа орналаса алады. Студенттер типіне сәйкес, дипломды ғана қажет ететін студенттер өз мамандығы бойынша жоғары білімге ие деп те айта алмаймыз. Екі зерттеу тобындағы «Мамандық шеберлігі» шкаласы бойынша алынған көрсеткіштер төмен болды, яғни өз мамандығын игеруге деген қызығушылық, болашақ тиімді негізде жұмысқа орналасуға әсер етуші маңызды фактор деп те айту қиын. Көп жағдайда тәжірибе көрсеткендей, белгілі бір мамандық бойынша бітірген студенттер сол бағыт бойынша кәсіби

қызметке орналасуының өзі де екіталай. Осы ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімі мамандығының шебері болу, құндылықты ішкі мотивті қозғау мақсатында ақпараттық ортаны жобалау аса маңызды, бұл өз кезегінде тақырыптың өзектілігін айқындап, болашақ жоспарланған қалыптастыру экспериментінің қажеттілігі мен тиімділігін арттырады.

3. Өзіндік даму және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейінің диагностикасы (Л.Н. Бережнова). Өзіндік даму болашақта дамуға бағдардың бірінші кезектегі көрсеткіші екені белгілі, өзіндік дамуға итермелеуші тұлға бойындағы сапалардың болуы, өзін болашақ кәсіби іс-әрекетке бағыттауға басты мүмкіндік деп қарауға болады.

Өзіндік дамуға рефлексия 18 сұрақтан, әр сұраққа үш жауаптан тұрады. Таңдалған жауаптар өзіндік дамуға ұмтылыс деңгейін анықтауға, өз сапаларын өзіндік бағалауға, өзіндік дамуға, кәсіби іс-әрекетте өз мүмкіндіктерін бағалауға (бұл негізде педагогикалық негізде демеу кәсіби өзіндік орнын табуға мүмкіндік ретінде қаралады) мүмкіндік береді (қосымша Ә).

Тестілеу нәтижесінде біз студенттердің өзіндік дамуға ұмтылысын көреміз. (кесте 8, сурет 19):

Кесте 8 – Өзіндік дамуға ұмтылысының деңгейі бойынша көрсеткіштер

Деңгейлері	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Өте төмен	3	4
Төмен	10	9
Орташадан төмен	32	33
Орташа	30	29
Орташадан жоғары	23	22
Жоғары	2	3
Өте жоғары	0	0

Сурет 19 – Өзіндік дамуға ұмтылысы деңгейінің көрсеткіштері

Кесте 9 – Тұлғалық өзіндік сапаның өзіндік бағасы

Сұрақтар жиынтығы	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)											
	Өте жоғары		Жоғары		Қалыпты		Орташадан төмен		Төмен		Өте төмен	
	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.
Жалпы көрсеткіш	3	3	5	6	28	25	41	40	18	20	5	6

Кесте 10 – Педагогикалық демеу көрсету жобасының деңгейі

Сұрақтар жиынтығы	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)									
	Педагогикалық демеу мүмкіндігі ретінде		Өзіндік орны үшін жеткілікті		Өзіндік орнының алғышарты ретінде		Белгісіз баға, өзіндік орны алғышарты жоқ		Өзіндік орны бар деп қарауға тұрарлықсыз	
Жалпы көрсеткіш	5	6	8	7	28	27	41	40	18	20

Алынған мәліметтерге сүйенсек, ЖОО-ның студенттерінің арасында өзіндік дамуға ұмтылысының деңгейі екі топта да 50 пайыздан төмен деңгейді көрсеткенін байқадық, ол бізге өзіндік дамуға ұмтылысын көтеруге қолайлы орта құру қажеттінің бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, әдістеме барысында студенттердің тұлғалық өзіндік сапасын бағалау деңгейін және оларға қаншалықты педагогикалық демеудің қажеттігі бар екенін көре алдық. Тұлғалық өзіндік бағасының төмен болуы, студенттер бойындағы жасырын әлеует деңгейін көтеру қажеттігін, ақпараттық білім ортасын құруда қандай тұлғалық сапаларға назар бөлу керегін айқындап берді. Педагогикалық демеу жобасының деңгейі, ақпараттық ортаны жобалау барысында құрылған арнайы қалыптастыру экспериментінің ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді.

4. «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасы; Студенттердің өзіндік диагностикасына арналған авторлық сауалнамада, яғни элективті курсты өту алдында жүргізіліп, оқыту ортасын диагностикалауға мүмкіндік берді. Сауалнама ерікті түрде, тек нақты еш жерге жариялауды қажет етпейтін мәліметтерді алуға бағытталып, 14 бағалаушылық көзқарастар мен пікірлер жиынтығынан тұрды.

Авторлық сауалнама арқылы біз 4 деңгейді бағалай алдық: 0- белгісіз; 1-төмен деңгейдегі көрсеткіш, 2-жеткілікті деңгейдегі көрсеткіш, 3-жоғары деңгейдегі көрсеткіш. Сонымен қатар А- оқыту курсы басындағы және Б-оқыту курсының соңындағы күйді көрсетеді. Анықтау эксперименті деңгейінде біз А көрсеткішінің нәтижелеріне өңдеу жүргіземіз. Нәтижелердің сандық және графикалық спаттамасын 11-кестеден көре аламыз.

Кесте 11 - «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасының көрсеткіштері

Сұрақтар мазмұны	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)							
	белгісіз		төмен деңгейдегі көрсеткіш		жеткілікті деңгейдегі көрсеткіш		жоғары деңгейдегі көрсеткіш	
	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.	Б.т.	Т.т.
Ақпараттық технологияның қоғамдық даму үшін орнын сезіну	10	12	22	20	45	47	23	21
Өзіндік даму үшін ақпараттық технологияның рөлін сезіну	12	11	21	21	47	46	20	22
Шығармашылық үшін ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін игеруге ұмтылысы	23	21	45	47	22	20	10	12
Ақпараттық технологияны игеруге қызығушылық	10	12	22	20	45	47	23	21
Ақпараттық технология жеке қажеттілігі	23	21	22	20	45	47	10	12
Ақпараттық технологияны игерудегі сырттан көмектің қажеттілігі	23	21	45	47	22	20	10	12
Ақпараттық іс-әрекет үдерісінде қалыптан тыс шешімдерді іздестіруге мүмкіндігі	21	23	47	45	20	22	12	10
Ақпараттық мәдениеттің жеке деңгейі	20	25	48	43	22	20	10	12
Ақпараттық іс-әрекеттің жағымсыз әсері мүмкіндіктерін сезіну	27	25	41	41	24	23	8	9
Ақпараттық іс-әрекетті іске асыруда өзіндік презентация болуының мүмкіндігі	28	29	40	39	25	23	7	9
Өзіне таныс емес жағдаятта ақпараттық технологияны қолдану жолдарын іздеуге даярлығы	29	28	39	40	23	25	9	7
Жеке ақпараттық іс-әрекет нәтижесін бағалау мүмкіндігі	27	25	48	46	22	24	3	5
Желідегі қарым-қатынас барысында этикалық ұстанымдарды сақтау	26	23	49	50	20	22	5	5
Ақпараттық технология мен дербес оқыту пәндері арасындағы білім бірлігін сезіну	25	24	46	47	23	24	6	5

Алынған мәліметтерге сүйенсек, ЖОО студенттерінің арасында «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасының анықтау деңгейіндегі нәтижесіне сәйкес, ақпараттық технологияның қоғамдық даму үшін орнын сезіну сұрағына сәйкес студенттердің басым көпшілігі жеткілікті дәрежедегі көрсеткішті таңдаған. Нақтырақ айтқанда, студенттер қазіргі заманауи

инновациялық білім беру талаптарына сәйкес АКТ қажеттілігін мейлінше орташадан жоғары деңгейде деп түсінетіндігі байқалды.

Өзіндік даму үшін ақпараттық технологияның рөлін сезіну сұрағына сәйкес, жалпы көрсеткіштер қанағаттанарлық деп айта аламыз. Осыған орай, бұл негізде студенттердің жалпы өзін-өзі дамытуға деген мотивациясының деңгейін және өзін-өзі дамытудағы заманауи технологиялардың рөлін түсінеді деген сөз. Шығармашылық үшін ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін игеруге ұмтылысы сұрағына көптеген сыналушылар белгісіз және төмен деңгейдегі көрсеткішті таңдаған, бұл тұста жалпы ақпараттық орта құруда шығармашылыққа басты назар бөлу қажеттілігі айқын көрінеді. Яғни қалыптастыру экспериментінде берілген тапсырмалар өзіндік жұмысқа, креативті ойды дамытуға, АКТ-ны мейлінше шығармашылықпен қолдануға бағытталуы қажет деген ой түйінделеді. Ақпараттық технологияны игеруге қызығушылық деңгейінің көптеген студенттерде орташа екені танылды. Нақты айтқанда, қашықтықтан оқыту нысаны дамыған жүйеде, оның да оң әсері бар екенін, дегенмен әлі де жеткіліксіз ақпараттық орта ауқымын одан әрі кеңейту қажеттілігі бар екендігі айқындалды.

Ақпараттық технологияның жеке қажеттілігі және ақпараттық технологияны игерудегі сырттан көмектің қажеттілігі көрсеткішінің сыналушылардың көпшілігінде төмен болуы, нақты қалыптастыру эксперименті барысында өзіндік қажеттілікті дамытуға бағытталған орта құру қажеттілігі бар екенін анықтады.

Әрбір жоспарланған сабақтың алдына қойылған мақсатының мазмұнында жаңа білім алудың, АКТ мүмкіндіктерін игеру аясының артуын қамтамасыз етудің маңызды орны белгіленуі тиіс. Ақпараттық іс-әрекет үдерісінде қалыптан тыс шешімдерді іздестіруге мүмкіндігі бойынша, студенттердің АКТ-ны қолдану бойынша инновациялық ойлау деңгейінің төмен екендігі анықталды. Студенттердің бойында қазіргі қоғам талабына сай мобилділік сапаның қажеттілігі бар екенін, өз іс әрекетін модельдеуге, топта жұмыс дағдысын дамыту қажеттілігі ерекше екені айқын танылды. Осы бағыт біздің қалыптастырушы экспериментіміздің алғышарты ретінде орын алды. Ақпараттық мәдениеттің жеке деңгейі, ақпараттық іс-әрекеттің жағымсыз әсері мүмкіндіктерін сезіну деңгейінің төмен болуы жалпы АКТ туралы білімді кеңейту, теориялық алған білімді мейлінше кең болашақ іс-тәжірибесінде қолдану дағдыларын дамытуға бағдар болды.

Сонымен қатар жалпы интернет желісіндегі мәдениет ұғымының қалыптасуы төмендеу деңгейде екендігі байқалды. Осыдайша, студенттердің өзіндік уақытын тиімді пайдалануға үйрету қажет екендігі де педагогикалық мәселе ретінде назарға алынды.

Ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттің болашақ мұғалім ретінде өзінің болмысын таныта алу мүмкіндігі сұрағы нәтижесіне сәйкес, нақты студенттер бойында қоғамдағы бәсекелестік ортаға қажетті ең бірінші сапа көшбасшылық пен жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі айқындалды. Оның өзі ақпараттық білім ортасын жобалау

негізінде берілетін тапсырмалардың нақты осы сапаның өсу динамикасын арттыруға бағытталуы тиіс екендігін көрсетті.

Өзіне таныс емес жағдаятта ақпараттық технологияны қолдану жолдарын іздеуге даярлығы сұрағы бойынша нәтижені талдауда пайыздық көрсеткіштің төмен деңгейде екендігі көрінді. Жалпы кәсіби білімін толық игеріп шыққан кезде студенттер кәсіби педагогтік қызметін бастағанда, өздеріне бейтаныс ортаға түсетіні белгілі. Осы ретте ақпараттық білім беру ортасын жобалауда, жалпы білім беру мектеп, яғни болашақ кәсіби орта шарттарының ескерілуі өте маңызды. Осы қырынан алғанда, педагогтік тәжірибеде, білім беру ортасында, теориялық білімді қолданбалы білімге айналдыруды ұтымды етіп ұйымдастыру қажеттілігінің маңызын ескеру керек екендігі танылды.

Жеке ақпараттық іс-әрекет нәтижесін бағалау мүмкіндігі, жалпы әрбір іс-әрекеттен соң берілетін рефлексия жасаудың орны өте маңызды. Себебі ол болашақ жұмыс бағытын айқындап, дұрыс бағдарын көрсетеді. Желідегі қарым-қатынас барысында этикалық ұстанымдарды сақтаудың орны да ерекше. Сонымен қатар, қазіргі кезде денсаулық сақтау маңыздылығы аса жоғары. Зерттеу нысанымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдері болғандықтан, бала денсаулығының құндылығын сабақ мазмұнында қамту қажеттілігі, уақытты денсаулықты сақтау технологиясы ұстанымдарына сәйкес, зиянсыз пайдалану тиімділігі де айқын көрінді. Ақпараттық технология мен дербес оқыту пәндері арасындағы білім мазмұнының біртұтастығын сезіну көрсеткішін талдау нәтижесі бойынша студенттердің орта деңгейде екендігі анықталды, логикалық жалғасы ретінде кәсіби пәндерді оқытуды АКТ арқылы тиімді ұйымдастыруға, ол пәндерді меңгертудің технологиялық және әдістемелік негізін инновациялық тұрғыдан кеңейтуге аса назар бөлу керек деген ой туындады.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын анықтаудың сауалнама-тесті (Н.Д. Дудникова бойынша).

Бұл сауалнама-тестінің мазмұны студенттің өз іс-әрекетінің рефлексия дәрежесін анықтауға арналған және «ия» және «жоқ», «мүмкін» немесе «мүмкін емес» деген сияқты жауаптарды қажет ететін 10 сұрақтан тұрады. Алынған нәтижелерді талдаудың қорытындысын келесі кесетден көруге болады (кесте 12, сурет 20).

Кесте 12 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын диагностикалау әдістемесі нәтижесі (Н.Д. Дудникова бойынша)

Рефлексия деңгейі	Бақылау тобы		Эксперименталды топ	
	%	саны	%	саны
Төмен	**51,56**	**36**	**53,12**	**38**
Қалыпты	**43,75**	**28**	**45,31**	32
Жоғары	**4,69**	**3**	**1,56**	2

Сурет 20 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын диагностикалау әдістемесінің көрсеткіші

Бұл сынама бойынша, эксперимент топтарында да, бақылау топтарында да, алынған нәтиженің деңгейі төмен болды. Қорытынды нәтижелерге сүйеніп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиясын қалыптасу деңгейлерін дамыту бойынша арнайы іс-шаралардың жүргізілуі қажет деген тұжырым жасалынды.

6. Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов бойынша)

Бұл әдістеме болашақ педагог маман ретіндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің, кәсіби іс-әрекетіне деген рефлексиялық деңгейін анықтайды. Зерттеу нәтижесі студенттердің рефлексия деңгейін, өзіндік тұлғасына қатысты сын пікірі мен болашақ ұжымдағы қоммуникативтік қарым-қатынасқа деген деңгейін көрсетеді. Сыналышулармен әдістемені жүргізу нәтижесінде, бақылау және эксперименттік топтар бойынша қорытынды көрсеткіштер келесі кестеде берілді (кесте 13, сурет 21 (қосымша Б):

Кесте 13 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық рефлексиясының қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Шкала деңгейі	Студенттердің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)	
	Бақылау тобы (%) 72 студент	Эксперименттік топ (%) 68 студент
Пассивтік	10	7
Белсенділіктен төмен	40	47
Белсенділік	15	23
Белсенділіктен жоғары	15	13
Жасампаздық	20	10



Сурет 21 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық рефлексиясының қалыптасу деңгейін шкалалар бойынша сипаттамасы

Зерттеу нәтижесі бойынша, «рефлексивтілік» шкаласының деңгейі бақылау және эксперименттік топтарында 50 %-дан төмен, яғни пассив және белсенділіктен төмен деңгейді көрсетті, ал «өзіндік тұлғасына қатысты сын пікірі» бақылау тобында – 40 %, эксперименттік топта – 35 %-ды көрсетті. «Ұжымдағы коммуникативтік қарым-қатынас» шкаласы бойынша бақылау тобында – 50 %, эксперименттік топта – 45 % шамасында болды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізілген анықтау эксперименті студенттерде жалпы педагогикалық рефлексия қалыптасуының деңгейін дамыту бағытында, ақпараттық ортаны жобалау кезінде нақты арттыру бағытында инновациялық әдістер қолдану қажеттілігі үлкен деген тұжырым жасалынды. Анықтау деңгейінде жүргізілген әдістемелер нәтижесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық ортасын жобалау бойынша, мотивациялық-құндылықты мазмұндық іс-әрекеттік компоненті, бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша қалыптастыру экспериментін жүргізу өзектілігі айқындалды. Бұл жұмыстар зерттеу жұмысымыздың 3.2 бөлімінде толық сипатталды.

3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде барлық бағыттағы мамандарды дайындау түлектерді болашақтағы өзінің кәсібін тиімді, сапалы етіп ұйымдастыруға, атқаруға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылдыратындай дәрежеде орындауы тиіс. Өйткені қоғамның және уақыттың жаңа мамандарға ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік тұрғысынан қоятын талабы күн сайын биіктеп, күшейіп келеді. Бұл бағытта зерттеулер мен

практикалық ізденістер де, мейлі ол нормативтік құжаттар болсын, мейлі жаңа жобалар болсын немесе арнайы білім беру бағдарламалары болсын, күн санап көбейіп келе жатқаны да кездейсоқ емес. Бұл жағдайдар болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау дағдыларын университетте тиянақтылықпен, саналылықпен қалыптастыру қажеттілігін күн тәртібінің өзекті қатарына алып шығады. Бастауыш мектеп мұғалімін дайындау стандарттарында, оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының мазмұнында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау дағдыларын қалыптастыру мәселесі айқын көрінетін болуы керек. Әрине, жоғары оқу орындарының жаңару, даму, жетілуіне байланысты болып жатқан өзгерістердің барлығы дерлік, қалай болса да ақпараттық қоғам, ақпараттық кеңістік құру, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігі, АКТ пайдалану мәдениеті, ақпараттық білім ортасының ерекшелігі туралы мәселені қарастырып өтетіні белгілі. Қазіргі заман және алдағы келешек уақыт болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлауда оларға АБО жобалауды үйретпей маманды сапалы дайындау мүмкін емес екендігін анықтап берді. Ақпараттық білім ортасын жобалауды меңгертуде студенттерге АБО қалыптастыратын компоненттерді де мүмкіндігінше толыққанды таныстыру және қолдану әдістерін меңгерту керектігі белгілі. Атап айтсақ, бастауыш мектепте берілетін білім мазмұнының базасы, қажетті қосымша білімдік мәліметтер, ақпараттық білім ресурстары, ақпараттық-коммуникациялық жүйелер, ақпараттық сервистер, техникалық жабдықталуы, бағдарламалық қамтамасыз етілуі, информатика және ақпараттық технология саласының мамандарымен тығыз байланыс орнату сияқты компоненттері студенттерге тегіс және кең мазмұнда меңгертілуі тиіс болады. Осылардың барлығын арнайы курс арқылы меңгерту арқылы болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің өзін жан-жақты, XXI ғасыр мұғалімі деңгейінде қалыптастыратын жаңа жүйе құруға болады. Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша ақпараттық білім ортасын қалыптастыру мәселесі – XXI ғасырдың өзекті тақырыбына айналады. Өйткені, ақпараттар тасқынында әркім өзіне қажетті ақпаратты тез әрі сапалы іздеп таба білуі, мамандығына қатысты және ескірмеген ақпаратты дер кезінде пайдалана білуі, сақтау, өзгерту, тасымалдаудың түрлі әдістерін меңгеру - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің екінші тынысын ашатын және АКТ қарқынмен дамыған заманда өмірінің сенімді құралы.

Жобалау технологиясын зерттеген Бахишева С.М. былай деп көрсетеді: «Жобалауды жүйелік тұрғыдан қарастыру тұжырымдамасы негізінде өткен ғасырдың 80-жылдары ене бастады. Олар Ю. К. Бабанский, В. С. Ильин, В. П. Беспалько т.б. ғалымдардың педагогикалық үдерістегі жүйе құраушы идеялары негізінде пайда болды. Жаңашыл педагогтардың тәжірибесін қарастыру олардың педагогикалық әрекеттерді жобалауға жаңа көзқарастарын көрсетеді. Ондағы мақсат мұғалімнің жобалық әрекеттері оқушыны дамытуға бағытталғандығын байқатады. Болашаққа бағытталған педагогиканың басты шарты жаңарған педагогикалық сана болып табылады» [173].

Қазақ тілінде «орта» деген сөздің мағынасына орай айтылатын «Орта толсын!» деген бата сөз бары белгілі. Бұл – орта сөзінің «кеңістік» сөзімен синонимдес екендігінің дәлелі. Кеңістік – бір нәрсеге толы болатын құбылыс. «Ақпараттық кеңістік», «ақпаратттық-коммуникациялық технология кеңістігі» ұғымдарының «ақпараттық орта», «ақпараттық білім ортасы», «ақпараттық-коммуникциялық орта» ұғымдарынымен сәйкестігі анық. Бұл талдау жасаудың себебі, интернет кеңістігінің толыққанды түрде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді дайындауда ақпараттық білім ортасы бола алатынын дәлелдейтін зерттеулер легі көбейіп келе жатқандығымен байланысты. Сөзімізге орай, Извозчиков В.А. ақпараттық білім ортасын адамдардың білім алу мақсатымен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, тұлға ретінде түрлі сапалы өзгерістерге ұшырауы жүзеге асырылатын кеңістік деп анықтауы өте назар аударарлық деп санаймыз [174].

Ғалымның осы ойын жалғастыра келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау әдістемесін болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сапалы білім алуына жақсы жағынан ықпалын тигізетін белгілі бір заңдылықтар мен талаптарға бағына, өзара байланысқан шарттардың жиынтығын білдіретін білім беру кеңістігі деп өз тарапымыздан анықтама береміз. Ендігі қосарымыз – қандай шарттар болса да, олар белгілі бір әрекеттер арқылы ғана жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан ол кеңістікте субъектілер мен олардың әрекеттері нақтылануы керектігі белгілі. Бұл ретте субъектілер - болашақ бастауыш сынып мұғалімдер-студенттер және университет оқытушылары.

Жоғары оқу орындарындағы оқу процесі С.И. Архангельскийдің сөзімен айтқанда, «басты сыртқы белгілеріне қарап оңтайландыра беруге көнбейтін» [175] өзіне тән ерекшеліктері мол күрделі ұйымдасқан жүйе болып табылады.

Білім беру процесінде АБО құру және пайдалану мәселелерін көптеген ғалымдардың зерттегені белгілі [176, 177].

Қазақстандық білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жолдарын қарастырған еңбектер де жеткілікті. Осы бағыттағы еңбек авторлары жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындауды ұйымдастыруда АКТ-ны таным үрдісін оңтайландыру ретінде қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіби қызметте жеке стиль қалыптастыратын оқыту құралы ретінде пайдалануға болатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, авторлардың айтуынша, «АКТ-ны енгізу студенттерде келесідей жалпы құзыреттіліктердің калыптасуына және дамуына ыкпал етеді:

- өзінің болашақ мамандығына тұрақты қызығушылық танытып, оның мәні мен әлеуметтік маңызын түсінуіне;

- кәсіби қызметте акпараттық-коммуникациялық технологияларды колдануға;

- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыруда жауапкершілік алу, техника қауіпсіздігі ережесін сақтауына...» [178].

Педагог мамандардың АКТ қолдану құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі туралы қарастырған ғалымдар ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды тиімді пайдалану мұғалімдерге түрліше дидактикалық тірек мүмкіндіктер тудыратынын атап көрсетеді. Соның ішінде, оқушылардың, студенттердің жеке, өз бетімен ізденіп, жұмыс жасауы, аз уақытта көптеген білім ақпаратын іздеп табуы, тест орындау арқылы білім деңгейі мен қажетті дағдыларын тексеру мүмкін болуы, қашықтан оқыту жүйесінің ерекшеліктерін меңгеруі сияқты заман талабына орай кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады деп атап көрсетеді [179].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруды арнайы жүйеге түсіруде осы жұмысты жүзеге асыратын жүйелі әдістеме яғни әдістері мен амал-тәсілдері, әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстар басты орынға ие болады. Студенттерді АБО жобалауға олардың мотивациялық тұрғыдан ынта білдіре қосылуы үшін оларға арналған мол теориялық және тәжірибелік материалдар ұсынылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалай білуі – қазіргі заманда мектепте оқытуға балама түрінде іске асыруға болатын оңтайлы жүйені құра алатын аса қажетті және маңызды кәсіби білім мен дағды иесі екенін дәлелдейтін көрсеткіш. Теориялық және практикалық жағынан біртұтас қамтамасыз етілген «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсы студенттерге қажетті ақпаратты бірізді логикалық жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, арнайы бағдарлама студенттерге берілетін білім мазмұны мен дағдылар жүйесін оқыту барысында аралық бақылау тестілерін алу арқылы түзетіп отыруға, толықтырып отыруға тірек болады. Осындай әрекеттер нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің келешектегі мұғалімдік қызметін және университетте өзінің сапалы білім алу мен тәрбие барысын өзі басқарып отыруын белсендендіреді.

Ақпараттық білім ортасын жобалауды қалыптастыруда студент өзін болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде бір субъект және өзінің болашақ оқушыларын екінші субъект ретінде анықтап, бастауыш мектепте оқытатын пәндері бойынша дидактикалық үдерісті педагогикалық тұрғыдан жүйеге түсіру мақсаты мен міндетін түсінуден бастап, өзіндік АБО моделін жасауға дейінгі аралықтағы алгоритмді жүріп өтуі көзделеді. Осы үдерістің құрылымы мен мазмұны арнайы курстың болмысын танытады. Қалыптастыру эксперименті кезінде арнайы курстың бағдарламасында студенттерге келесі тақырыптар меңгертілу көзделеді.

Кесте 14 – «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсының бағдарламасы

Курстың мазмұнындағы тақырыптар	Дағды	Сағат саны
1	2	3
Жобалау туралы түсінік пен терминдер, ұғымдар жүйесі	Теориялық модельдеу	2
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және оларды педагогикалық процесте қолдану маңызы	АКТ түрлері және қолдану әдістері	2

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
Жүйе, педагогикалық жүйе және кибернетикалық жүйе, синергетика заңдары мен ұстанымдары туралы түсінік	Жүйе құрау әдістері Синергетика заңдарын білім жүйесінде қолдану әдістері	2
Ақпараттық білім ортасын жобалаудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері	АБО жобалаудың теориялық тұғырларын тану	2
Ақпараттық білім ортасын жобалаудың тәрбиелік маңызы	«Білім мен тәрбие – егіз» қағидасын ұстану	2
Ақпараттық білім ортасын жобалаудағы негізгі идеялар	Мақсат қоя білу	2
Көздеген мақсатқа жеткізетін педагогикалық факторлар мен шарттарды айқындау	Ұстанатын бағыт-бағдарын нақтылау	2
Жобалайтын педагогикалық болмыстың сипаты	Бастапқы күйін диагностикалау	2
АБО жобалаудың дәрежесі мен нақты қолданатын мүмкіндіктерді айқын тану	Рефлексия	2
АБО жобалаудың көздеген мақсатына жетудің екі не бірнеше нұсқаларын гипотеза ретінде алу және оларға қандай нақты жолдармен қол жеткізудің мүмкіндіктері бар екенін бағалау	Болжам жасау	2
Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын нақты жобалау	Модельдеу	2
АБО жобалау нысанының параметрлерін, өлшем әдістерін нақтылау	Жобалауды/модельді басқару және бақылауда ұстай білу	2
АБО жобалауын бастауыш мектепте эксперимент жасап сынау	АБО жобалауды болашақта өз қызметіне ендіре білу. Эмпирикалық эксперимент әдісін тиімді қолдану	2
АБО жобалауды жүзеге асырудың нәтижелерін бағалау және оларды теориялық тұрғыдан күтілген болжам нәтижесімен салыстыру	Бағалай білу, баға бере білу	2
Бастауыш мектептегі шынайы оқыту үдерісінде қолдануға қолайлы және тиімділігі жоғары АБО жобалау нұсқасын ұсыну	Түзетулер жасалған /коррекцияланған жобалаудың оңтайлы тұстарын айқын көрсететін модель құру	2
АБО жобалаудың дидактикалық қажеттілігі мен маңызы туралы қорытынды, ұсыныстар, тұжырымдар жасау	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзі ұсынатын оқыту технологиясының тұжырымдамасын жасай білу	2

Арнайы курстың тақырыптары көрсетіп отырғандай, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндетіне орай, курстың мазмұны студенттердің теориялық және тәжірибелік қырынан білімі шегеленгендей нық болуы қамтамасыз ету мақсатына бағытталған, интеграцияланған сипатта сұрыпталынды. Жоғарыда көрсетілгеніндей, арнайы курс бағдарламасының мазмұнында болашақ бастауыш сынып мұғаліміне берілетін білім мазмұны, яғни жүйенің болмысы туралы білім мазмұны, синергия туралы білім мазмұны, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы білім мазмұны синтезделе беріледі. Нақты айтатын болсақ, студенттердің «жоба», «жобалау», «жүйе», «ақпараттық білім ортасын жобалау» туралы теориялық білім алуы олардың келесі кезеңде осындай жобалауды өздерінің орындауына тірек болуын көздейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технология, кітапханалық ресурстар, интернет, веб-ресурстар және оларды жобалау моделіне орналастыру жолдары туралы білім мазмұны студенттердің АКТ түрлерін бұрығыдан да тереңірек танып, олардың әрқайсысының дидактикалық қызметке бейімделу мүмкіндіктерін анықтауына дағдыландырады.

Ал практикалық-лабораториялық сабақтарда әр студент дербес АБО жобалау барысында, болашақ бастауыш мектеп мұғалімі қызметіндегі өзінің жаңаша ойлайтын, жаңа технологиялар негізінде білім беретін мұғалім моделін қалыптастыруға бірге қатысатын болады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, арнайы курс бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын меңгертуді шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады деп ойлаймыз.

- бірінші кезеңде студенттерге, негізінен, теориялық білім беріледі, мұны дайындау кезеңі деп те атауға болады;
- екінші кезеңде студенттердің нақты АБО жобалау кезеңі өткізіледі, яғни, берілген алгоритм бойынша студенттер дербес «Ақпараттық білім ортасын жобалау» моделін құрайды; осы екінші кезеңнің өзін жоба орындаудың логикалық желісі бойынша іштей бірнеше кезеңге бөлеміз: *жобаалды кезеңі, жоспарлау кезеңі, ұйымдастыру-коммуникативтік кезең,*
- үшінші кезеңде яғни іштей *эксперименттік кезең, рефлексивтік кезең* деп бөлінетін кезеңдерде, студенттер өздерінің АБО жобалауын педагогикалық практика барысында сынақтан өткізіп, коррекция (түзету) жасайды, мұғалімдер үшін әдістемелік ұсыныстар әзірлейді, өз жобалауын қорғайды.

Арнайы курс бағдарламасы бойынша студенттерге арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалау технологиясы» атты қағаз нұсқадағы оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) арнайы курс бағдарламасының әр тақырыбы бойынша берілетін дәріс және практикалық, лабораториялық сабақтардың, мектепте студенттер эксперимент снауы ретінде өткізетін компьютерлік сабақты, интерактивтік сабақтың, интернет-сабақтың, квест-сабақтың түрлері мен олардың контенттері, мектепте студенттер мұғалімдермен жүргізуі тиіс сұраунамалар мазмұны берілген. Арнайы курстың соңында студенттердің білімін тексеруге арналған тест ұсынылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыру процесі студентті, өзінің біртұтас педагогикалық процестің субъектісі ретінде, келешектегі бастауыш мектеп мұғалімі ретінде қарауына дағдыландырады және алдына қойылған оқу мақсаттарына жету үшін, соған лайықтап, білім мен білімдік ақпарат ресурстарын, жаңа технологияларды, оларды қолдануға бағытталған оқу-таным әрекеттерін жобалауға, дидактикалық-тәрбиелік міндетті шешуге керекті әдістерді белгілі бір жоба моделіне түсіруге дағдыландырады.

Студенттердің осыған дейінгі АКТ қолдану тәжірибелері мен жобалаудың теориялық және практикалық негіздерін меңгеруі процесіндегі күй-жайы олардың бастауыш мектеп мұғалімі ретіндегі кәсіби функцияларын түсінуге және қабылдауға дайындайды. Ол функцияларды атап кетуге болады:

- бастауыш сынып оқушыларын жас ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу;
- мемлекеттік бастауыш білім беру стандартының талаптарына жауап беретін білім беру бағдарламасына сәйкес білім мазмұнын меңгерту және дағдыларды қалыптастыру;
- сабақ беру барысында, үзілістерде, сабақтан тыс және барлық тәрбиелік іс-шараларда еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті сақтау нормалары мен ережелері сақталуын қамтамасыз ету, барлық оқушылардың еңбекті қорғау нұсқаулықтарын және мектепте өзін ұстау ережелерін орындауын дұрыс бақылауды қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс уақытта білім алу, зерттеу, жоба орындау әрекеттерін орындауды ұйымдастыру.

Жинақтай айтқанда, оларды талдау-аналитикалық функциясы, болжам жасау функциясы, ұйымдастырушылық функциясы, басқару функциясы деп атаймыз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалау процесіндегі өзіндік жоба орындау жолдарына таңдап ала білуі олардың сонымен бірге жоғары білімді маман ретіндегі танымдық функциясын, ізгіліктілік функциясын, ақпараттық функциясын, нормативтік функциясын, диагностикалау және бағалау функциясының да жүзеге асырылуын қажет етеді.

Арнайы курсты оқыту процесінде студенттер өзара байланысқан және өзара шарттасқан сипаттағы бірнеше компоненттен, яғни танымдық-когнитивтік, құндылық-аксиологиялық, мотивациялық компоненттен, тұратын құрылымдық-мазмұндық болмысқа ие бола бастайды. Арнайы курстың бағдарламасында берілетін білім мазмұны көпқырлы ерекшелікке ие болып келеді. Ол ерекшеліктерді атап айтсақ:

- жоғары мектепте бастауыш мектеп мұғалімін дайындаудың инвариантты және нұсқалық оқу бағдарламаларының мазмұнындағы оқу процесі мен аудиториядан тыс білім мен тәрбие беру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімін жобалауға дайындау бағыты болуы;
- болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің білім мазмұнымен, білімдік ақпарат ресурстарымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, жаңа педагогикалық технологиялармен қаруландыру бағыты ұсталынатыны;

студенттерді жобалауға дағдыландыруда олардың жоба әрекетін орындау процесін кезең-кезеңге бөліп, әр кезеңді оқытушының басқару және студенттің өз-өзін басқару талаптарын орындауға бағытталуы [180].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінде ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруда бастауыш мектепте білім беру сапасын жоғарылату және оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен білім көздерін, ресурстарын молынан пайдалануға, өз бетімен білім іздеуде сапалы ресурстардан алуға жасы тірек болатын факторлар мен шешімдерді студенттерге үйрету және ол материалдарды өз бетімен модель етіп жобалауға үйрету мақсаты алға қойылып отырғаны белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының білім үлгерімі мен тәрбие сапасы жақсаруы олардың оқу-тәрбие ортасын заманауи тұрғыдан жобалаумен, бастауышта білім беру жүйесінің функциялары мен операцияларымен тығыз байланысты болғандықтан, жобалаудың маңызы зор болатыны анық.

Бастауыш мектепте оқылатын барлық пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұндары жаңаланып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу орныққаны белгілі. Қазіргі уақытта 1-4 сыныпта толығымен жаңа мазмұндағы оқу бағдарламалары, білімді бағалаудың жаңа жүйесі т.б. көптеген жаңашылдық орын алып отыр. Оқу мақсаттары дәстүрлі білім жүйесіндегідей, жалпы айтылып қоймай, әр пәннің мазмұнындағы жекелеген тақырыптың ажырамас компонентіне айналды. Әр тақырыптың басында көрсетілген оқу мақсаты осы білім мазмұнын меңгеру қаншалықты дәрежеде қолжетімді болды және қол жеткізілген нәтиже қандай деген рефлексиялық компонент орнықты. Яғни, қазақстандық бастауыш мектептегі білім беру ортасы жаңарды деп айтуға болады. Бірақ дидактикалық құралдардың, әсіресе, мектеп мұғалімінің дайындығы қаншалықты сапалы деңгейге көтерілгені әлі де нақты емес, әлі де болса жетілдіруді аса қажет етіп отырғаны белгілі. Осыған орай, жаңа білім мазмұнын игеру процесін жаңа деңгейге өсіру үшін, жаңа ақпараттық білім ортасын құруды болашақ мұғалімдерге, қазіргі оқып жатқан әрбір студентке меңгертудің қажеттілігі айқын танылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалай білуі, өзінің бастауыш мектептегі оқу-тәрбие процесінде ақпараттық ресурстарды, оқу материалдарын тасу, жеткізу құралдарын, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету жолдарын жүйелілікпен ұйымдасқан жиынтығын модельдей алуын және басқара білуін білдіреді.

«Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсының бағдарламасын меңгере отырып, студенттер жинақталған білімді жинау, сақтау, жеткізу, өңдеу, байыту, толықтыру сияқты әрекеттерді орындай отырып, жалпыадамзаттық мәдениетпен өзінің қарым-қатынасын құруды үйренеді. Бастауыш мектепті жаңаланған оқу бағдарламасындағы білім мазмұнына қосымша және дидактикалық материалдарды іздеу, жинақтау, дидактикалық бейімдеу жасау арқылы студенттер өз бетімен жалпы ақпаратты өңдеу, сақтау, жеткізу сияқты ақпараттық мәдениет дағдыларын игереді.

Ақпараттық білім ортасын жобалаудың задылықтарын меңгеруі арқылы студенттер «білім ресурсы» - «АКТ» - «мұғалім» - «оқушылар» немесе керісінше «білім ресурсы» - «АКТ» - «оқушылар» - «мұғалім» байланысу желісін құра алатын болады. Негізінде, «ақпараттық білім ортасының» типтерін анықтауда бірқатар ерекшеліктер байқалады. Бір топ ғалымдар ақпараттық білім ортасының үш типі бар деп санайды, олар:

- білім беруге, жеткізуге бағдарланған орта;
- білімді өз бетімен іздеуге бағдарланған орта;
- аралас типтегі орта [181].

Ал тағы бірқатар ғалымдар ақпараттық білім ортасының типтерін келесідей етіп бөліп қарастырады:

- ашық АБО;
- жабық АБО [182].

Зерттеу жұмысымыздағы ақпараттық білім ортасының жобасы - ерекшелігі мол модель. Өйткені, бір жағынан, бұл модель студентті болашақ кәсіби қызметінде жобалауға үйретеді, ал екінші жағынан, студенттің сол үйренген жобалауы - бастауыш мектеп оқушыларының сапалы білім алу жүйесі болуына қойылатын талап. Бұл екіжақты модельдің көпөлшемділігі өз кезегінде көпқабатты әдістемелік ерекшеліктері болуын да көрсетеді. Біздің ойымызша, зерттеу тақырыбымызға «аралас типті ақпараттық білім ортасы» моделі сай келеді.

В.П.Беспальконың айтуынша, кең қадамды жоспарлау дегенге жақын келетін жобалау инновациялық технологияларды кешенді түрде бастауыш мектепте білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тығыз байланыстыра модельдеуді танытады [183].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыру процесінде қолданылатын әдістер мен тәсілдері жүйесі, негізінде, алға қойылған міндеттің шешімін табу үшін дәстүрлі тар аядан шығып, жобалау жағдаятының шекарасын, өрісін кеңейте қарауға мүмкіндік береді. Өзіндік тұжырымдама мен дидактикалық ұстанымдары анықталған ОАБО жобалау бағдарламасында көптеген балама әдістердің ішінен оңтайлы шешім табуға жетелейтін әдістерді таңдауды талап етеді әрі соған үйретеді.

Арнайы курсты оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшелігі мол. Атап айтқанда, студенттер, болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретінде, АБО жобалауда мынадай жолдардан өтеді:

- біріншіден, модельдеу әдістерін, яғни теориялық білім арқылы ой эксперименті мен ойша модельдеу жолын өтеді;
- екіншіден, жоба, жобалау орындау әдістерін игеру жолын өтеді;
- үшіншіден, мектепте сынаудан өткізіп, алынған нәтижеге қажетті түзетулер енгізіп, біртұтас АБО жобалау технологиясын құру жолын өтеді.

Осы үш жолды бірінен соң екіншісін өту барысында студент, өзінің АБО педагогикалық модельді жобалаушы мәртебесін сақтайды және дәстүрлі

жобалау ерекшеліктерін енді өзі құрып отырған жаңа инновациялық жоба моделіне аз енгізуге немесе мүлде енгізбеуге ұмтылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауы – жаңа заманның жаңа деңгейдегі педагогикалық жүйесін құруға, өзіндік индивидуалдық педагогикалық жүйесінің моделін құруға деген ұмтылысы. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің ұстаздық шығармашылық қызметін жаңа заман болмысына бейімдеп педагогикалық жобалауда жалпы жоба орындау әдістемесінің логикасына сәйкес, бірқатар әдістерді меңгеру керек. Олар:

- жоба моделін ұсынатын педагогикалық жүйенің, педагогикалық процестің алдығы жай-күйін нақтылау және бағалау әдістері;
- өзі ұсынатын АБО педагогикалық жобасының бастауыш мектепте білім беруде ең тиімді тұстары туралы ғылыми болжам жасай білу әдістері;
- қазақ бастауыш мектебіндегі (мүмкін әр студент жеке сыныпта) оқыту-тәрбие процесіндегі өзінің ұстаздық қызметіне қатысты индивидуалдық жобалау әдістері;
- параметрлерді өлшеу әдістері;
- студенттердің өзі ұсынатын АБО педагогикалық жобасының тиімділігін өлшемдеріне өзара салыстыру жасай білу және ерекшеліктерін талдау әдістері;
- индивидуалдық АБО педагогикалық жоба моделін эксперименттік сынаудан өткізген соң түзетулер жасау және дидактикалық нұсқаулар мен ұсыныстар беру әдістері.

Бұл әдістер тұтас бастауыш мектеп немесе одан үлкен педагогикалық жүйелер бойынша жобалау жасауға лайық келмеуі мүмкін. Өйткені жобалаудың өрісі кеңейген сайын, сөзсіз, оның құрамындағы компоненттер де көбейетінін білдіретіні белгілі. Студенттің болашақ бастауыш мектеп мұғалімі индивидуалдық педагогикалық шығармашылық қызметін жобалауға оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылады. Оның ішінде дәрістер және олардың түрлері, семинарлар және олардың түрлері, лабораториялық сабақтар, жоба орындату және оның әдістері, эксперимент жасату және оның әдістері деп атап көрсетуге болады. Дәрістерден соң өткізілетін практикалық сабақтар студенттердің өзіндік ақпараттық білім ортасын индивидуалдық жобалаумен әрі жалғасады әрі өзара тығыз байланысты әрмен қарай жүргізіледі.

Арнайы курстың теориялық тақырыптарын дәріс, семинар, лабораториялық сабақтар түрінде меңгерту көзделеді. Дәріс – жоғары оқу орындарында қолданылатын білім беруді ұйымдастырудың басты түрі болғандықтан, оған оқу уақытының 30 проценті бөлінетіні белгілі. Дәрістің дәстүрлі және инновациялық, интерактивтік дәріс деген түрлері бары екені белгілі. Дәстүрлі дәрістің инновациялық дәрістермен салстырғандағы жеткіліксіздік танытатын тұсы – студенттерден кері байланыс алуға уақыт жетпеуі және студенттен кері байланыс дәстүрлі дәрісте қарастырылмайтындығы. Дәстүрлі дәрістің түрлері мен өткізілу барысынан гөрі, инновациялық дәріс түрлерін қолдану арқылы студенттер жобалаудың теориялық негіздерін ұғындыру тиімді болады. Дәрістің инновациялық

түрлерін қолданудың маңызы және тиімділігі үлкен болады деген оймен, негізінен, соларды қолдану дұрыс деп саналды.

Қазіргі кезде жоғары оқу орны дидактикасында дәрістің инновациялық түрлері кеңінен қолданылатыны байқалады. Инновациялық дәрістердің дәстүрлі дәрістерден ерекшеліктері:

- студенттер пассив түрде тыңдап, конспект жазып емес, есесіне, өзіндік ойлау қызметі белсендіріліп, оқытушы жеткізген ақпаратты актив түрде қабылдап, өзінде туындаған ойларын оқытушымен бөлісуге мүмкіндігі болады;
- оқытушы студенттің танымдық белсенділігін арттыруы арқылы білім мазмұнын өз бетімен ізденіп кеңейтуге деген құлшынысын арттырады, осы мақсатта арнайы тапсырмалар беріледі;
- білім ақпаратын қабылдауда сезім мүшелерінің мүмкіндігінше мол каналдарын іске қосуы арқылы, ақпараттық-коммуникациялық технологияның, мультимедиалық, электрондық оқу құралдарының түрлі мүмкіндіктерін пайдалануы арқылы оқушы студенттің дәстүрлі дәрісті қабылдауындай механикалық жазып алуды емес, әрбір ақпараттың мазмұнына сыни бағалау қабілетін дамытады, солай етіп, білім ақпаратын саналы түрде қабылдауға дағдыландырады.

Арнайы курсты оқыту барысында студенттерге оқылатын инновациялық дәрістердің тиімді бірқатар түрлері олардың орындайтын міндетіне байланысты таңдалынып алынды [184] Дәрістер туралы қосымша ақпарат келесі кестеде көрсетілді.

Кесте 15 - Арнайы курсты оқытуда қолданылған инновациялық дәріс түрлері

Дәріс түрлері	Дәріс процесіндегі оқыту – оқу әрекеттері мен олардың міндеттері	
	Оқытушы	Студент
1	2	3
Кіріспе дәріс	Арнайы курстың мақсаты мен міндетін түсіндіреді	Оқытушымен бірлесе отырып, АБО жобалау жұмысының құрылымын, кезеңдерін, ғылыми әдебиеттер тізімін, өзінің алдағы орындайтын алгоритмді қадамдары мен жоба орындау міндеттерін анықтайды.
Визуалдандыру дәріс	Дәрістің мазмұнын көру арқылы қабылдау формаларына - сызба, сурет, тірек конспект, модель түрлері арқылы ұсынады. Комментарий жасап отырады.	Өздері орындайтын «АБО жобалау» жұмысына қажетті визуалдық формаларды іріктейді, оқытушымен бірлесе отырып, оларды жүйеге түсіреді.
Бинарлық дәріс	Екі оқытушы шынайы педагогикалық жағдаятты модельдейді.	Екі оқытушының логикалық ойын ескере отырып, «АБО жобалау» тақырыбының теориялық және практикалық негіздемелері туралы өзіндік ой қалыптастырады.

15 – кестенің жалғасы

1	2	3
Интерактивтік дәріс	Мотивациялық баяндау. «Бейне-дәріс», «Аудио-дәріс», «Мульмедиа-дәріс» (Электрондық оқу құралы, эл.сөздіктер, эл.тест жинағы) өткізу әдістерін қолданады. Дәріс мазмұнын бейне-аудиожазба түрінде ұсынады.	Дәрістің мазмұнын конспектілейді, ұғымдар мен түсініктерді жаттайды. Қажет жағдайда бейне - және аудиодәрістерді қайталап тыңдайды. Мульмедиалық кешендерді қосымша пайдаланады.
Проблемалық дәріс	Проблемалық жағдаят туындатады. Эвристикалық әдісті қолданады. Студенттермен бірге шешім іздейді.	Бірнеше болжам ұсынады. Оқытушымен бірлесіп, топ болып ұсынған шешімін тексереді. Алынған ақпаратты жүйелейді.
Мини-дәріс	Жоба орындаушы студенттерге презентация түрінде теориялық мәліметтер ұсынады	Презентациямен толық танысып, Жоба орындауға қажетті мәліметтерді іріктеп алады.
Конференция-дәріс	Дәрістің модераторы ретінде, бірақ оқытушы рөлінде өз ойын білдіріп отырады.	Тақырып бойынша баяндама жасайды, АКТ қолданып, өзінің ғылыми-практикалық шешімін қорғауға өз ойын дәлелдеуге қажетті аргументтер мен деректерді мол етіп ұсынады.
Шолу дәріс	Монолог әдісін қолданып, базалық білім мазмұнын анықтамалар, терминдер, дефинициялар түрінде ұсынады.	Өзіндік жұмыстар орындайды.

Төменде арнайы курсты оқытуда қолданылатын осы дәрістердің көрсетілген түрлерінің міндеттеріне қысқаша сипаттама беріледі.

Кіріспе дәрістің міндеті – арнайы курстың құрылымымен таныстырып, мазмұны туралы біртұтас түсінік беру. Ақпараттық білім ортасын жобалау жүйесі туралы түсінік беру. Студенттер орындайтын индивидуалдық жобаның ерекшелігін түсіндіру. Пайдаланылатын әдебиетттер, орындалатын оқу тапсырмаларының ерекшеліктерін таныстыру.

Визуалдандырылған дәрістің міндеті – дәріс оқуда жобалаудың әдістері, ақпараттық білім ортасын жобалаудың кезеңдері, қолданылатын әдістері, жүйенің құралуы, синергиялық заңдылықтар туралы сызбалар мен презентациялар арқылы студенттің дәріс мазмұнын, ақпаратын көріп қабылдауына көбірек, тыңдауына және жазып отыруына мүмкіндік беруі керек.

Бинарлық дәрістің міндеті – оқытушы қасына «Информатика» пәні оқытушысын алып, студенттің дербес «Ақпараттық білім ортасын жобалау»

жұмысын орындауда АКТ түрлері мен олардың қызметі, пайдалану жолдары туралы түсіндіру міндетін бірлесіп шешеді.

Интерактивтік дәрістің міндеті – оқытушы студенттің дәрісті тыңдауы барысында білім алуға деген мотивациясы жоғарылауына қажетті әдістерді қолдануы керек. «Оқытушы - студент», «студент -студент» формасындағы диалогтарды қолдануына болады. Дәріс тақырыбы бойынша сыни көзқарастарын, өзіндік бағалауын білдіруіне студенттерді ынталандырады. Осымен бірге, дәрістің «бейне-дәріс», «аудио-дәріс» формалары қолданылады. Дәріс процесінде мәселені шешуге қатысты мини-рөлдік ойындар қолдануға болады. Бұл дәрістің тиімді тұсы – студентпен кері байланыс орнатудың болуы және ол табиғи түрде жүретіндігі. Тәрбиелік ықпалы өте үлкен дәрістің бір түрі болып саналады.

Проблемалық дәрістің міндеті – дәріс тақырыбы проблемалық жағдаят ретінде ұсынылып, студенттер мен оқытушы ынтымақтастық және эвристикалық диалог әдістерін қолданады, біріге отырып, зерттеу әрекетін оймен модельдейді. Бұл дәрісті өткізуге оқытушының терең дайындықпен келуі тиіс екені белгілі.

Мини-дәрістің міндеті – интерактивтік дәрістің бір түрі сияқты болғанымен, бұл дәрістің арқалайтын жүгі де үлкен. Көбінше тренингтерде қолданылатын мини-дәрістің таңдауға түскен себебі, студенттер өздерінің ақпараттық білім ортасын жобалауын орындауы барысында туындаған сұрақтарын жинақтап, оқытушы оларға ортақ сұрақты түсіндіру барысында қысқаша теориялық мәліметті презентация түрінде түсіндіруіне өте оңтайлы әдіс болып табылады.

Конференция-дәрістің міндеті – студенттерге алдын ала тақырып беріледі, пайдаланылатын әдебиеттер мен қосымша ғылыми ақпараттар алуға болатын ресурстар көзі ұсынылады. Дәріс кішігірім конференция түрінде, студенттердің баяндама оқуымен өткізіледі.

Шолу дәрісінің міндеті – ақпараттық білім ортасын жобалаудың теориялық және практикалық негіздері туралы берілген ғылыми білімді жүйелеу. Ғылыми-ұғымдық және тұжырымдамалық негіздерін құрайтын теориялық пайымдарды бірізділікпен жүйеге түсіру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау заңдылықтарын толыққанды меңгеруі оның практикалық дағдыларын жақсы үйренуіне көптен-көп байланысты. Зерттеу жұмысымызда жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі жаңаша, студенттің активі оқу-танымдық әрекетін қажет ететін семинарлардың бірқатар түрлері орын алады. Ондай семинарлардың заманауи АКТ жүйесімен оқыту талаптарына тез бейімделетін, болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің моделін жаңа талаптарға сай қалыптастыруға тірек болатын, студенттердің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануын индивидуалдық траекториямен жүргізуге көмектесетін ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар. Ақпараттық білім ортасын жобалау технологиясында семинар өткізудің басты бағыты студенттің өз бетімен ойлау,

тұжырымдар жасау, практикалық шешімге келу, жобалауының серпінді жүйесін модельдеу сияқты міндеттерге қол жеткізу болып табылады.

Семинар сабақтарда тақырыптың студенттер арасында кеңінен талқылануы және өздері орындап жатқан «Ақпараттық білім ортасын жобалау» атты жоба жұмыстарының жүргізілу барысы баяндалуы, өз ойларын ортаға салуы тапсырылады. Әрине, семинар сабақтарының жоғары оқу орындарында алатын орны мен ерекше функциялары, яғни студенттің әрдайым және үздіксіз ойланып-толғану күйінде болуына, ізденуге, зейінін шоғырландыруға негіз болатыны бұрыннан белгілі.

Арнайы курс бағдарламасын жүзеге асыру барысында семинарлардың дәрістің тақырыбымен тікелей байланысты түрін де, қосымша тақырып ретінде өткізілетін түрін де, практикалық семинар түрін де қолдану көзделді. Дәстүрлі семинар сабақтарын өткізуде оқытушы – дидактикалық процестің актив субъектісі болатын да, студент – оқулықтан, басқа білім көздерінен ақпараттарды жинақтап, біріктіріп, нәтижесін баяндап беретін ғана пассив субъект болып келді. Қазіргі кезеңде семинар өткізудің түрлері молайып, ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегіне жүгіне отырып, қызықты етіп өткізу мүмкіндіктерінің өрісі кеңейді. Жаңа педагогикалық технология жүйесінде семинарлардың жаттықтырушы, инновациялық, студенттің белсенділігін қажет ететін түрлері туралы айтылады [137,б. 448]. Ол семинарлардың түрлері мен олардың ерекшеліктерін келесі кестеде беріледі.

Кесте 16 - Арнайы курсты оқытуда қолданылған инновациялық семинар түрлері

Семинар түрлері	Семинар процесіндегі оқыту – оқу әрекеттері мен олардың міндеттері	
	Оқытушы	Студент
1	2	3
Семинар-рөлдік ойын	Семинардың ерекшеліктеріне сай өту сценарийін әзірлейді. Студенттерде қалыптасуы қажетті дағдыларды белгілейді.	Семинардың ерекшелігіне сәйкес, рөлдер бойынша қатысады. Рөлге сай (спикер, оппонент, сарапшы т.б.) қажетті дағдыларды көрсетеді, өзінің ойындағы мәселелерді «рөлі арқылы» жүзеге асырады.
Семинар – «Ми шабуылы»	«АБО жобалаудың» оңтайлы моделін іздеу мәселесін ұсынады, семинардың сапалы өтуін бақылайды. Студенттердің білім мазмұнын қаншалықты меңгергенін бақылайды.	«АБО жобалаудың» оңтайлы моделін және оның ерекшеліктерін талқылайды, өзіндік ұсыныстарын дәлелдейді. Өзінің білімін көрсетеді, шешім ұсыну, ойын дәлелдеу, сапалы ұсыныстарды тез жазып отыру, оларды тізіммен айтып беру, басты және жанама ұсыныстарға баға беруге дағдыланады.
Семинар - пікірталас	Студенттердің бір мәселені әрқайсысы өз деңгейінде түрліше түсінетінін, түрлі идея беретінін мүмкін ету.	Тақырып бойынша сөйлеуде нақты мақсат қоя білу, басқа сөйлеушілердің реакциясын аңғара білу, уақытты үнемдей білу, «Аз сөз - алтын» қағидасын ұстана білу.

16 - кестенің жалғасы

1	2	3
Онлайн-семинар	Студенттердің әрбірі «АБО жобалаудағы АКТ жүйесі» тақырыбы бойынша өзінің презентациясын дайындауды тапсырады	«АБО жобалаудағы АКТ жүйесі» тақырыбы бойынша өзі әзірлеген презентация, иллюстративтік материал, АКТ түрлерімен жұмыс жасауын көрсететін фото-, бейне-есептерін дайындап, сөзбен түсіндіріп отырады.
Семнар- бейне-конференция	ZOOM платфоомасымен (басқа да интернет плаформаларымен) таныстырып, оның мүмкіндіктері мен шектеулері туралы білім мазмұнын меңгертеді. «АБО жобалауда кітапхана ресурстарымен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша семинар-бейнеконференция ұйымдастырады.	ZOOM платформасы бойынша қалай жұмыс жасау әдістерін көрсетеді. «АБО жобалауда кітапхана ресурстарымен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша семинар-бейнеконференцияда презентация жасап, сөз сөйлейді.
Семинар-тренинг /коучинг/	Студенттердің бойындағы жасырын әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға көмектесетін әдістерді таңдап алады.	Өздерінің мақсатына жету жолын анықтау процесінде әлеуметтік, тұлғалық және шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға дағдыланады.
Вебинар	Вебинар тақырыбын студенттерге ұсыну және презентация дайындау.	Тақырып туралы өз ойын сұрақ түрінде, ұсыныс түрінде білдіреді.
Семинар-брифинг	АБО жобалаудың ішкі бір ғана мәселесін таңдап алады.	Таңдап алынған «АБО жобалаудың дидактикалық негіздері» тақырыбы бойынша студенттер жұппен «журналист – жоба авторы» рөлдерінде «БАҚ өкілдеріне сұхбат» береді.

Арнайы курстың әдістемелік жүйесінде маңызды орын, сонымен бірге лабораториялық сабақтарға да беріледі. Лабораториялық сабақтарда студенттер жобалаудың маңызды компоненттерін талдауға және модельдің үлгісін құруға дағдыланады [185]. Лабораториялық сабақтардың саны 8 болғанымен, оларды іштей жобалаудың логикасына қарай бірнеше кезеңге бөлдік: дайындық кезеңі, ізденуі кезеңі, эксперименттік кезең, түзету және құрастыру кезеңі деп төрт кезеңге бөлдік.

Кесте 17 - Лабораториялық сабақтар және міндеттері

Лабораториялық сабақ	Оқу міндеттері	Жобалау кезеңдеріне сәйкестігі
1	2	3
№1 лабораториялық сабақ	кітапхана жүйесі мен электрондық кітапханалар, электрондық каталогтер бойынша қолжетімді білім ақпараттары мен қосымша оқу-білім материалдарын іріктеу және «АБО жобалаудың» компоненті ретінде белгілеу	Дайындық кезеңі
№2 лабораториялық сабақ	Бастауыш білім беру мемлекеттік стандартын бойынша білім мазмұны мен игеруі міндетті дағдыларын талдау; оқулық, оқу құрал, электрондық оқу құралдарын әзірлеу әдістемесі; 3D және 4D электрондық оқу ресурстарын жинақтау және оны қолдану әдістемесімен танысу	
№3 лабораториялық сабақ	Компьютердің, проекциялық аппараттарды, интерактивтік тақта тағы басқа техникалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияның түрлерін, сабақты ұйымдастыру, білім беруді басқару, білімді тексеру, оқушының өз бетімен білім іздеу, кері байланыс орнату сияқты маңызды дидактикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерін талдау және «АБО жобалаудың» мүмкіндігі ретінде анықтау	Іздену кезеңі
№4 лабораториялық сабақ	«бұлт технологиясын» пайдалану; қашықтан оқыту ресурстарын, еліміздің және халықаралық бастауыш білім беру сервистері мен ресурстарын талдау; ZOOM, GOOGLE-сервистер, Google Classroom, SKYPE, WhatsApp, мобильді телефондар, андроидтар, планшеттер т.б. АКТ құралдарын «АБО жобалаудың» компоненті ретінде қарастыру	
№5 лабораториялық сабақ	әр оқушының өзіндік интернет бойынша іздену траекториясын жасай алуына дағдыландыратын сабақтар жүйесін әзірлеу; бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын арқылы білім беру ресурстарын әзірлеу; виртуалды саяхаттар ресурстарын математика, тіл, өнер, технология пәндерімен байланыстыру, «АБО жобалаудың» компоненті ретінде жүйеге түсіру;	Эксперименттік кезең
№6 лабораториялық сабақ	бастауыш сынып оқушыларына арналған пәндік тренажерлер жүйесін анықтау; талантты және дарынды бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауға арналған ресурстарды іріктеу; мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған автоматтандырылған тренажерларды анықтау және қолдану әдістемесін белгілеу;	

17 – кестенің жалғасы

1	2	3
№7 лабораториялық сабақ	Балаларды робототехникаға үйрететін сервистерді анықтау; оқушыларға заманауи инженерлік жүйенің негіздерін оқыту мазмұны мен әдістерімен танысу; бастауыш сынып оқушыларын жоба жұмысын және мини-зерттеу жұмыстарын орындауға үйрететін сервистер мен квест-сабақтар топтамасын әзірлеу	Жобалаудың моделін құрастыру кезеңі
№8 лабораториялық сабақ	болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзінің индивидуалдық «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты Ақпараттық білім ортасын жобалауының моделін құрастыру	

Оқытушы мен студенттердің ынтымақтастық оқу әрекетіне негізделген арнайы курсты меңгертуде педагог олардың зейінін жаңа тақырыпқа бұрып, ынталандырып, қызықтырып, түзетіп, соңында бағалай отырып, адамзат жинақтаған тәжірибенің жаңа деңгейге шығуы үшін, синтезделген модель жасалуы қажеттілігін кеңінен түсіндіреді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауда АБО болмысының күрделі жүйе екеніне көз жеткізу мақсатымен талдаулар жүргізіледі. Сол талдаулар негізінде ғана өзінің дербес АБО жобалай алатын болады, әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстар әзірлеуге білімі мен дағдылары жеткілікті деп саналады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын жобалау процесінде, қалай болғанда да ойдан тауып шығару, өз қолымен және өзінің жеке тәжірибесімен дәлелденген үлгі жасап шығару, эксперименттен соң қайта өзгерту мен толықтыру жасау, жобалауды талапқа сай рәсімдеу және оны қорғау сияқты сатыларды сәтті өтудің әдіс-тәсілдерін иегереді. Әрбір сатыны өткен сайын студенттің кәсіби санасының сапасы да толығып, байып отыратыны анық.

Алғашқы жобалаудан бастап, өзінің үлгі-моделін қолдану туралы дидактикалық нұқсаулықтар, ұсыныстар жазуға дейінгі аралықта студенттер жоба орындау әрекетін бастарынан кешіре отырып, үлкен интеллектуалдық тәжірибеге ие болады. Кәсіби жағынан шыңдалып, адамгершілік, ізгілік, шыдамдылық, қиындыққа берілмеу, еңбексүйгіштік т.б. тәрбиелі игі қасиеттерді қалыптастырады.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімі талданған тарауда жобалаудың синергиялық ерекшеліктері туралы айтылған еді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдылануында синергетикалық тұрғыдан келудің қажеттілігі туралы тағы да қысқаша тоқтала кетуге болады. Ақпараттық-коммуникациялық технология мен бастауыш мектептің білім мазмұнын өзара үйлесімділікпен бір педагогикалық технология жүйесіне түсіріп модельдеудің қиын екендігі анық.

Қазіргі уақытта бастауыш мектепте білім беру мазмұны толық жаңаланды, қазір 1-4 сыныптар жаңа бағдарламамен оқып жатқаны да белгілі. Оқу

мақсаттары және соған қол жеткізу әдістемелері жан-жақтан әдіскер-ғалымдар мен мұғалімдердің тәжірибесінен алынып, сипатталуда, өзара ортаға салынуда. Оған қоса, ақпараттық-коммуникациялық технологияның білім беру процесіне енгізілу қажеттілігі сәт сайын талап етілуде.

Арнайы курсты оқыту процесінің басты мақсаттарының бірі – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ал ақпараттық-коммуникациялық технология жүйесіндегі әрбір компоненті, сайып келгенде – ғылыми ойдың материалдық нәтижесі. Сондықтан АКТ жүйесіндегі әрбір техникалық құралдың дидактикалық мүмкіндіктерін танып-білу және индивидуалдық ақпараттық білім ортасын жобалауда олардың әрқайсысының функцияларына сай қолдануды мүмкін ету үшін студенттің ғылыми танымдық тірегі сенімді болуы міндетті.

Синергетикалық тұрғыдан келетін болсақ, осындай өте күрделі жүйенің ескіден жаңа түр-тұрпатқа қарай өзгеруі, толығуы, жаңалануы процесіндегі күй-қалпын қарапайым модельдердің иерархиясымен сипаттауға болады деп санайды осы бағытты зерттеуші ғалымдар. Күрделі ұйымдасқан жүйелерді зерттеудің парадимасы болып саналатын синергетика қазіргі кезде ғылымның барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқанын философ ғалымдары атап көрсетеді. Яғни синергетикалық жүйе абиотикалық, ұйымдаспаған, шашыраңқы жағдайда тәртіптелген кеңістік құруымен ерекшеленеді деп анықтайды [186].

Осы мәселені арнайы зерттеген бұл ғалымдар мынадай пікір айтады: «Қазіргі жоғары мектептің білім кеңістігінің, синергетикалық парадигмамен сәйкес қарайтын болсақ, жаңа сапалы жүйеге көшу үшін, ескі құрылымдардың бұзылуының және жаңа құрылым пайда болуының сыни (бифуркациялық) нүктесі болады. Ол нүкте бір күйден екінші күйге өту кезінде сызықтық емес түрге айналуы мүмкін, көпнұсқалы түрге енуі мүмкін, болжап алдын ала айта алмайтын жағдаяттар туындатуы да мүмкін. Білім беру жүйесі тұрақты болмайды, өйткені ол даму үшін ашық жүйе болып келеді» [187].

Арнайы курс бағдарламасын болашақ бастауыш сынып мұғаліміне меңгерту әдістемесінде синергетика (өзін-өзі ұйымдастыру теориясы деуге де келеді) және педагогикалық синергетика заңдарын басшылыққа алудың қажеттілігі зор. Яғни мәселе, синергетика теориясының, күрделі, түзу емес сызықтағы, ашық жүйелерді, олардың ішіндегі кіші жүйелерді, терең талдай тануға және компоненттерін тани отырып құрауға тірек бола алатын ерекше теория екендігінде.

Синергетика теориясына сүйенбесек, «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсының бағдарламасын оқыту әдістемесі – жүйелі курс емес, эклектикалық курс сияқты көрінер еді. (эклектика – ішкі байланысы жоқ, түрлі текті, мүмкін тіпті өзара үйлеспейтін компоненттерден құралған дегенді білдіреді) Өйткені, «жүйе», «жоба», «жобалау», «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «ақпараттық білім ортасы», «бастауыш сыныпта пәндерді оқыту әдістемесі», «педагогикалық психология» сияқты ғылыми ұғымдар мен түсініктерді бір курстың аясына біріктіру – студенттерге дәстүрлі жүйемен,

дәстүрлі дидактикалық ұстанымдарымен оқытылып жатқан пәндердің біреуінің аясына сыймайды. Ал синергетикалық педагогика болса, соңғы онжылдықта нық та сенімді позициялық орын алып келе жатқан педагогикалық білім жүйесіне айналып келеді.

Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық синергетиканың заңдарын қолдану ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар былай деп атап көрсетеді: «Даму алдының құрылым-аттракторларын анықтап алған соң, зерттеуші осы жүйенің алдағы күйін болжау мүмкіндігіне ие болады; зерттеуші өзі қарастырып отырған жүйенің ерекшелігін танып-біле отырып, сол жүйеге сәйкес флуктуацияны (ықпал ету/әсер ету) саналы түрде енгізе алады және солай етіп, енді оның дамуын өзіне қажетті бағытқа бұра алады. Сөйтіп, (бағынбай тұрған хаосты) педагог дұрыс педагогикалық жүйе құрау жолын таңдап алады, бұл үлкен жауапкершілік болып табылады» [188,189].

Синергетикалық жүйе әдістерін қолдану қажеттілігі - болашақ бастауыш сынып мұғалімін ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыру әдістемесінің өзінің ішкі ерекшеліктерінен туындап отырған қажеттілік. Ол ерекше әдістемелік жүйені сегіз қырлы саланың әдістерін қолдану қажеттілігі деп атап көрсетеміз:

- бір жағынан білім беру философиясының әдістерін қолдану қажеттілігі;
- екінші жағынан жүйе құрау, синергетикалық заңдылықтарды басшылыққа алу әдістерін қолдану қажеттілігі;
- үшінші жағынан, жоба құру, жобалау әдістерін қолдану қажеттілігі;
- төртінші жағынан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жүйесі, олардың әрбірінің (компьютер, телефон андродитер, планшет, кино, аудио, бейне құралдар т.б.) құрылымы мен жүйесінің ерекшелігінен туындайтын әдістерді қолдану қажеттілігі; веб-сайт, интернет ресурстарды, білім беру платформаларын тиімді пайдалану әдістерін үйрету қажеттілігі;
- бесінші қырынан, мұғалімдердің жеке (индивидуалдық) дайындық ерекшеліктеріне қарай ақпараттық-білім ресурстарын жүйелеу және өз тарапынан білімдік ресурстарды толықтыруға үйрету әдістерін қолдану қажеттілігі;
- алтыншы қырынан, жалпы педагогиканың (білім беру мен тәрбиелеу) әдістерін қолдану қажеттілігі; бастауыш мектепте жүргізілетін пәндерді оқыту әдістерін қолдану қажеттілігі;
- жетінші қырынан, оқушылардың жас ерекшелігін ескеретін әдістерді қолдану қажеттілігі;
- сегізінші қырынан, озық тәжірибе жинақтау және әріптестермен бөлісу әдістерін қолдану қажеттілігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келе, арнайы курсты оқыту жүйесіндегі әдістері түрлілігінің моделі берілді.



Сурет 22 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыруды оқыту әдістерінің жүйесі

Осы арнайы курсты меңгерген студенттің ақпараттық білім ортасын жобалаудың әдістемесін меңгерген болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретіндегі моделі – күтілетін нәтиже. Студент, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде, көпқырлы тұлға дәрежесіне өсу қажеттілігі аса талап етіледі.

Ол көпқырлылықты қазақ халқының ұлттық педагогикасынан алуға болады. Қазақ халқында «Жақсы жігіт сегіз қырлы, бір сырлы» деген даналық бар. Осы «Сегіз қырлы, бір сырлы» болмыс - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалаудағы студенттің болмысы және болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық лабораториясы. «Бір сырлы» дегеніміз - студент, «сегіз қырлы» дегеніміз - студенттің жоғары білім алу барысында қалыптасқан сегіз атауға жинақталған қадірлі қасиеті.

Атап айтатын болсақ, арнайы курсты сапалы меңгерген болашақ бастауыш сынып мұғалімінің келбеті келесідей:

1. Қазақстан Республикасының патриоты және болашақ шәкірттерін Отанын, елін сүюге тәрбиелеу әдістерін меңгерген болашақ бастауыш мектеп мұғалімі. Еліміздің, қоғамның даму бағыттарын жақсы түсінетін, әлеуметтік сұраныс пен даму заңдылықтарын меңгерген.

2. Мемлекеттік білім беру стандартын, Білім беру бағдарламаларын, пән әдістемелерін жақсы меңгерген. Бастауыш мектепті дамыту жолдарын жақсы

меңгерген. Педагогика /дидактика мен тәрбие/ теориясын, жаңа педагогикалық технологиялар жақсы меңгерген. Педагогикалық психология заңдылықтарын жақсы меңгерген.

3. Ақпарат теориясын меңгерген. Ақпараттық технология түрлерін және олармен еркін жұмыс жасау жолдарын меңгерген. Коммуникацияның түрлерімен жақсы таныс және жұмыс жасау, қарым-қатынас жасау жолдарын меңгерген. Веб 2.0., Интернетпен байланыс және білім беруде оларды тиімді пайдалану жолдарын меңгерген. Осыларды шәкірттерге үйрету әдістерін меңгерген.

4. Кітапхана, электрондық, интернет-ресурстар және олармен жұмыс жасау жолдарын меңгерген. Осыларды оқушыларға үйрету әдістерін меңгерген.

5. Жүйе және жүйе құралу заңдылықтарын меңгерген. Жоба, жобалау, жобалау талаптары мен әдістерін меңгерген.

6. Білім ақпаратын іздеу, сақтау, өңдеу, өзгерту әдістері жүйесін жақсы меңгерген және оларды бастауыш мектеп оқушыларына үйрету әдістерін меңгерген.

7. «Ақпараттық білім ортасын жобалауда басты мақсат – шәкірттерін өмірді сақтауға, адамгершілік пен ізігілік орнатуға қызмет ететін білім мазмұнын меңгерген шығармашыл тұлға деңгейіне жеткізе алатын ақпараттық-білімдік ресурстарын жүйелеу» деп түсінетін болашақ бастауыш мектеп мұғалімі болуға дайын.

8. Ақпараттық білім ортасын жобалаудың тиімді әдістерін меңгеру арқылы қазақстандық бастауыш мектептің инновациялық педагогикасын дамытуға және ақпараттық-коммуникациялық технологияны білім алу үшін одан әрі жетілдіруге, қашықтан оқыту технологиясын дамытуға үлес қосу жолдарын меңгерген. Бастауыш мектепте оқылатын пәндердің мазмұндарын, интернет-ресурс арқылы, АБО арқылы берілетін жаңа білімдік контенттерді сан түрлі және балаларға жас ерекшелігіне қарай қабылдауына ықшам әрі түсінікті етіп жасақтау талаптары мен әдіс-тәсілдерін меңгерген. Осы айтылғандар келесі суретте жинақталған модель түрінде келтірілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалау студенттерге білім беруге жаңа тұрғыдан келу керектігін және осы және келешек заманға лайық тенденцияларды, яғни жаңа үрдістерді барынша мол қолдану керектігін талап етеді. Өйткені қазіргі студент, болашақ бастауыш сынып мұғалімі, ол жоғары оқу орнын бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімі болған аз уақыт арасында болса да, уақыт тынысы өзгеріп, ақпараттық білім ортасын жобалау қажеттілігіне қатысты жаңа талаптар туындауы әбден мүмкін.

Педагогикалық іс-тәжірибенің келесі екінші кезеңі – оқыту және қалыптастыру кезеңін жүзеге асыру үшін «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курстың бағдарламасы және студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал (ОӘК) әзірленді.

Оқыту немесе қалыптастырушы кезең – педагогикалық іс-тәжірибенің маңызды кезеңі. Осында арнайы курстың мазмұны студенттерге меңгертіледі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзіндік «Сегіз қырлы, бір сырлы» тақырыбында АБО жобасын құруына және оны мектепте бастауыш сынып және бастауыш сынып мұғалімдерімен біріге отырып «авторлық педагогикалық сынақтан» өткізуіне қажетті тапсырмалар ұсынылды. Осылайша, педагогикалық іс-тәжірибенің ішінде студенттер өз жобаларын тексеретін «кіші педагогикалық эксперимент ұйымдастырылуы» көзделіп отыр. Оқыту кезеңінде өткізілетін дәрістер, семинарлар, АБО педагогикалық жоба құру, жобаны мектепте сынақтан өткізу жұмыстары ұйымдастырылып өткізіледі.

Нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қызметті жобалау туралы білім негіздері қалыптасады. Студенттер жобалау, оның ішінде ақпараттық білім ортасын жобалаудың заңдылықтары мен формалары туралы білім мазмұнын меңгереді. Ақпараттық білім ортасын жобалаудың және оны зерттеудің заманауи бағыт-бағдарларын танып-білетін болады.

Бастауыш сыныптағы кез келген өткізетін сабақтағы педагогикалық жағдаятты дұрыс бағалауға дағдыланып, сапалы білім беру үшін жобалау приниципті ерін ұтымды қолдануға үйренеді.

Ақпараттық білім ортасын жобалау дағдыларын меңгере отырып, өз бетімен Жоба құрастырады, бастауыш мектепте педагогикалық сынақтан өткізіп, нәтижесін талдауға, түзетулер енгізуге, озық тәжірибені ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен интернет ресурстар арқылы таратуға және әріптестерімен біріге отырып «виртуалды әдістемелік қор» құруға дағдыланады.

Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері арнайы курсының оқу бағдарламасы алдыңғы тармақшада көрсетілді. Бұл жерде көбірек оқу-әдістемелік кешенге тоқталамыз. Бұл ОӘК – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасын құруға дағдыландыру үшін арнайы ұйымдастырылған курсты оқыту процесін өткізуге және студенттердің сапалы меңгеруіне арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттарды, барынша нақтыланған және айқындалып бір қалыпқа түсірілген оқу және әдістемелік ақпаратты жинақтаған оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығы.

Оқу-әдістемелік құралды (ОӘК) әзірлеу барысында келесідей арнайы міндеттерді шешу көзделді:

- «Ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» тақырыбы бойынша дәріс және семинар, лабораториялық сабақтар, студенттердің жоба орындау логикасы туралы білімдік контент қалыптастыру;
- студенттердің «Сегіз қырлы, бір сырлы» ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобасын орындауына арналған әдістемелік нұсқаулық әзірлеу;
- арнайы курстың мазмұнына және бастауыш мектепте оқыту әдістемесіне байланысты интернет-ресурстардың тізімін жасау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны жүйелеу және оларды сабақтарда қолдану туралы әдістемелік нұсқаулар әзірлеу;
- электрондық және қашықтан оқыту жүйелерін анықтау және олармен жұмыс жасау туралы әдістемелік ұсыныстар әзірлеу;

- электрондық оқу құралдары мен виртуалды әдістемелік қор жасау туралы әдістемелік нұсқау мен ұсыныстар әзірлеу;

- студенттердің АКТ құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениеті туралы презентация әзірлеу;

- АКТ-мен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы арнайы жадынама құрастыру;

- жоба орындауға қатысты мәселелер туындағанда хабарласуы үшін студенттердің өзара және оқытушылармен жедел коммуникация жасайтын алаңдарын нақтылау.

«Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсының әрбір дәрісі, семинар, лабораториялық сабағының студенттің өз бетімен орындайтын «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты ақпараттық білім ортасын жобалауы жұмысымен тығыз байланыста өткізілуіне баса назар аударылды. Яғни аудиторияда алған теориялық және практикалық білімін студент сол бойда өзі дайындайтын Жобасына пайдалануы қадағаланды.

Арнайы курс үшін студенттерге арналып әзірленген ОӘК мазмұндық құрылымы үлгісін таныстырып өтейік.

Педагогикалық іс-тәжірибенің оқыту кезеңінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына дайындап жатқан 3 курс студенттеріне 2018-2020 жылдар аралығында өткізілген арнайы курстан жүргізілген дәріс пен семинар және студенттердің өзіндік тапсырма орындау көріністерінен үзінділер келтіре отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландыру процесінің ерекшеліктерін қарастырамыз.

Дәрістер оқудың мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық білім ортасын жобалауға дағдыландырудың теориялық негіздерін меңгерту. Әрбір дәріс пен семинар, практикалық сабақтарда студент өзіндік АБО жобалау траекториясының болмысын, құрылу заңдылықтарын, қолдану заңдылықтарын игереді.

Интерактивтік дәріс. (Үзінді)

Тақырыбы – «Ақпараттық білім ортасын жобалау» процесінің ерекшеліктері.

Мақсаты - ақпараттық білім ортасын жобалаудың көпқырлы ерекшеліктерін баяндай отырып, студенттерге АБО жобалау техникасын меңгерту.

Дәрістің техникалық және көрнекілік дайындықтары – компьютер, проектор, Power Point слайдтарымен таныстырылым, бейнеролик, интернет, ZOOM платформасы, Classroom.google.com, bilimland.kz, ҚазҰПУ сайты, ОҚУ сайты, университет кітапханасының сайты, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының сайт (электрондық каталогтер), электрондық оқу құралдары, аудио-бейне оқу материалдары.



Сурет 23– «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» арнайы курсы бойынша ОӘК моделі

Оқытушының дәрісті бастауы.

- Құрметті студенттер! Бүгін сіздер «Ақпараттық білім ортасын жобалау» арнайы курсымыздың кезекті дәрісін тыңдайсыздар. Тақырыбы -– «Ақпараттық білім ортасын жобалау процесінің ерекшеліктері» деп аталады. Дәрісіміз интерактивтік режимде өткізілетін болғандықтан, конспект жасаудың ұтымды тұстарын ұстаныңыз. Дәрісті тыңдай отырып, бірге ойлануға, сұрақ қоя отырып, жауабын бірге іздеуге, бірге шешімдерге келуге дайын отырыңыздар.

- Сонымен, өткен дәрістерде айтып өткендей, ақпараттық білім ортасы мен, жобалаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бүгінгі дәрісте сіздер болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзіңіздің кәсібіңізде ақпараттық білім ортасын жобалау талаптарымен, әдістерімен және кейбір заңдылықтарымен танысасыздар. *Power Point қосылып, таныстырылым жасалынады.*



Сурет 24 – Ақпараттық білім ортасы

- Таныстырылымнан көріп отырғаныңыздай, болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің ақпараттық білім ортасын жобалауы келесі компоненттерді жетік игеріп, оларды өзінің кәсіби қызметінде белгілі бір басқарылатын жүйеге түсіріп пайдалана білуінен басталады.

- Студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде ақпараттық білім ортасын жобалай білуі - оның маман ретіндегі, жетілген тұлға ретіндегі болмысын танытады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде оның білімі мен білігі, мәдени және рухани жетілуі, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияны жеке өмірінде ғана емес, мұғалімдік қызметінде де барынша молынан пайдалана білуі, бастауыш мектеп оқушыларын да өзіндік ақпараттық білім ортасын құруға үйретуі - көпқабатты толыққанды азамат тұлғасының келбетін сипаттайтын белгілері. Осындай белгілері мол азаматты қазақ халқы «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп атағаны белгілі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бойында білімі мен біліктілігімен қатар, барлық жақсы адами қасиеттер болғанда ғана заман

тынысымен бірге дем алып, бірге қарқынды сезіп дами алады. Ол қасиеттердің бірін екіншісі толықтырып отыруы керектігі педагог-маманға аса қажетті қасиет. Ендеше осы көпқабатты ізгілікті қасиеттерден тұратын болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің келбетін таныстырылым слайдынан қарап талдайық. Ақпараттық білім ортасын жобалауда әр студент өзіндік индивидуалдық траекториясын таңдап алып, өзінің шама-қадырынша АБО жобасын орындайтыны туралы алғашқы дәрісте айтылды. Осымен байланысты, сіздерге индивидуалдық ақпараттық білім ортасын жобалауыңызға қажетті Бидайбеков Ы.Е. және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбегінің ізімен, біз де электрондық білім беру басылымдарының түрін, бағдарламалық өнім түрлерін, электрондық оқу құралын жасауға қажетті аспаптық жабдықтар, кешендік және көмек құралдары тізімін әзірледік. Ол тізімді оқу-әдістемелік құралдан алуға болады.

3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты - жүргізілген қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін талдау және бақылау, құрастырылған құрылымдық-мазмұндық модель тиімділігін анықтап, ұсынылған ғылыми болжамды растау. Эксперименттің бақылау сатысында алғашқы әдістемелер топтамасы қолданылды, олар негізгі үш компонент: мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық нәтижелерін көрсетті.

Бірінші мотивациялық-мақсаттылық компонент бойынша диагностикалық зерттеу нәтижелері.

Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі (Фетискин Н.П. бейімделген нұсқасы). Әдістеме арқылы біз студенттер бойынан кәсіби қажеттілік, қызметтік қызығушылық, ізденімпаздығының дамуы, қызығушылық деңгейі, эпизодтық қызығушылық, немқұрайлылық деңгейін көру арқылы, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасына мотивациялық-құндылықтық қатынасының деңгейін көруге мүмкіндік аламыз.

Қалыптастыру экспериментінен кейінгі және дейінгі әдістеме нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті, оны біз 18,19-кестелерден көреміз.

Кесте 18 – Экспериментке дейінгі кезеңіндегі кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі нәтижелері

№	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)											
	Кәсіби қажеттілік		Функционалдық қызығушылық		Ізденімпаздығының дамуы		Қызығушылық деңгейі		Эпизодтық қызығушылық		Немқұрайлылық	
	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
«әрқашан»	28%	30%	33%	31%	19%	23%	15%	15%	18%	20%	18%	21%

18 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
«жиі»	22%	23 %	21 %	22%	25%	26%	28%	29%	23%	25%	22%	23%
«жиі емес»	18%	19 %	17 %	18%	23%	21%	22%	21%	26%	23%	25%	26%
«сирек»	18%	17 %	18 %	16%	17%	18%	21%	22%	18%	18%	20%	18%
«ешқашан»	14%	11 %	11 %	13%	16%	12%	14%	13%	15%	14%	15%	12%

Кесте 19 – Эксперименттен кейінгі кезеңіндегі кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі нәтижелері

№	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)											
	Кәсіби қажеттілік		Функционалдық қызығушылық		Ізденімпаздығының дамуы		Қызығушылық деңгейі		Эпизодтық қызығушылық		Немқұрайлылық	
	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т.1	Б.т.1	Т.т. 1
«әрқашан»	28%	40%	33%	39%	19%	35%	15%	30%	18%	11%	18%	12%
«жиі»	22%	30%	21%	29%	25%	36%	28%	38%	23%	17%	22%	15%
«жиі емес»	18%	14%	17%	15%	23%	15%	22%	14%	26%	16%	25%	16%
«сирек»	18%	10%	18%	11%	17%	9%	21%	11%	18%	28%	20%	25%
«ешқашан»	14%	6%	11%	6%	16%	5%	14%	7%	15%	28%	15%	32%

Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық пайыздық сипаттамадан біз бақылау тобында еш өзгеріс болмағанын көреміз, ал қалыптастыру эксперименті жүргізілген топта көптеген көрсеткіштер бойынша біршама өзгерістер болғанын айқын көрінді. Эксперименттен кейінгі пайыздық көрсеткіштегі нәтиже өзгерісі 25-суретте сипатталған.



Сурет 25 - Эксперименттен кейінгі кезеңдегі кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзін-өзі бағалау әдістемесі нәтижелерінің сипаттамасы

Зерттеу барысында ұсынылған әдістемені тәжірибелік-эксперименттік процесте сынау нәтижесінде ЖОО студенттерінде эксперименттік топта өзгерістер байқалды. Ол нәтижелерді нақты тарата айтатын болсақ, келесідей мазмұнда:

- әрқашан және жиі кәсіби қажеттілік мотивациясы бар сыналушылар саны 65%-дан жоғары;
- функционалдық қызығушылық, студенттердің ізденімпаздық деңгейі, жалпы қызығушылық деңгейі қалыптастыру экспериментіне дейінгі көрсеткіштен 15-20 %-ғана өскені байқалды;
- эпизодтық қызығушылық пен немқұрайлық мотивация деңгейінің біршама төмендегені, яғни өзіндік дамуға анда-санда қызығушылығы бар немесе жалпы немқұрайлы қарайтын студенттер 15% пайыздық көрсеткішке төмендеген, олар өзіндік даму қажеттігін түсініп, ол туралы жиі ойланатын болған.

Бұл нәтиженің өзі қалыптастыру экспериментінен кейін мотивациялық деңгейдің пассивтік күйден өтіп, ендігі ретте жиі және әрқашан белсенді күйге ауысқанын көрсетеді. Сонымен қатар, осыған дейін өзінің дамуына жеңіл, үстіртін өзінің белсенді күйге ауысқанын мотивациялық деңгейді тәжірибелік-эксперимент кезеңінен соң өзіндік мақсаттылық ерекше мотивациясы оянып, қызығушылық, ізденімпаздық, жалпы қызметтік қызығушылық деңгейіне өткенін көрсетеді.

Сонымен қатар осы әдістеме негізінде алынған нәтижелерді, мотивациялық-мақсаттылық компоненттің ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі (Т.И. Ильина) арқылы толықтырып, әрі айқындап шынайылығын көрсетеміз.

Қалыптастыру экспериментінен кейін, әдістемені бақылау мақсатында қайта жүргізу нәтижесінде студенттердің мотивациялық бағдарын талдау әдісі нәтижелері бойынша «Білімді игеру» (білімге деген қажеттіліктің болуы, білуге құмарлық) шкаласы 80%-ға артқанын, «Мамандығын игеру» (кәсіби білімді игеруге деген ұмтылыс пен кәсіби маңызды сапалардың қалыптасуы) 20% -дан жоғары екенін көрсетті, ал «Диплом алу» (қалыпты жағдайда білім алып диплом алу, емтихан және сынықтан өтуде жанама жолдарды іздеуге ұмтылысының болуы) шкаласы бойынша сыналушылардың диплом алуға бағытталған көрсеткіші анықталмады. Оның сандық-пайыздық көрсеткішін төмендегі 20-кестеден, 26-суреттен көруге болады:

Кесте 20 – «ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесі» нәтижелік көрсеткіштері

Шкалалар	Мотивтер түрі	Топтар			
		Экс.д.		Экс.к.	
		Бақ.топ	Тәж.топ	Бақ.топ	Тәж.топ
Шкала 1	«Білімді игеру»	63	60	60	71
Шкала 2	«Мамандығын игеру»	13	12	15	24
Шкала 3	«Диплом алу»	24	28	25	5

Сурет 26 – ЖОО-да оқу мотивациясын оқыту әдістемесінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижесінің салыстырмалы сипаттамасы (Т.И. Ильина)

Келтірілген сандық сипаттамалардың нәтижесінен мотивациялық-мақсаттылық компонентінің өлшемі, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасына мотивациялық-құндылықтық қатынасының пайда

болғанын айқын көре алдық. Экспериментке қатысқан сыналушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ақпараттық ізденушілік пен танымдық қызығушылықтарының болуы, ЖОО-да ақпараттық білім ортасын жобалаудың ғылыми-ақпараттық маңызы мен педагогикалық қажеттілігін түсіну деңгейі артқан. Оны біз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау қажеттілігінің сенімділігімен сипатталуынан, әрқашан қажеттілігі мен қызығушылығы бар мотивация динамикасынан бақылай алдық. Бұл өз кезегінде компонент өлшемдерінің жоғары деңгейінің айқын сипаттамасы болды.

Екінші мазмұндық-іс-әрекеттік компонент бойынша диагностикалық зерттеу нәтижелері.

Ақпараттық ортаны жобалаудың екінші мазмұндық іс-әрекеттік компоненті бойынша зерттеу Л.Н. Бережнованың бейімделген өзіндік даму және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейінің диагностикасы әдістемесі арқылы жүргізілді. Ақпараттық білім ортасы және оны жобалау туралы негізгі білімі мен біліктерінің болуы үшін, сыналушылар бойындағы сапаларды кәсіби бағытқа бағдарлау, өзіндік білім алуға деген ынтасын арттыру, өзіндік жұмыс дағдысын дамыту аса құнды. Осы бағытта ұйымдастырылған қалыптастыру экспериментінен кейінгі алынған сандық сипаттамаларға тоқталып өтсек. Эксперименттен кейін бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болмағанын көрдік, ал эксперименттік топта сандық көрсеткіштердің артқаны айқын анықталған, атап айтқанда экспериментке дейінгі орташа және орташадан төмен деңгей көрсеткен сыналушылар пайыздық қатынаста 62% -ды құраған еді, бұл студенттердің басым бөлігі орташадан жоғары және жоғары деңгейге өткен, яғни өсім шамасы 35% құраған. Өзіндік дамуға ұмтылысының өте жоғары деңгейіне көтерілген де білім алушылар бар екенін көрдік, олар жалпы пайыздық көрсеткішінің 5% көрсетті. Ал мүлдем ұмтылысы болмаған өте төмен деңгей көрсеткен студенттер орташадан төмен деңгейге көтеріліп, белгілі бір деңгейде қызығушылықтың оянғанын танытқан. Оның нақты сандық сипаттамасын біз (кесте 21, сурет 27) көреміз:

Кесте 21 – Экспериментке дейінгі және кейінгі өзіндік дамуға ұмтылысының деңгейі бойынша көрсеткіштер

Деңгейлері	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)			
	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Өте төмен	3	4	4	0
Төмен	10	9	11	4
Орташадан төмен	32	33	30	15
Орташа	30	29	32	25
Орташадан жоғары	23	22	20	33
Жоғары	2	3	3	18
Өте жоғары	0	0	0	5



Сурет 27– Эксперименттік топтың экспериментке дейінгі және кейінгі өзіндік дамуға ұмтылысы деңгейінің сипаттамасы

Әдістеменің екінші бағыты сыналушылардың өз бойындағы тұлғалық сапаларын өзіндік негізде бағалауын анықтауға арналған еді. Эксперимент барысында біз студенттер бойынан, өзіндік ішкі әлеуетін аша алған, өзіндік бойындағы қажетті сапаларды дамытуға, өзіндік баға беруге талпынған сыналушыларды көре алдық. Егер нақты атап айтар болсақ: өте жоғары және жоғары деңгей көрсеткен студенттер саны екі есеге артқан, яғни жалпы бұл деңгей 20 % пайызға көтерілген; қалыпты көрсеткіш көрсеткен сыналушылар саны бастапқыда 30% пайызды құраған болса, бүгінде 45 % пайызды құраған; сонымен қатар орташадан төмен деңгей пайыздық көрсеткішінің біршама төмендегенін көре алдық, сандық сипаттамасы 25 % құраған. Сол сияқты төмен деңгей азайып, ал төмен деңгей мүлдем жоқ деген көрсеткішті берді. Бұл сандық сипаттамалардың айқын сипаттамасы (кесте 22, сурет 28) берілген:

Кесте 22 – Экспериментке дейінгі және кейінгі студенттердің тұлғалық өзіндік сапаның өзіндік бағасы нәтижелері

Деңгейлері	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)			
	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Өте жоғары	3	3	3	6
Жоғары	5	6	6	14
Қалыпты	28	25	29	45
Орташадан төмен	41	40	38	25
Төмен	18	20	20	10
Өте төмен	5	6	4	0



Сурет 28 – Эксперименттік топтың экспериментке дейінгі және кейінгі студенттердің тұлғалық өзіндік сапаның өзіндік бағасының сипаттамасы

Әдістеменің үшінші бағыты кәсіби негізде өзін анықтау мүмкіндігі ретінде педагогикалық қолдау жобасын бағалай алу деңгейіне бағытталған, бұл ретте қалыптастыру экспериментінен кейін студенттер бойынан біз ақпараттық орта құру арқылы жүргізілген курс, жобалау дағдыларын үйрету белгілі деңгейде педагогикалық демеу мүмкіндігін көрсеткенін байқадық, сандық шама екі есеге артқан. Қазіргі жағдайға қанағат етуші, дегенмен дамыту ортасы көптеген мүмкіндіктерді тудырды деген студенттер де бар. Ақпараттық ортаны жобалау курсын белгілі деңгейде болашақ кәсіби бағдарын жобалау алғышарты ретінде тағынан студенттер саны 30 % артқан. Ал курсқа белгісіз баға беріп, тұрақсыздық алғышарты деуші сыналушылар саны біршама кемігендігін көрдік. Осы әдістеменің сандық сипаттамасын (кесте 23, сурет 29) байқаймыз.

Кесте 23 – Экспериментке дейінгі және кейінгі студенттердің кәсіби негізде өзін анықтау мүмкіндігі ретінде педагогикалық қолдау жобасын бағалау нәтижелері

Педагогикалық қолдау жобасын бағалау деңгейлері	ЖОО студенттерінің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)			
	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Педагогикалық демеу мүмкіндігі ретінде	5	6	4	8
Өзіндік орны үшін жеткілікті	8	7	5	9
Өзіндік орнының алғышарты ретінде	28	27	31	53
Белгісіз баға, өзіндік орны алғышарты жоқ	41	40	40	20
Өзіндік орны бар деп қарауға тұрарлықсыз	18	20	20	10



Сурет 29 – Экспериментке дейінгі және кейінгі студенттердің кәсіби негізде өзін анықтау мүмкіндігі ретінде педагогикалық қолдау жобасын бағалау сипаттамасы

Мазмұндық-іс-әрекеттік компонент бойынша диагностикалық зерттеу нәтижелерін талдаудың екінші бағыты «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасы болды. Эксперимент жүргізілген соң авторлық сауалнаманы қайта жүргізіп көрген кезде, эксперименттік топтан көптеген өзгерістер анықтай алдық.

1. Ақпараттық технологияның қоғамдық даму үшін орнын сезіну, анықтау эксперименті кезінен жеткілікті деңгейдегі көрсеткішті көрсеткен 47%; эксперименттен кейін де 58 % пайызға артқан;

2. Өзіндік даму үшін ақпараттық технологияның рөлін сезіну деңгейі 46% анықтау кезеңінде, бақылау эксперименті кезінде 60% пайызға артқан;

3. Шығармашылық үшін ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін игеруге ұмтылысы анықтау деңгейінде 25 % көрсеткен, бақылау кезеңінде көптеген шығармашылық және күрделі, жағдаяттық тапсырмалар әсерінен бұл көрсеткіштің 50 % - ға артқанын бақыладық;

4. Ақпараттық технологияны игеруге қызығушылық көрсеткішінің деңгейі анықтау деңгейінде 47 % құраған, кейінгі бақылау кезеңінде 55 % жоғарылаған.

5. Ақпараттық технология жеке қажеттілігі орта деңгейде 47 % құраса, ал ақпараттық технологияны игерудегі сырттан көмектің қажеттілігі керісінше орташадан төмен көрсеткіш, 30 % құраған;

6. Ақпараттық іс-әрекет үдерісінде қалыптан тыс шешімдерді іздестіруге мүмкіндігі, ақпараттық мәдениеттің жеке деңгейі, ақпараттық іс-әрекеттің жағымсыз әсері мүмкіндіктерін сезіну, ақпараттық іс-әрекетті іске асыруда өзіндік презентация болуының мүмкіндігі, өзіне таныс емес жағдаятта ақпараттық технологияны қолдану жолдарын іздеуге даярлығы, жеке

ақпараттық іс-әрекет нәтитесін бағалау мүмкіндігі, желідегі қарым-қатынас барысында этикалық ұстанымдарды сақтау, желідегі қарым-қатынас барысында этикалық ұстанымдарды сақтау, ақпараттық технология мен дербес оқыту пәндері арасындағы білім бірлігін сезіну жалпы деңгейі анықтау кезеңінде орта есеппен 20-25 % құрады. Бақылау кезеңінде бұл көрсеткіштер біршама динамика көрсеткен. Сандық нәтиженің салыстырмалы сипаттамасын (сурет 30,31) көруге болады.



Сурет 30 – «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасы бойынша эксперименткедейінгі және кейінгі нәтижелерінің сипаттамасы



Сурет 31 – «Оқыту ортасын диагностикалау» авторлық сауалнамасы бойынша эксперименткедейінгі және кейінгі нәтижелерінің сипаттамасы

Берілген графикалық сипаттамадан көргеніміздей арнайы жүргізілген элективті курстан кейінгі нәтижеге сәйкес мазмұндық іс-әрекеттік компонент өлшемі ақпараттық білім ортасы және оны жобалау туралы білімі мен біліктерінің динамикасын бақыладық. Курс нәтижесінде студенттер бойынан тұрақты негізде, әдістемелік пәндерді оқытудағы ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жүйелі білімінің қалыптасу деңгейі динамикасын, ақпараттық білім ортасын жобалаудағы әдістемелік білігі қалыптасуының көрсеткіштерін, ақпараттық білім ортасында жұмыс жасау іскерлігі, белгілі деңгейде құндылықты бағдарды дамытуға әсерін, ақпараттық білім ортасын жобалаудағы білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және ақпараттық мәдениетте кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі артуы байқалды.

Үшінші бағалаушылық-рефлексиялық компонент бойынша диагностикалық зерттеу нәтижелері. Бұл компонентті тексеруде екі деңгейде де Н.Д. Дудникова бейімдеген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын анықтаудың сауалнама-тесті пайдаланылды.

Бақылау деңгейінде бақылау деңгейінде өзгеріс жоқ, ал эксперименттік топ білімалушыларында барлық педагогикалық іс-әрекеттер туралы: оқу, тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық аспектілері туралы ғылыми-кәсіби көзқарасы бар, Нақты педагогикалық жағдайларды талдап, танымдық әдістерді мейлінше кең қолдана алады. Сабақ барысында жоспар, тәрбиелік іс-шара бағдарламасын бейімдеуге, толықтыруға мүмкіндігі бар, оқытудағы инновациялық форма мен әдістер нақты жағдайға сәйкес мақсатқа қол жеткізуге тиімді нәтиже көрсетеді. Өзінің кәсіби әрекеттерінің нәтижесін болжай алады. Осы негізде бақылау деңгейінде келесідей нақты сандық көрсеткіштер алынған, оны (кесте 24, сурет 32) көруге болады:

Кесте 24 – Экспериментке дейінгі және кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын диагностикалау әдістемесі нәтижесі (Н.Д. Дудникова)

Рефлексия деңгейі	Экспериментке дейін				Эксперименттен кейін			
	Бақ.т		Экс. т		Бақ.т		Экс. т	
	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны
Төмен	**51,56**	**36**	**53,12**	**38**	**50,56**	**35**	**25,12**	**18**
Қалыпты	**43,75**	**28**	**45,31**	**32**	**44,75**	**29**	**56,32**	**40**
Жоғары	**4,69**	**3**	**1,56**	**2**	**4,69**	**3**	**18,56**	**13**



Сурет 32– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік рефлексиясын диагностикалау әдістемесінің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіші

Бағалаушылық-рефлексиялық компонент бойынша екінші диагностикалық әдісі О.С. Анисимовтың педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі екі деңгейде де пайдаланылды.

Берілген әдістеме бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижесі бойынша сыналушылардың рефлексивтілік деңгейі, өзіндік тұлғасына қатысты сын пікірі және ұжымдағы коммуникативтік қарым-қатынас деңгейлері анықталды. Зерттеу кезінде екі топқа да жеке сынақ жүргізіліп, нәтижелері бойынша эксперименталды топтың қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі жиынтық көрсеткіштеріне статистикалық талдау жасалды. «Рефлексивтілік» шкаласы бойынша пассивтік және белсенділіктен төмен көрсеткіштер 0 %-ды көрсетті. Ал «өзіндік тұлғасына қатысты сын пікірі» шкаласы бойынша пассивтік – 0 %, белсенділіктен төмен – 5 % болып шықты. «Ұжымдағы коммуникативтік қарым-қатынас» шкаласы бойынша пассивтік – 0 %, белсенділіктен төмен – 10 % болды. Сандық көрсеткіштер (кесте 25, сурет 33) арқылы сипатталған.

Кесте 25 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық рефлексиясының қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі бойынша нәтиже көрсеткіштері

Шкала деңгейі	Студенттердің жинақталған жауап көрсеткіштері (%)			
	Экспериметке дейін		Эксперименттен кейін	
	БТ (%) 68 студент	ЭТ(%) 72 студент	БТ (%) 68 студент	ЭТ (%) 72 студент
Пассивтік	10	7	9	0
Белсенділіктен төмен	40	47	41	10
Белсенділік	15	23	14	45
Белсенділіктен жоғары	15	13	16	25
Жасампаздық	20	10	20	20

Сурет 33– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық рефлексиясының қалыптасу деңгейін шкалалар бойынша экспериментке дейін - және эксперименттен кейінгі сипаттамасы

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті өлшемі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық білім ортасы арқылы кәсіби біртұтас дамудың болуынан көрінеді, ол ақпараттық білім ортасын жобалаудағы тиімді әдістемелерді таба алады және астарлы мағынаны ажыратады, ақпараттық дамуда өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді, ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша жаңа теория, идея құра алады және ұсынады. Негізгі болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының ақпараттық ортасын жобалауға даярлау компоненттерін дамыту деңгейлерінің ортақ сандық-статистикалық көрсеткішін ортақ кесте арқылы сипаттаймыз (кесте 26, сурет 34).

Кесте 26 – Бақылау деңгейінің компоненттер бойынша зерттеудің ортақ жиынтық көрсеткіштері

Деңгейлер	Компоненттер					
	Мотивациялық-мақсаттылық		Мазмұндық-іс-әрекеттік		Бағалаушылық-рефлексиялық	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
1 әдістеме	50%	70%	23%	56%	36%	45%
2 әдістеме	60%	71%	38%	65%	50%	74%



Сурет 34– Бақылау деңгейінің компоненттер бойынша зерттеудің ортақ жиынтық сипаттамасы

Жалпы жиынтық сипаттамадан көріп тұрғанымыздай бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында біршама өзгерістер бар, мотивациялық мақсаттылық компонент бойынша 15% дық өсім байқалады, мазмұндық іс-әрекеттік компонент бойынша 30% пайыз, яғни жалпы алғанда екі есе өсім болған, бағалаушылық-рефлексиялық компонент бойынша жалпы 11% пайызға өсімді байқадық, яғни бұл дегеніміз анықтау эксперименті мен бақылау эксперименті мәндік шамаларының арасында бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында өзгеріс бар, қалыптастыру эксперименті белгілі деңгейде нәтижелі болды деп айтуға болады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді растау мақсатында математикалық – статистикалық өңдеу жүргіземіз. Диагностикалау кезінде барлық әдістемелерде рангілік шама қолданған соң, біз өзгеріс шамасын көрсететін U – Манна – Уитни критериін қолдандық.

Зерттеудің анықтау деңгейі:

1. Статистикалық болжам құрамыз:

H_0 – ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік жоқ.

H_1 – ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік бар.

2. $U_{эмп}$ – эмпирикалық критерий шамасын есептейміз.

Кесте 27

№	Бақылау тобы талдамасы	Ранг 1	Эксперименталды топ талдамасы	Ранг 2
1	1	12	1	12
...	...	...	...	...
72		2516		2529

$U_{эмп}$ = 1245

3. Критерийдің критикалық шамасын табамыз.

$U_{кр}$ p≤0.01 =951

$U_{кр}$ p≤0.05 =1053

Алынған эмпирикалық шама $U_{эмп}$ = 1245 маңыздылық аймағына кірмейді. Осы негізде H_0 дәледенді ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік жоқ.

Зерттеудің бақылау деңгейі:

1. Статистикалық болжам құрамыз:

H_0 – ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік жоқ.

H_1 – ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік бар.

2. $U_{эмп}$ – эмпирикалық критерий шамасын есептейміз.

Кесте 28

№	Бақылау тобы талдамасы	Ранг 1	Эксперименталды топ талдамасы	Ранг 2
1	1	10	1	10
2	1	10	2	35
...	...	...	...	...
72		1850		3275

$U_{эмп}$ = 485

3. Критерийдің критикалық шамасын табамыз.

$U_{кр}$ p≤0.01 =951

$U_{кр}$ p≤0.05 =1053

Алынған эмпирикалық шама $U_{эмп}$ = 499 маңыздылық аймағына кіреді. Осы негізде H_1 дәледенді ақпараттық ортаны жобалау екі сынамалы топта өзгешелік бар, яғни қалыптасушы сапаның жағымды өсімі нақтыланды, зерттеу болжамы дәлелденгенін көреміз.

3.4 бөлім бойынша тұжырым

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау бойынша қалыптастыру деңгейі бойынша

тәжірибелік зерттеу жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6В01301 – Бастауыш білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» мамандығы, Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, жалпы зерттеуге – 140 студент қатысты.

Зерттеу үш деңгейден тұрды: анықтау, қалыптастыру, бақылау. Анықтау эксперименті болашақ педагогтерді ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша диагностика бақылау, сауалнама, тестілеу, бағалау, өзіндік бағалау және де өзге зерттеу әдістемелері арқылы жүргізілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау бойынша диагностикалаудың бағдарламасы үш компонент негізінде іске асты: мотивациялық-мақсаттылық компонент (ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ақпараттық ізденушілік пен танымдық қызығушылықтың дамуы; ЖОО-да ақпараттық білім ортасын жобалаудың ғылыми-ақпараттық маңызы мен педагогикалық қажеттілтің артуы); мазмұндық іс-әрекеттік компонент (әдістемелік пәндерді оқытудағы ақпараттық білім ортасын жобалаудағы жүйелі білім игеруі; ақпараттық білім ортасын жобалаудағы әдістемелік білік; ақпараттық білім ортасында жұмыс жасау іскерлік; ақпараттық білім ортасын жобалаудағы білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және ақпараттық мәдениетте кеңес берудегі шығармашылық белсенділік деңгейінің артуы); бағалаушылық-рефлексиялық компонент (ақпараттық білім ортасын жобалаудағы тиімді әдістемелерді таба алады және астарлы мағынаны ажыратады; ақпараттық дамуда өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді; ақпараттық білім ортасын жобалау бойынша жаңа теория, идея құра алады және ұсынады).

Жалпы тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың бастапқы кезінде компоненттерге сәйкес, бірінші компонент бойынша мотивациялық және мақсаттылық бағыт орта есеппен 50% құрады, ал жалпы мазмұндық және іс-әрекеттік бақыты төмен орта есеппен 42% пайызды көрсетті, ал бағалау мен рефлексия жасай алу көрсеткіштері орта есеппен 43% пайызды құрады.

Бұл сипаттамалар арқылы ЖОО ортасы болашақ педагог мамандарды ақпараттық орта құруға дағдыландыруды жеткіліксіз деңгейде ынталандыратыны байқалды, ал зерттеу барысы ақпараттық орта құру қажеттілігі бар екенін айқын көрсетті. Білім беру үдерісінің субъектілерінің өзара әрекеттестігінің негізге қызметтік ортасы болмағанымен, зерттеудің қалыптастыру деңгейінде «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсты енгізу ұсынылды. Элективті курсты ұйымдастыру кезінде болашақ бастауыш сынып педагогтері зерттеу мәселесі бойынша әдістер, әдістемелер, амалдар, жаңа технологиялармен танысады, тәжірибеде қолданып үйренеді.

Зерттеудің бақылау кезеңінің негізгі міндеті құрылымдық-мазмұндық модел тиімділігін тексеру және ғылыми болжамды растау. Біз бұл кезеңде де анықтау кезеңінің әдістемелік аппаратын пайдаландық. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді растау мақсатында математикалық– статистикалық өңдеу

жүргізуге, өзгеріс шамасын көрсететін U – Манна – Уитни критерийі қолданылды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер эксперименттелді топтағы өсу деңгейінің жоғарылағанын көрсетті: бірінші компонент бойынша мотивациялық және мақсаттылық бағыт орта есеппен 70% құрады, ал жалпы мазмұндық және іс-әрекеттік бақыты төмен орта есеппен 60% пайызды көрсетті, ал бағалау мен рефлексия жасай алу көрсеткіштері орта есеппен 55% пайызды құрады. Жалпы көрсеткіштер бойынша 25%-ға өскенін, ал бақылау тобының нәтижелері еш өзгеріссіз қалғанын көрсетті.

Алынған нәтижелер біздің тарапымыздан ұсынылып отырған әдістеменің болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқушылардың ақпараттық ортасын құру әдістемесін логикалық біртұтас жүйеде және кәсіби шеберлікке жетуге деген жоғары мотивацияда меңгергенін танытты. Зерттеу мақсатының ұстанған бағыты да осы болғандықтан, көзделген нәтижеге қол жеткізілді деп есептеуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау мәселесін зерттеу және оны заманауи өзекті педагогикалық-психологиялық, дидактикалық бағыттардың бірі ретінде тану болашақ маманды дайындау жүйесін жаңаландыру қажеттілігімен байланысты анықталады.

Ақпараттық білім беру кеңістігі, ақпараттық білім ортасы (АБО), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) жүйесінің дидактикалық потенциалы, қашықтан оқыту жүйесінің дидактикалық-нормативтік заңдылықтары, интернет ресурстарды дидактикалық бейімдеу, ақпараттық білім ортасы және оны жобалау – қазіргі заман педагогтерінің аса қажет етіп отырған, терең танылып-талдануы тиіс бағыттар.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау – қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістердің, даму үрдістерінің табысты нәтижеге жетуінің қажетті шарты. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындауға қазіргі өзекті бағыт тұрғысынан және келешектің өркен жаятын бағдарын ұстану тұрғысынан келу оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау дағдыларын игеруін танытады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға байланысты ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді танып-талдау процесінде бұл мәселеге қатысты көзқарастардың көпқырлы шоғыры анықталды. Зерттеулерге жүргізілген талдау барысы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды көп жағдайда тек қана АКТ-мен байланысты қарастырғанын көрсетті.

